

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ

**Қаржылық есептілік және
Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі**

2025 жылғы 31 желтоқсан

Мазмұны

Басшылықтың қаржылық есептілікті дайындау және бекіту үшін жауапкершілігі туралы мәлімдемесі

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

Қаржылық есептілік

| | |
|--|----|
| Пайда немесе залал және басқа да жиынтық кіріс туралы есеп | 8 |
| Қаржылық жағдай туралы есеп..... | 9 |
| Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп | 10 |
| Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп | 11 |

Қаржылық есептілікке ескертпелер

| | |
|---|----|
| 1 Банк пен оның қызметі туралы жалпы мәліметтер | 12 |
| 2 Банк өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта..... | 12 |
| 3 Қаржылық есептілікті дайындаудың негізі..... | 13 |
| 4 Пайыздық табыстар мен шығыстар..... | 15 |
| 5 Персоналға арналған шығыстар..... | 16 |
| 6 Өзге жалпы шаруашылық және әкімшілік шығыстар | 16 |
| 7 Табыс салығы бойынша шығыстар | 17 |
| 8 Ақша қаражаттары және олардың баламалары..... | 18 |
| 9 Басқа банктердегі қаражаттар | 19 |
| 10 Клиенттерге, берілген несиелер..... | 20 |
| 11 Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар | 36 |
| 12 Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері | 37 |
| 13 Алынған қарыздар | 37 |
| 14 Акционерлік капитал..... | 39 |
| 15 Тәуекелдерді басқару..... | 39 |
| 16 Капиталды басқару | 55 |
| 17 Шарттық міндеттемелер..... | 55 |
| 18 Байланысты тараптар арасындағы операциялар | 58 |
| 19 Қаржы активтері мен міндеттемелер: әділ құны және есептік жіктеу | 61 |
| 20 Есептік күннен кейінгі оқиғалар..... | 63 |

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ

Басшылықтың 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікті дайындау және бекіту үшін жауапкершілігі туралы мәлімдемесі

Төменде келтірілген мәлімдеме, ұсынылған тәуелсіз аудиторлардың есебінде қамтылған аудиторлардың міндеттерінің сипаттамасымен бірге қарастырылуға тиіс, «Шинхан Банк Қазақстан» АҚ-ның (бұдан әрі мәтін бойынша – «Банк») қаржылық есептілігіне қатысты аудиторлар мен Банк басшылығының жауапкершілігін ажырату мақсатында жасалған.

Банк басшылығы 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің қаржылық жағдайын барлық маңызды аспектілерде шынайы түрде көрсететін қаржылық есептілікті, сондай-ақ осы күнмен аяқталған жыл үшін оның қызметінің қаржылық нәтижелерін, ақша қаражаттарының қозғалысын және меншікті капиталындағы өзгерістерді ХҚЕС бухгалтерлік есепке алу стандарттарына (бұдан әрі – ХҚЕС) сәйкес дайындауға жауапты.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық келесі үшін жауапты болады:

- бухгалтерлік есепке алудың тиісті қағидаттарын таңдау және оларды дәйекті түрде қолдану;
- негізделген бағалаулар мен есептеулерді қолдану;
- ХҚЕС талаптарын сақтау немесе ХҚЕС-тен барлық маңызды ауытқуларды қаржылық есептілікке ескертпелерде ашып көрсету; және
- мұндай жорамал орынсыз болып табылатын жағдайларды қоспағанда, қаржылық есептілікті Банк таяу болашақта өз қызметін жалғастырады деген жорамал негізінде дайындау.

Басшылық сондай-ақ келесі үшін жауапты болады:

- Банкте тиімді және сенімді ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, енгізу және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- кез келген уақытта жеткілікті дәлдік дәрежесімен Банктің қаржылық жағдайы туралы ақпаратты дайындауға мүмкіндік беретін бухгалтерлік есепке алу жүйесін қолдау және қаржылық есептіліктің ХҚЕС талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есепке алуды жүргізу;
- өз құзыреті шегінде Банктің активтерінің сақталуын қамтамасыз ету бойынша барлық ақылға қонымды шараларды қабылдау;
- алаяқтық фактілерін және өзге де теріс пайдалануларды анықтау және болдырмау.

2026 жылғы 30 сәуір бекітті Банк басшылығы мақұлдады және шығаруға бекітті:

Чжо Ёнг Ын
Басқарма Төрағасы



Жаксыбаева Г.Ш.
Бас бухгалтер



Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Шинхан Банк Қазақстан» АҚ Акционеріне және Директорлар кеңесіне

Біздің пікір

Біздің пікірімізше, қаржылық есептілік «Шинхан Банк Қазақстан» АҚ (бұдан әрі – «Банк») 2025 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайы бойынша барлық маңызды қарым-қатынастардағы қаржылық жағдайын, сонымен қатар көрсетілген күнге аяқталған жылдағы қаржылық нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысын барлық маңызды жағынан ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес шынайы түрде көрсетеді.

Аудит мәні

Біз Банктің келесілерді қамтитын қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік:

- 2025 жылғы 31 желтоқсан күнмен аяқталған жылдағы пайда немесе залал және басқа жиынтық кіріс туралы есеп;
- 2025 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдай туралы есеп;
- көрсетілген күнмен аяқталған жылдағы ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп;
- көрсетілген күнмен аяқталған жылдағы меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп; және
- есеп саясаты туралы маңызды ақпарат және басқа да түсіндірме ақпаратын қоса алғанда, қаржылық есептілікке ескертпелер.

Пікір білдірудің негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сай жүргіздік. Біздің жауапкершілігіміз осы стандарттарға сәйкес әрі қарай біздің есептің «Аудитордың қаржылық есептіліктің аудитіне жауапкершілігі» бөлімінде көрсетілген.

Біз алған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін жеткілікті және лайықты негіз деп санаймыз.

Тәуелсіздік

Біз Қазақстан Республикасындағы қаржылық есептіліктің аудитіне қатысты Аудит қызметі туралы заңның этикалық талаптарына сәйкес және Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары кеңесі шығарған Кәсіби бухгалтерлердің қоғамдық мүдделі субъектілердің қаржылық есептілік аудитіне қолданылатын халықаралық әдеп кодексіне (Халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) (БХӘСК кодексі) Банкке қатысты тәуелсіз болып табыламыз. Біз сондай-ақ Қазақстан Республикасының этикалық талаптарына және БХӘСК кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттемелерімізді орындадық.

Басшылықтың және корпоративтік басқару үшін жауапты адамдардың қаржылық есептілікке жауапкершілігі

Басшылық осы қаржылық есепті ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес шынайы құруға және қамтамасыз етуге міндетті. Сонымен қатар, басшылық салғырт әрекеттер және қателіктер салдарынан бос қаржылық есепті дайындауға қажет ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

Қаржы есебін дайындау барысында, басшылық Банктің өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, қызметтің үздіксіздігіне қатысты тиісті ақпаратты жария етуге, қаржылық есептілік - жұмысты үздіксіз жалғастыру қабілеті негізіндегі қағидатты қолданумен дайындауға, басшылық Банкті тарату, оның қызметін тоқтату, қызметті тарату немесе тоқтатудан басқа балама жоқ кездерден басқасына жауапты.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар Банктің қаржы есептілігін дайындау үрдісін қадағалауға жауапты болып табылады.

Аудитордың қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілік салғырт әрекеттер немесе аудиторлық есеп шығару барысында қателіктер салдарынан бой көтеретін небір елеулі бұрмаланулардың жоқ екендігін растайтын орынды сенімділік алу болып табылады. Орынды сенімділік, сенімділіктің жоғары дәрежесі болып табылады, бірақ ХАС-ға сай жүргізілген аудит әрқашан елеулі бұрмалануды анықтайтынына кепілдік бермейді. Бұрмаланулар салғырт әрекеттер мен қателіктер салдарынан болуы мүмкін және егер олар жеке немесе жиынтығында пайдаланушылардың қаржы есептілігінің негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне әсер етеді деп орынды түрде күтілсе, маңызды деп есептеледі.

ХАС-ға сәйкес жүргізілген аудит аясында, біз кәсіби тұжырымдама қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сонымен қатар, біз келесі әрекеттерді орындаймыз:

- салғырт әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланулардың тәуекелін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге қатысты аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және бағалаймыз; біздің аудиторлық пікірімізді білдіруге жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдер аламыз. Салғырт әрекеттер салдарынан болатын елеулі бұрмаланулардың тәуекелі, қателер салдарынан болатын елеулі бұрмалануларға қарағанда жоғары, себебі салғырт әрекеттер келісім, жалғандық, әдейі қалдырып кету немесе ақпараттарды жалған көрсету немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту әрекеттерінен тұруы мүмкін;
- ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, жағдайларға сай келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу үшін, аудит тұрғысынан мәні бар, Банктің ішкі бақылау жүйесі жайлы түсінік аламыз;
- қолданыстағы есеп саясатының орындылығы мен есептік бағалаулардың негізділігін және басшылық дайындаған байланысты ақпаратты ашып көрсетулердің негізділігін бағалаймыз;
- басшылықпен үздіксіздік принципін қолдану заңдылығын қорытындылаймыз, ал жиналған аудиторлық дәлелдер негізінде – айтарлықтай күмәнді оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты Банктің өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне қатысты елеулі пайда болу мүмкіндігін тұжырымдаймыз. Егер біз айтарлықтай белгісіздік бар деген қорытындыға келетін болсақ, біз қаржы есептілігінде тиісті ақпаратты ашып, біздің есепте назар аударуымыз керек, немесе осындай ақпаратты ашу жеткіліксіз болса, біздің пікіріміз өзгертіледі. Біздің нәтижелер аудиторлық есепті шығару күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдемелерге негізделген. Алайда, болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Банктің үздіксіз жұмыс жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін;
- қаржылық есептіліктің тұтастай алғандағы ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын, ақпараттың ашылуын, және қаржылық есептіліктің негізіндегі операциялар мен оқиғалардың әділ ұсынылуын бағалаймыз.

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ
Пайда немесе залал және басқа да жиынтық кіріс туралы есеп

| Мың қазақстандық теңгемен | Ескерт- пе | 2025 ж. | 2024 ж.* |
|--|---------------|-------------------|-------------------|
| Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша есептелген пайыздық табыстар | 4 | 104,701,952 | 107,926,842 |
| Пайыздық шығыстар | 4 | (66,435,933) | (63,740,704) |
| Таза пайыздық табыс | | 38,266,019 | 44,186,138 |
| Күтілетін несиелік шығындарға бағалау резерві | | (168,700) | (249,707) |
| Күтілетін несиелік шығындарға резерв жасағаннан кейінгі таза пайыздық табыс | | 38,097,319 | 43,936,431 |
| Комиссиялық табыстар | | 187,664 | 184,705 |
| Комиссиялық шығыстар | | (277,413) | (177,826) |
| Таза комиссиялық (шығыс)/табыс | | (89,749) | 6,879 |
| Шетел валютасымен жасалатын операциялар бойынша шығыстарды шегергендегі табыстар | | 481,172 | 1,532,590 |
| Шетел валютасын қайта бағалаудан шығыстарды шегергендегі табыстар/шығыстар | | (90,266) | 48,738 |
| Өзге операциялық табыстар, нетто | | 78,931 | 338,961 |
| Таза операциялық табыстар | | 38,477,407 | 45,863,599 |
| Персоналға арналған шығыстар | 5 | (2,069,998) | (1,408,018) |
| Өзге жалпы шаруашылық және өкімшілік шығыстар | 6 | (1,258,111) | (991,040) |
| Табыс салығының шегеріміне дейінгі пайда | | 35,149,298 | 43,464,541 |
| Табыс салығы бойынша шығыстар | 7 | (14,517,142) | (7,757,293) |
| ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ПАЙДА | | 20,632,156 | 35,707,248 |
| Жыл ішіндегі табыс салығы шегерімінен кейінгі өзге жиынтық залал | | - | - |
| Жыл ішіндегі жиынтық табыстың барлығы | | 20,632,156 | 35,707,248 |
| Акцияға пайда | | | |
| Акцияға базалық және бытыранқы пайда (теңгемен) | 14 | 20,573.07 | 35,604.99 |

* Презентацияны жақсарту мақсатында 2024 жылғы баптар 2025 жылғы баптарға сәйкес келтірілді.

2026 жылғы 30 сәуір Банкі басшылығы мақұлдады және шығаруға бекітті:

Чжо Енг Ын
 Басқарма Төрағасы



Жаксыбаева Г.Ш.
 Бас бухгалтер

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ
Қаржылық жағдай туралы есеп

| <i>Мың қазақстандық теңгемен</i> | Ескерт- пе | 2025 ж. 31 желтоқсан | 2024 ж. 31 желтоқсан* |
|---|-----------------------|---------------------------------|----------------------------------|
| АКТИВТЕР | | | |
| Ақша қаражаттары және олардың баламалары | 8 | 532,780,361 | 529,876,309 |
| Басқа банктердегі қаражаттар | 9 | 4,973,086 | 184,913 |
| Клиенттерге, берілген несиелер | 10 | 123,570,869 | 77,950,286 |
| Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар | 11 | 50,650,637 | 53,123,428 |
| Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша активтер | | 213,661 | 800,796 |
| Өзге қаржылық активтер | | 25,077 | 486,529 |
| Өзге активтер | | 475,184 | 165,947 |
| Кейінге қалдырылған салық активі | | 74,020 | 43,975 |
| Негізгі құралдар | | 716,207 | 234,469 |
| Материалдық емес активтер | | 173,937 | 203,389 |
| Пайдалану құқығы нысанындағы активтер | | 449,507 | 108,803 |
| Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер | | 155,691 | 155,691 |
| АКТИВТЕР ЖИЫНЫ | | 714,258,237 | 663,334,535 |
| МІНДЕТТЕМЕЛЕР | | | |
| Банктердің шоттары мен депозиттері | | 880,564 | 506,316 |
| Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері - корпоративтік клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері | 12 | 587,922,708 | 557,696,950 |
| - жеке клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері | 12 | 8,814,574 | 8,688,736 |
| Алынған қарыздар | 13 | 13,116,938 | 14,058,073 |
| Өзге қаржылық міндеттемелер | | 753,432 | 304,247 |
| Өзге міндеттемелер | | 907,767 | 850,115 |
| МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ | | 612,395,983 | 582,104,437 |
| КАПИТАЛ | | | |
| Акционерлік капитал | 14 | 10,028,720 | 10,028,720 |
| Қосымша төленген капитал | | 144,196 | 144,196 |
| Резервтік капитал | | 279,516 | 279,516 |
| Белінбеген пайда | | 91,409,822 | 70,777,666 |
| КАПИТАЛ ЖИЫНЫ | | 101,862,254 | 81,230,098 |
| МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН КАПИТАЛ ЖИЫНЫ | | 714,258,237 | 663,334,535 |

* Презентацияны жақсарту мақсатында 2024 жылғы баптар 2025 жылғы баптарға сәйкес келтірілді.

2026 жылғы 30 сәуір Банк басшылығы мақұлдады және шығаруға бекітті:


 Чжо Ёнг Ын
 Басқарма Төрағасы




 Жаксыбаева Г.Ш.
 Бас бухгалтер

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ
Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп

| Мың қазақстандық теңгемен | 2025 ж. | 2024 ж.* |
|---|--------------------|--------------------|
| Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының қозғалысы | | |
| Алынған пайыздық табыстар | 104,402,832 | 106,679,595 |
| Төленген пайыздық шығыстар | (65,027,469) | (62,567,225) |
| Алынған комиссиялық табыстар | 189,279 | 185,474 |
| Төленген комиссиялық шығыстар | (274,870) | (172,054) |
| Шетел валютасымен жасалған операциялар бойынша таза түсімдер | 478,566 | 1,532,224 |
| Өзге операциялық (шығыстар)/түсімдер | (64,465) | 810,113 |
| Қызметкерлерге төлемдер | (2,017,527) | (1,417,111) |
| Төленген өзге де жалпы шаруашылық және өкімшілік шығыстар | (1,825,062) | (1,143,448) |
| Операциялық активтерді таза (арттыру)/азайту | | |
| Банктердегі шоттар мен депозиттер | (4,903,604) | (5,392) |
| Клиенттерге, берілген несиелер | (45,186,270) | (29,606,983) |
| Операциялық міндеттемелерді таза арттыру/(азайту) | | |
| Банктердегі шоттар мен депозиттер | 444,072 | 161,814 |
| Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері | 30,617,879 | 140,195,677 |
| Табыс салығын төлегенге дейін операциялық қызметтен алынған таза ақша ағындары | 16,833,361 | 154,652,684 |
| Төленген табыс салығы | (13,960,052) | (8,120,208) |
| Операциялық қызметтен алынған таза ақша ағындары | 2,873,309 | 146,532,476 |
| Инвестициялық қызметтен ақша ағындары | | |
| Негізгі құралдарды сатып алу | (519,536) | (20,671) |
| Материалдық емес активтерді сатып алу | (4,134) | (18,567) |
| Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздарды сатып алу | (43,518,840) | (47,547,869) |
| Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздарды өткізу | 45,596,886 | 83,629,877 |
| Инвестициялық қызметтен алынған таза ақша ағындары | 1,554,376 | 36,042,770 |
| Қаржылық қызметтен алынған ақша ағындары | | |
| Қарыздарды тарту | 35,098,700 | 45,743,227 |
| Қарыздарды өтеу | (36,184,690) | (39,117,473) |
| Жалға алу міндеттемелері бойынша төлемдер | (169,150) | (125,193) |
| Қаржылық қызметте (пайдаланылған)/алынған таза ақша ағындары | (1,255,140) | 6,500,561 |
| Ақша қаражаттары мен олардың баламаларының таза өзгеруі | 3,172,545 | 189,075,807 |
| Ақша қаражаттары және олардың баламаларына айырбас бағамдарының өзгерістерінің өсері | (247,716) | 4,835,606 |
| Ақша қаражаттары мен олардың баламалары бойынша күтілетін кредиттік шығындарға резерв | (20,777) | (14,853) |
| Жыл басындағы ақша қаражаттары және олардың баламалары | 529,876,309 | 335,979,749 |
| Жыл соңындағы ақша қаражаттары және олардың баламалары | 532,780,361 | 529,876,309 |

* Презентацияны жақсарту мақсатында 2024 жылғы баптар 2025 жылғы баптарға сәйкес келтірілді.

2026 жылғы 30 сәуір Банк басшылығы мақұлдады және шығаруға бекітті:


 Чжо Ёнг Ын
 Басқарма Төрағасы




 Жаксыбаева Г.Ш.
 Бас бухгалтер

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп

| Мың қазақстандық теңгемен | Акционерлік капитал | Қосымша төленген капитал | Резервтік капитал | Бөлінбеген пайда | Капитал жиыны |
|--|---------------------|--------------------------|-------------------|-------------------|-------------------|
| 2024 ж. 1 қаңтар | 10,028,720 | 144,196 | 279,516 | 35,070,418 | 45,522,850 |
| Жыл ішіндегі пайда | - | - | - | 35,707,248 | 35,707,248 |
| Өзге жиынтық табыстың барлығы | - | - | - | - | - |
| Жыл ішіндегі жиынтық табыстың барлығы | - | - | - | 35,707,248 | 35,707,248 |
| 2024 ж. 31 желтоқсан | 10,028,720 | 144,196 | 279,516 | 70,777,666 | 81,230,098 |
| Жыл ішіндегі пайда | - | - | - | 20,632,156 | 20,632,156 |
| Өзге жиынтық табыстың барлығы | - | - | - | - | - |
| Жыл ішіндегі жиынтық табыстың барлығы | - | - | - | 20,632,156 | 20,632,156 |
| 2025 ж. 31 желтоқсан | 10,028,720 | 144,196 | 279,516 | 91,409,822 | 101,862,254 |

2026 жылғы 30 сәуір Банк басшылығы мақұлдады және шығаруға бекітті:

Чжо Ёнг Ын
 Басқарма Төрағасы



Жаксыбаева Г.Ш.
 Бас бухгалтер

1 Банк пен оның қызметі туралы жалпы мәліметтер

Ұйымдастырылуы және негізгі қызметі

«Шинхан Банк Қазақстан» АҚ (бұдан әрі – «Банк») 2008 жылы Қазақстан Республикасында акционерлік қоғам ретінде құрылды. Банктің негізгі қызметі депозиттерді тарту және клиенттердің шоттарын жүргізу, кредиттер мен кепілдіктер беру, есеп айырысу-кассалық қызмет көрсету, бағалы қағаздармен және шетел валютасымен операциялар жүргізу болып табылады.

Банктің заңды тұлға ретіндегі ресми мәртебесі Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеумен белгіленген (Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік № 5037-1900-АҚ (ИУ)), банктік қызметті жүзеге асыру құқығын Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі (ҚҚА) белгілеген (2008 жылғы 28 қарашағы № 1.1.258 банктік және өзге де операцияларды жүзеге асыруға лицензия).

2015 жылғы қаңтарда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат беру жүйесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының күшіне енуіне байланысты «шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру бойынша» банктік операция түрінің атауы «шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру» болып өзгертілді, оған қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру да кіреді, Банктің лицензиясы қайта ресімделді (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 1.1.25 лицензиясы). 2017 жылғы қаңтарда заңды мекенжайының өзгеруіне байланысты Банктің лицензиясы қайта ресімделді (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2017 жылғы 27 қаңтардағы № 1.1.258 лицензиясы).

Банк «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорының» (ҚДКБҚ) депозиттерді міндетті кепілдендіру жүйесінің қатысушысы болып табылады. ҚДКБҚ-ның негізгі мақсаты қатысушы банк мәжбүрлі түрде таратылған жағдайда салымшылардың мүдделерін қорғау болып табылады.

Банктің заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қ., Достық даңғ., 38.

Банктің филиалдары жоқ. Активтері мен міндеттемелерінің басым бөлігі Қазақстан Республикасында орналасқан.

Банк толықтай «Shinhan Bank» АҚ-на (Сеул қ., Корея Республикасы) (бұдан әрі – «Бас банк» немесе «Акционер») тиесілі. Түпкілікті бас кәсіпорын Shinhan Financial Group Co. Ltd. болып табылады. Байланысты тараптармен операциялар туралы толығырақ ақпарат 18-ескертпеде ашып көрсетілген.

2 Банк өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта

Ресей мен Украина арасындағы соғыс

2022 жылғы 24 ақпанда Ресей Украинаға әскери басып кіруді бастады. Басып кіруге жауап ретінде АҚШ, Еуропалық одақ және бірқатар басқа мемлекеттер Ресейге қатысты кең ауқымды санкциялар енгізді, оның ішінде ресейлік банктерге SWIFT жүйесін пайдалануға тыйым салу бар. Ағымдағы саяси жағдайдың ұзақ мерзімді салдарын және оның экономикалық жағдайға әсерін болжап айту қиын, ал басшылықтың ағымдағы күтулері мен бағалаулары нақты нәтижелерден өзгеше болуы мүмкін. Ресей Қазақстанның ең ірі сауда серіктесі болып табылады. Сондай-ақ Қазақстан Каспий құбыр консорциумына (КҚК) айтарлықтай дәрежеде тәуелді, ол арқылы мұнай экспортының 80%-ға дейінгі бөлігі тасымалданады.

Украинадағы соғыс және Ресейге қарсы санкциялар шикізат тауарларының бағасына әсер етіп, теңге бағамының құбылмалылығын арттырды. 2025 жыл ішінде инфляция деңгейі салыстырмалы түрде тұрақты болып қалып, 2024 жылғы желтоқсандағы 8.6%-бен салыстырғанда 2025 жылғы желтоқсанда 12.3%-ға дейін өсті. 2025 жылы экономикалық өсім 6.4%-ды құрады, және сарапшылардың болжамы бойынша, 2026 жылы ұлттық экономиканың өсу қарқыны 6.2% деңгейінде сақталады.

Осы қаржылық есептіліктің күніндегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – «ҚРҰБ») ресми айырбас бағамы 2025 жылғы 31 желтоқсандағы 1 АҚШ доллары үшін 502.57 теңгемен салыстырғанда (2024 жылғы 31 желтоқсан: 1 АҚШ доллары үшін 525.11 теңге) 1 АҚШ доллары үшін 461.55 теңгені құрады.

2 Банк өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта (жалғасы)

2025 жылғы шілдеде Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі Қазақстанның шетел валютасындағы эмитенттің ұзақ мерзімді дефолт рейтингін (IDR) «BBB» деңгейінде тұрақты болжаммен растады. Fitch пікірінше, Қазақстанның «BBB» рейтингі мемлекеттің ірі таза шетелдік активтерімен (SNFA), шетел валютасындағы резервтерімен, мемлекеттік қарыздың төмен деңгейімен, алтын бағасының өсуімен және Теңіз мұнай кен орнын күтілген өндіріс көлемдерінен жоғары кеңейтумен қолдау табады. Алайда бұл факторларға шикізат экспортына жоғары тәуелділік, әлсіз макроэкономикалық саясат пен институционалдық басқару, сондай-ақ жоғары инфляция әсер етеді.

Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасының экономикасы дамушы нарықтарға тән кейбір сипаттамалық ерекшеліктерді көрсетуді жалғастыруда. Сонымен қатар, қаржы секторы елдегі саяси, заңнамалық, қаржылық және реттеушілік өзгерістердің әсеріне ұшырай береді. Теңгенің айырбас бағамына және шикізат тауарларының бағаларына қатысты белгісіздік сақталуда.

Экономикалық орта Банктің қызметіне және қаржылық жағдайына елеулі әсер етеді. Басшылық Банктің тұрақты қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қабылдауда. Алайда қалыптасқан экономикалық жағдайдың болашақтағы салдарын болжау қиын, және басшылықтың ағымдағы күтулері мен бағалаулары нақты нәтижелерден өзгеше болуы мүмкін. Қазақстан Республикасындағы болашақ экономикалық тұрақтылықтың перспективалары көбінесе үкімет қабылдайтын экономикалық шаралардың тиімділігіне, сондай-ақ Банктің бақылауынан тыс болатын құқықтық және саяси өзгерістерге байланысты.

3 Қаржылық есептілікті дайындаудың негізі

Қоса беріліп отырған қаржылық есептілік бухгалтерлік есептің ХҚЕС стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес бастапқы құны бойынша есепке алу қағидалары негізінде дайындалған.

Осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде қолданылған есеп саясаты туралы елеулі ақпарат тиісті ескертпелерде ұсынылған. Егер өзгеше көрсетілмесе, бұл қағидағар қаржылық есептілікте ұсынылған барлық кезеңдерге дәйекті түрде қолданылды.

Осы қаржылық есептіліктегі 2024 жылға қатысты бірқатар ашып көрсетулер презентацияны жақсарту мақсатында 2025 жылғы ашып көрсетулерге сәйкес келтірілді.

Функционалдық валюта және ұсыну валютасы

Банктің функционалдық валютасы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы болып табылатын қазақстандық теңге (бұдан әрі – «теңге») болып табылады, ол Банк жүзеге асыратын операциялардың көпшілігінің экономикалық мәнін және оның қызметіне әсер ететін байланысты жағдайларды неғұрлым дәл көрсетеді.

Қазақстандық теңге сондай-ақ осы қаржылық есептіліктің ұсыну валютасы болып табылады. Егер өзгеше көрсетілмесе, теңгемен ұсынылған барлық деректер бүтін мың теңгеге дейін дәлдікпен дөңгелектелген.

Осы қаржылық есептілік Банктің қарыз немесе меншікті капиталын ұсынатын негізгі пайдаланушыларға арналған. Осы қаржылық есептілікте негізгі пайдаланушылардың бизнес және экономикалық қызмет саласында жеткілікті білімі бар, сондай-ақ ұсынылған ақпаратты мұқият талдап, қарастырады деп болжанады. Кейбір жағдайларда тіпті жақсы хабардар және мұқият пайдаланушыларға осы қаржылық есептілікте көрсетілген күрделі экономикалық құбылыстар туралы ақпаратты түсіну үшін сарапшының көмегі қажет болуы мүмкін.

Осы қаржылық есептіліктің мақсаты – тек басшылық негізгі пайдаланушылар үшін маңызды деп санайтын ақпаратты ашып көрсету. Басшылық маңызды ақпаратты маңызды емес ақпаратпен араластыру арқылы осы қаржылық есептіліктің түсініктілігін төмендетпеуге тырысады. Сондықтан, қолданылатын есеп саясаты туралы тек маңызды ақпарат, бұл орынды болған жағдайда, осы қаржылық есептілікке ескертпелерде ашып көрсетіледі.

ҚЕХС сәйкес қаржылық есептілікті дайындау кейбір маңызды бухгалтерлік бағалауды қолдануды талап етеді.

3 Қаржылық есептілікті дайындаудың негізі (жалғасы)

Кәсіби пайымдауларды, есептік бағалауларды және жорамалдарды қолдану

ХҚЕС талаптарына сәйкес қаржылық есептілікті дайындау басшылықты есеп саясатын қолдануға және қаржылық есептілікте көрсетілген активтер мен міндеттемелердің, кірістер мен шығыстардың шамасына өсер ететін пайымдауларды, есептік бағалауларды және жорамалдарды жасауға міндеттейді. Нақты нәтижелер көрсетілген бағалаулардан өзгеше болуы мүмкін.

Бағалаулар және олардың негізінде жатқан жорамалдар тұрақты негізде қайта қаралады. Бағалаулардағы түзетулер тиісті бағалаулар қайта қаралған есепті кезеңде және олар қозғалатын кез келген кейінгі кезеңдерде танылады.

Маңызды белгісіз бағалауларға және есеп саясатының ережелерін қолдану кезіндегі сыни негізделген пайымдауларға қатысты ақпарат 10-ескертпеде – Клиенттерге, соның ішінде банктерге берілген несиелер бойынша кредиттік шығындарды бағалау бойынша ұсынылған.

Шетел валютасындағы операциялар

Шетел валютасындағы операциялар Банктің функционалдық валютасына операциялар жасалған күндерде қолданыста болған валюта бағамдары бойынша аударылады.

Есепті күнге арналған жағдай бойынша шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер функционалдық валютаға есепті күнге қолданыста болған валюта бағамы бойынша аударылады. Шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер бойынша пайда немесе залал тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша есептелген пайыздар мен кезең ішіндегі төлемдер сомасына түзетілген, кезең басындағы функционалдық валютадағы амортизацияланған құн арасындағы және есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша валюта бағамы бойынша функционалдық валютаға аударылған шетел валютасындағы амортизацияланған құн арасындағы айырманы білдіреді.

Шетел валютасына аудару нәтижесінде туындайтын бағамдық айырмалар пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Жаңа немесе қайта қаралған стандарттар мен түсіндірмелерді қолдану

Келесі жаңа стандарттар мен түзетулер 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді:

- ХҚЕС (IAS) 21 «Айырбастаудың шектеулі мүмкіндігі» стандартына түзетулер (2023 жылғы 15 тамызда шығарылған және 2025 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).

Жаңа есептік ережелер

2026 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін міндетті болып табылатын және Банк мерзімінен бұрын қабылдамаған бірқатар жаңа стандарттар мен түсіндірмелер жарияланды.

- Қаржы құралдарын жіктеу және бағалау талаптарына түзетулер — ХҚЕС (IFRS) 9 және ХҚЕС (IFRS) 7 стандарттарына түзетулер (2024 жылғы 30 мамырда шығарылған және 2026 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- ХҚЕС (IFRS) 18 «Қаржылық есептілікте ақпаратты ұсыну және ашып көрсету» (2024 жылғы 9 сәуірде шығарылған және 2027 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді). Қазіргі уақытта Банк жаңа стандарттың қаржылық есептілікке өсерін зерделеуде.
- ХҚЕС (IFRS) 10 және ХҚЕС (IAS) 28 стандарттарына түзетулер – «Инвестор мен оның қауымдастырылған ұйымы немесе бірлескен кәсіпорны арасындағы мәмілелердегі активтерді сату немесе өнгізу» (2014 жылғы 11 қыркүйекте шығарылған және ХҚЕС жөніндегі Кеңес айқындайтын күннен бастап басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарын жыл сайынғы жетілдірулер (2024 жылғы шілдеде шығарылған және 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді).

Егер жоғарыда өзгеше көрсетілмесе, жаңа стандарттар мен түсіндірмелер Банктің қаржылық есептілігіне елеулі өсер етеді деп күтілмейді.

4 Пайыздық табыстар мен шығыстар

| <i>Мың қазақстандық теңгемен</i> | 2025 ж. | 2024 ж. |
|--|---------------------|---------------------|
| Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша есептелген пайыздық табыстар | | |
| Ақша қаражаттары және олардың баламалары | 81,102,085 | 91,489,736 |
| Клиенттерге берілген несиелер | 16,430,928 | 10,901,335 |
| Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар | 5,308,720 | 5,528,583 |
| Басқа банктердегі қаражаттар | 1,552,294 | 7,188 |
| Банктерге берілген несиелер | 307,925 | - |
| Пайыздық табыс жиыны | 104,701,952 | 107,926,842 |
| Пайыздық шығыстар | | |
| Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері | (63,866,800) | (62,413,396) |
| Қарыздар бойынша сыйақылар | (2,519,609) | (1,299,173) |
| Жалға алу бойынша міндеттемелер | (49,524) | (28,135) |
| Пайыздық шығыс жиыны | (66,435,933) | (63,740,704) |
| Таза пайыздық табыс жиыны | 38,266,019 | 44,186,138 |

Барлық борыштық құралдар бойынша пайыздық табыстар мен шығыстар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, есептеу әдісі бойынша көрсетіледі. Мұндай есептеу пайыздық табыстар мен шығыстар құрамына шарт тараптары төлеген және алған барлық комиссиялар мен төлемдерді, тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын мәміле шығындарын, сондай-ақ барлық өзге де сыйлықақыларды немесе жеңілдіктерді қамтиды.

Тиімді пайыздық мөлшерлемеге жататын комиссияларға Банктің қаржылық активті қалыптастыруына немесе сатып алуына не қаржылық міндеттемені шығаруға байланысты алынған немесе төленген комиссиялар (мысалы, кепілдіктерді немесе қамтамасыз етуді бағалау немесе есепке алу үшін, құралды ұсыну шарттарын реттеу үшін және мәміле бойынша құжаттарды өңдеу үшін) жатады. Нарықтық мөлшерлемелер бойынша несиелер беру үшін Банктің алған міндеттеме бойынша комиссиялары, егер Банк нақты кредиттік келісімді жасасуы ықтимал болса және несиені бергеннен кейін қысқа мерзім ішінде оны сатуды жоспарламаса, тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылады.

Пайыздық кіріс келесіні қоспағанда, тиімді пайыздық мөлшерлемені қаржылық активтердің жалпы баланстық құнына қолдану арқылы есептеледі: (i) құнсызданған (3-саты) қаржылық активтер, олар бойынша пайыздық табыс олардың амортизацияланған құнына (күтілетін кредиттік шығындарға арналған резервті шегергенде) тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдану арқылы есептеледі; және (ii) бастапқыда құрылған немесе сатып алынған кредиттік- құнсызданған қаржылық активтер, олар үшін кредиттік тәуекелді ескере отырып түзетілген бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизацияланған құнға қолданылады.

Егер 3-сатыға жатқызылған қаржылық актив бойынша кредиттік тәуекел кейіннен соншалықты төмендесе, актив енді кредиттік-құнсызданған болып табылмайтын болса және мұндай төмендеу актив кредиттік-құнсызданған деп танылғаннан кейін орын алған оқиғамен объективті түрде байланысты болса (яғни актив сауыққан болса), онда ол 3-сатыдан қайта жіктеледі және пайыздық кіріс тиімді пайыздық мөлшерлемені жалпы баланстық құнға қолдану арқылы есептеледі. Бұрын актив 3-сатыға жатқызылғандықтан пайда немесе залал құрамында танылмаған, бірақ енді актив сауыққаннан кейін алынуы күтілетін қосымша пайыздық табыс құнсызданудың азаюы ретінде танылады.

5 Персоналға арналған шығыстар

Жалақыға жұмсалатын шығыстар, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына және әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдар, демалыс пен уақытша еңбекке жарамсыздық бойынша төлемдер, сыйақылар және монетарлық емес нысандағы жеңілдіктер Банк қызметкерлері тиісті қызметтерді көрсеткеніне қарай есептеледі. Банк зейнетақы немесе ұқсас төлемдерді төлеу бойынша қандай да бір құқықтық немесе қалыптасқан іскерлік тәжірибеден туындайтын міндеттемелерге ие емес.

Персоналды ұстауға арналған шығыстар бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына 113,098 мың теңге мөлшеріндегі аударымдарды қамтиды (2024 жыл: 89,811 мың теңге).

| <i>Мың қазақстандық теңгемен</i> | 2025 ж. | 2024 ж. |
|---|------------------|------------------|
| Қызметкерлердің сыйақысы | 1,833,037 | 1,267,688 |
| Жалақыдан салықтар мен аударымдар | 236,961 | 140,330 |
| Персоналға арналған шығыстар жиыны | 2,069,998 | 1,408,018 |

6 Өзге жалпы шаруашылық және әкімшілік шығыстар

| <i>Мың қазақстандық теңгемен</i> | 2025 ж. | 2024 ж. |
|--|------------------|----------------|
| Бағдарламалық жасақтаманы сүйемелдеу | 219,065 | 110,659 |
| Кәсіби көрсетілетін қызметтер | 184,324 | 219,694 |
| Тозу және амортизация | 179,398 | 145,016 |
| Салықтар алымдар және бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдер | 106,459 | 108,434 |
| Байланыс қызметтері және ақпараттық көрсетілетін қызметтер | 93,145 | 72,474 |
| Демеушілік және қайырымдылық көмекке арналған шығыстар | 53,654 | 9,938 |
| Пайдалану шығыстары | 51,950 | 32,834 |
| Операциялық жалға алу бойынша шығыстар | 38,268 | 30,184 |
| Процессингтік көрсетілетін қызметтер | 35,940 | 31,525 |
| Мүшелік жарналар | 34,676 | 17,270 |
| Өкілеттік шығыстар | 31,637 | 23,985 |
| Іссапар шығыстары | 29,857 | 20,351 |
| Жөндеу және техникалық қызмет көрсету | 24,157 | 20,662 |
| Көліктік шығыстар | 18,799 | 14,874 |
| Қауіпсіздік | 15,206 | 18,569 |
| Курьерлік көрсетілетін қызметтер | 10,108 | 6,339 |
| Сақтандыру бойынша шығыстар | 9,454 | 13,615 |
| Кеңсе керек-жарақтары | 5,478 | 5,824 |
| Жарнама және маркетинг | 5,368 | 1,749 |
| Негізгі құралдарды есептен шығару | 2,187 | 2,106 |
| Өзгесі | 108,981 | 84,938 |
| Өзге жалпы шаруашылық және әкімшілік шығыстар жиыны | 1,258,111 | 991,040 |

Кәсіби көрсетілетін қызметтер құрамына 63,000 мың теңге мөлшеріндегі аудиторлық қызметтер кіреді (2024 жыл: 11,750 мың теңге). 2025 жылы аудиторлық емес қызметтерді Банктің аудиторлары 2026 жылы 5,500 мың теңге мөлшерінде көрсетті (2024 жыл: 3,000 мың теңге).

7 Табыс салығы бойынша шығыстар

Банк ағымдағы кезеңге салық бойынша есептеулерді Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарына сәйкес жүргізілетін салықтық есепке алу деректері негізінде жасайды. 2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар ішінде табыс салығы бойынша шығыстар төменде ұсынылған.

| <i>Мың қазақстандық теңгемен</i> | 2025 ж. | 2024 ж. |
|---|---------------------|--------------------|
| Есептік кезең | (14,646,000) | (7,753,000) |
| Өткен кезеңді түзету | 98,813 | - |
| Уақытша айырмалардың пайда болуы және қалпына келуі нәтижесінде кейінге қалдырылған салықтардың өзгеруі | 30,045 | (4,293) |
| Табыс салығы бойынша шығыстар жиыны | (14,517,142) | (7,757,293) |

Қазақстан Республикасында табыс салығының мөлшерлемесі 2025 және 2024 жылдар ішінде 20% деңгейінде белгіленді.

2025 жылы Қазақстан Республикасының Салық кодексіне өзгерістер мен толықтырулар күшіне енді, олар салық заңнамасының жаңа нормаларын кезең-кезеңімен қолдануға бағытталған бірқатар өтпелі ережелерді көздейді. 2026 жылдан бастап Қазақстан Республикасының жаңа Салық кодексі енгізілді, ол салық базасын қалыптастыру тәртібіне, шегерімдер мен түзетулерді қолдануға, сондай-ақ салықтарды әкімшілендірудің жекелеген аспектілеріне өзгерістерді көздейді. Есепті күнге арналған жағдай бойынша Банк Қазақстан Республикасының жаңа Салық кодексінің ережелерін талдауды жүргізуде және оның қаржылық есептілікке ықтимал әсерін бағалауда.

Табыс салығы бойынша шығыстардың (КТС) ұлғаюының негізгі себебі өтпелі ережелер шеңберінде табыстың жекелеген түрлері бойынша 10% мөлшеріндегі қосымша КТС мөлшерлемесін қолдану болды, атап айтқанда, ҚРҰБ-да бір жылға дейінгі мерзімге орналастырылған салымдар (депозиттер) бойынша сыйақыларға және мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларға қатысты.

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанымен аяқталған жыл ішінде табыс салығы бойынша тиімді мөлшерлемені есептеу:

| <i>Мың қазақстандық теңгемен</i> | 2025 ж. | 2024 ж. |
|--|---------------------|--------------------|
| Табыс салығын шегеруге дейінгі пайда | 35,149,298 | 43,464,541 |
| Табыс салығы бойынша қолданыстағы смөлшерлемеге сәйкес есептелген табыс салығы | (7,029,860) | (8,692,908) |
| Бағалы қағаздармен операциялардан алынатын салық салынбайтын табыс | 1,061,744 | 1,105,717 |
| Салық мөлшерлемесіндегі өзгерістердің әсері 10% - ҚРҰБ-да орналастырылған салымдар | (8,110,151) | - |
| Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша сыйақының 10% салық мөлшерлемесіндегі өзгерістердің әсері | (520,460) | - |
| Өткен кезеңді түзету | 98,813 | - |
| Өзге шегерілмейтін шығыстар | (17,228) | (170,102) |
| Табыс салығы бойынша шығыстар жиыны | (14,517,142) | (7,757,293) |
| Табыс салығы бойынша тиімді мөлшерлеме | 41,3% | 17,8% |

Кейінге қалдырылған салық активтері

Қаржылық есептілікте көрсетілген активтер мен міндеттемелердің құны мен салық салынатын базаны есептеу мақсатында пайдаланылатын сомалар арасындағы туындайтын уақытша айырмалар 2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша кейінге қалдырылған салық активтерінің пайда болуына әкеледі. Салық заңнамасына сәйкес банктер үшін корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі, 20% мөлшерлеме бойынша салық салынатын кәсіпкерлік субъектілерін несиелендіруден алынатын кірістерді қоспағанда, 2026 жылға 25% мөлшерінде белгіленген. Есепті күндегі жағдай бойынша кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері уақытша айырмалар іске асырылатын кезеңде қолданылуы күтілетін мөлшерлеме ретінде, 25% мөлшерлемесін пайдалана отырып бағаланған.

7 Табыс салығы бойынша шығыстар (жалғасы)

2025 және 2024 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар ішіндегі уақытша айырмалардың шамасының өзгеруі келесідей ұсынылуы мүмкін:

| <i>Мың қазақстандық теңгемен</i> | 2025 ж. 1 қаңтарға қалдығы | Пайда немесе шығын құрамында көрсетілді | 2025 ж. 31 желтоқсанға қалдығы |
|----------------------------------|----------------------------------|--|--------------------------------------|
| 2025 ж. | | | |
| Негізгі құралдар мен МЕА | (20,276) | (106,133) | (126,409) |
| Өзге міндеттемелер | 64,251 | 136,178 | 200,429 |
| | 43,975 | 30,045 | 74,020 |

| <i>Мың қазақстандық теңгемен</i> | 2024 ж. 1 қаңтарға қалдығы | Пайда немесе шығын құрамында көрсетілді | 2024 ж. 31 желтоқсанға қалдығы |
|----------------------------------|----------------------------------|--|--------------------------------------|
| 2024 ж. | | | |
| Негізгі құралдар мен МЕА | (28,159) | 7,883 | (20,276) |
| Өзге міндеттемелер | 76,427 | (12,176) | 64,251 |
| | 48,268 | (4,293) | 43,975 |

8 Ақша қаражаттары және олардың баламалары

| <i>Мың қазақстандық теңгемен</i> | 2025 ж. 31 желтоқсан | 2024 ж. 31 желтоқсан |
|---|-------------------------|-------------------------|
| Кассадағы ақша қаражаттары | 379,471 | 474,805 |
| ҚРҰБ-дағы «Ностро» үлгісіндегі шоттар (ҚРҰБ шоттарындағы міндетті резервтерді қоса алғанда) | 23,737,217 | 2,005,555 |
| Өзге банктердегі «Ностро» үлгісіндегі шоттар: | | |
| - А- бастап А+ дейінгі кредиттік рейтингімен | 14,897,387 | 8,250,611 |
| - BBB- бастап BBB+ дейінгі кредиттік рейтингімен | 145,387 | 232,146 |
| - рейтингсіз | 23,190 | - |
| ҚРҰБ-дегі мерзімді депозиттер | 475,891,000 | 518,928,045 |
| Басқа банктердегі мерзімді депозиттер | - | - |
| - BB- бастап BB+ дейінгі кредиттік рейтингімен | 17,727,486 | - |
| Күтілетін кредиттік шығындарға резерв | (20,777) | (14,853) |
| Ақша қаражаттары мен олардың баламаларының жиыны | 532,780,361 | 529,876,309 |

Ақша қаражаттары және олардың баламаларына қолма-қол банкноттар мен монеталар, ҚРҰБ-дағы және басқа банктердегі бос қалдықтар («Ностро» үлгісіндегі шоттары), сондай-ақ бастапқы өтеу мерзімі 3 айдан аз, әділ құнының елеулі өзгеру тәуекеліне ұшырамайтын және Банк қысқа мерзімді міндеттемелерін реттеу үшін пайдаланатын жоғары өтімді қаржылық активтер кіреді. Ақша қаражаттары және олардың баламалары қаржылық жағдай туралы есепте амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі.

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанына жағдай бойынша күтілетін кредиттік шығындарды бағалау мақсатында ақша қаражаттары мен олардың баламаларының қалдықтары 1-сатыға енгізілген.

Кредиттік рейтингтер «Standard & Poor's» рейтингтік агенттігінің стандарттарына немесе басқа халықаралық рейтингтік агенттіктердің ұқсас стандарттарына сәйкес ұсынылған.

8 Ақша қаражаттары және олардың баламалары (жалғасы)

Ең төменгі резервтерге қойылатын талаптар

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанына жағдай бойынша, ҚРҰБ қаулысына сәйкес ең төменгі резервтік талаптар Банктің міндеттемелерінің әртүрлі топтарының белгілі бір үлестерінің жиырма сегіз күнтізбелік күн ішіндегі орташа мәні ретінде есептеледі. Банктің ҚРҰБ-дағы ұлттық валютадағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықтар, овернайт қарыздары, ҚРҰБ-ның қысқа мерзімді ноталары, туынды қаржы құралдары бойынша операциялар және басқа банктермен және халықаралық қаржы ұйымдарымен дилингтік операциялар бойынша талаптар түрінде) орташа ең төменгі талаптарға тең немесе одан жоғары деңгейде ұстап тұру арқылы орындауға міндетті. 2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанына жағдай бойынша ең төменгі резервтік сомасы тиісінше 23,338,340 мың теңгені және 2,393,207 мың теңгені құрайды. Ең төменгі резервтік талаптарды орындау үшін қалыптастырылған резервтік активтердің сомасы «Кассадағы ақша қаражаттары» және ҚРҰБ-дағы «Ностро» үлгісіндегі шот» баптарына енгізілген. 2025 жылы ҚРҰБ шоттарындағы міндетті резервтердің 2024 жылмен салыстырғанда ұлғаюы теңгедегі ең төменгі резервтік талаптар нормативтерінің 1.3%-дан 3.5%-ға дейін және валюталық міндеттемелер бойынша 2.5%-дан 10%-ға дейін ұлғаюымен, сондай-ақ міндеттемелер санаттары бойынша жіктеу логикасының өзгеруімен байланысты.

Ақша қаражаттары мен олардың баламаларының шоғырлануы

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің меншікті капиталының 10%-дан астамы тиесілі үш банк бар (2024 жылғы 31 желтоқсан: 1 банк). 2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанына қалдықтардың жиынтық көлемі тиісінше 530,012,509 мың теңгені және 520,933,600 мың теңгені құрайды.

9 Басқа банктердегі қаражаттар

| <i>Мың қазақстандық теңгемен</i> | 2025 ж. 31 желтоқсан | 2024 ж. 31 желтоқсан |
|---|---------------------------------|---------------------------------|
| Бастапқы өтеу мерзімі үш айдан асатын басқа банктердегі депозиттер | | |
| - рейтингсіз | 4,788,140 | - |
| Шектелген пайдалану құқығымен ақша қаражаттары | 185,000 | 185,000 |
| Күтілетін кредиттік шығындарға резерв | (54) | (87) |
| Басқа банктердегі қаражаттар жиыны | 4,973,086 | 184,913 |

Банктердегі шоттар мен депозиттер амортизацияланған құны бойынша бағаланады, себебі олар SPPI қамтитын шартта көзделген ақша ағындарын алуға бағытталған бизнес-модель шеңберінде басқарылады.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басқа банктердегі депозиттер шетелдік банк; Standard & Poor's рейтинг агенттігінің Қазақстан Республикасының егеменді рейтингінен төмен емес рейтинг немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар заңды тұлға шығарған кепілдіктер түрінде кепілге қойылады.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша күтілетін кредиттік шығындарды бағалау мақсатында пайдалануға шектеулі құқықтағы ақша қаражаттарының қалдықтары 1-сатыға, ал бастапқы өтеу мерзімі үш айдан асатын басқа банктердегі депозиттер 2-сатыға енгізілді. 2024 жылғы 31 желтоқсанда барлық басқа банктердегі қаражаттар 1-сатыға енгізілген.

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанына жағдай бойынша Банкте Банктің меншікті капиталының 10%-ынан асатын депозиттер болған жоқ.

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ
Қаржылық есептілікке ескертпелер

10 Клиенттерге, берілген несиелер

| <i>Мың қазақстандық теңгемен</i> | 2025 ж. 31 желтоқсан | 2024 ж. 31 желтоқсан |
|--|---------------------------------|---------------------------------|
| Заңды тұлғаларға және жеке кәсіпкерлерге (бұдан әрі – «ЖК») берілген несиелер: | | |
| - Қаржы ұйымдарына (оның ішінде банктерге) берілген несиелер | 95,487,427 | 53,361,046 |
| - Шағын және орта бизнеске (бұдан әрі – «ШОБ») берілген несиелер | 12,599,959 | 12,377,417 |
| Заңды тұлғаларға және ЖК берілген несиелер жиыны | 108,087,386 | 65,738,463 |
| Заңды тұлғаларға берілген несиелер бойынша күтілетін кредиттік шығындарға (бұдан әрі – «ККШ») резерв | (283,009) | (244,447) |
| ККШ резервін ескере отыра, заңды тұлғаларға берілген несиелер жиыны | 107,804,377 | 65,494,016 |
| Жеке клиенттерге берілген несиелер: | | |
| - Жеке несиелер | 15,861,487 | 12,516,588 |
| Жеке клиенттерге берілген несиелер жиыны | 15,861,487 | 12,516,588 |
| Жеке клиенттерге берілген ККШ резерві | (94,995) | (60,318) |
| ККШ резервін ескере отыра, жеке клиенттерге берілген несиелер жиыны | 15,766,492 | 12,456,270 |
| ККШ резервін шегергенде, клиенттерге берілген несиелер жиыны | 123,570,869 | 77,950,286 |

Клиенттерге берілген несиелер Банк клиенттерге ақша қаражаттарын ұсынған кезде есепке алынады. Бизнес-модельге және ақша ағындарының сипаттамаларына сүйене отырып, Банк клиенттерге берілген несиелер мен аванстарды амортизацияланған құны бойынша бағалау санатына жатқызады.

Күтілетін кредиттік шығындар бойынша бағалау резервтері болжамдық модельдер негізінде айқындалады. 15-ескертпеде күтілетін кредиттік шығындарды бағалау кезінде қолданылатын бастапқы деректер, жорамалдар және есептеу әдістері, сондай-ақ Банктің күтілетін кредиттік шығындар модельдеріне болжамдық ақпаратты енгізу тәсілі туралы түсіндірме келтірілген.

Амортизацияланған құн қаржылық құралдың бастапқы тану кезіндегі құнынан негізгі борыш бойынша төлемдерді шегеріп, бірақ өсірілген пайыздарды қосқанда, сондай-ақ күтілетін кредиттік шығындар бойынша кез келген бағалау резервін шегергендегі құнын білдіреді. Өсірілген пайыздарға бастапқы тану кезінде кейінге қалдырылған мәміле шығындарының амортизациясы, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып өтеу сомасынан кез келген сыйақы немесе дисконттың амортизациясы кіреді. Өсірілген пайыздық табыстар мен өсірілген пайыздық шығыстар, оның ішінде өсірілген купондық табыс және амортизацияланған дисконт немесе сыйақы (бар болған жағдайда, беру кезінде кейінге қалдырылған комиссияны қоса алғанда) бөлек көрсетілмейді, ал қаржылық жағдай туралы есептің тиісті баптарының баланстық құнына енгізіледі.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі – бұл әр кезеңде құралдың баланстық құнына тұрақты пайыздық мөлшерлемені (тиімді пайыздық мөлшерлемені) қамтамасыз ету мақсатында тиісті кезең ішінде пайыздық табыстарды немесе пайыздық шығыстарды тану әдісі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл қаржылық құралдың күтілетін қолданылу мерзімі ішінде немесе тиісті жағдайларда неғұрлым қысқа мерзім ішінде есептік болашақ ақша төлемдерін немесе түсімдерін (болашақ кредиттік шығындарды қоспағанда) қаржылық құралдың таза баланстық құнына дейін дәл дисконттайтын мөлшерлеме.

Мұндай сыйлықақылар немесе дисконттар құралдың күтілетін айналыс мерзімі бойы амортизацияланады. Келтірілген құнды есептеу шарт тараптары төлеген немесе алған, тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамаc бөлігі болып табылатын барлық төлемдер мен сыйақыларды қамтиды.

10 Клиенттерге, берілген несиелер (жалғасы)

Мәміле бойынша шығындар қаржылық активті сатып алуға тікелей байланысты қосымша шығындар болып табылады. Қосымша шығындар – егер мәміле жасалмаса, туындамайтын шығындар. Мәміле шығындарына кредиттік өтінімді қарау және қарыз беруді ұйымдастыру үшін алынатын комиссиялар кіреді.

Құнсыздану: күтілетін кредиттік шығындарға арналған бағалау резерві. Банк бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік сапаның өзгерістеріне негізделген құнсыздануды есепке алудың «үш кезеңді» моделін қолданады. Бастапқы тану кезінде құнсызданған болып табылмайтын қаржылық құрал 1-себетке жатқызылып жіктеледі. 1-себеттегі қаржылық активтер үшін күтілетін кредиттік шығындар келесі 12 ай ішінде немесе шартқа сәйкес өтеу күні 12 айдан бұрын болса, сол күнге дейін орын алуы мүмкін дефолттар нәтижесінде туындайтын бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік шығындардың бір бөлігіне тең сомада бағаланады («12 айлық күтілетін кредиттік шығындар»). Егер Банк бастапқы танудан кейін кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюын анықтаса, онда актив 2-себетке ауыстырылады және осы актив бойынша күтілетін кредиттік шығындар бүкіл мерзім үшін, яғни шартқа сәйкес өтеу күніне дейін, бірақ көзделген жағдайда күтілетін мерзімінен бұрын өтеуді ескере отырып бағаланады («бүкіл мерзім үшін күтілетін кредиттік шығындар»). Банктің кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюын анықтау тәртібі 20-ескертпеде келтірілген. Егер Банк қаржылық активтің құнсызданғанын анықтаса, онда актив 3-себетке ауыстырылады және ол бойынша күтілетін кредиттік шығындар бүкіл мерзім үшін күтілетін кредиттік шығындар ретінде бағаланады. Банктің құнсызданған активтерді және дефолтты анықтауына қатысты түсіндірмелер 15-ескертпеде келтірілген. Қарыз алушыға оның қаржылық жағдайының нашарлауына байланысты жеңілдік берілген жағдайда, егер бұл жеңілдік нәтижесінде шартта көзделген ақша ағындарын алмау тәуекелінің елеулі төмендегенін растайтын дәлелдер болмаса және құнсызданудың басқа белгілері болмаса, қарыз кредиттік құнсызданған деп есептеледі. Жеңілдік беру қарастырылған, бірақ берілмеген қаржылық активтер, егер кредиттердің құнсыздануының бақыланатын белгілері, оның ішінде дефолт анықтамасына сәйкес келетін белгілер бар болса, кредиттік құнсызданған деп танылады. Дефолтты анықтау төлем жасау ықтималдығының болмау белгілерін және төлем мерзімінің өтіп кетуін (90 күн және одан да көп мерзімге кешіктіру) қамтиды.

Қаржы активтерін есептен шығару

Қаржы активтерін Банк оларды өндіріп алудың барлық практикалық мүмкіндіктерін сарқып, мұндай активтерді өндіріп алу бойынша күтулердің негізсіз екендігі туралы қорытындыға келген кезде толық немесе ішінара есептен шығарады. Есептен шығару тануды тоқтатуды білдіреді. Егер Банк шарт бойынша берешек сомаларын өндіріп алуға әрекет жасаса да, оларды өндіріп алу бойынша негізді күтулері болмаса, Банк өндіріп алуға қатысты мәжбүрлеп шаралар әлі де жүргізіліп жатқан қаржылық активтерді де есептен шығара алады. Берешек қалдығын ішінара есептен шығару туралы шешім келесі жағдайларда қабылдануы мүмкін: 1) қарыз алушы берешектің жиынтық сомасының едәуір бөлігін (кемінде 90%) өтеуге келіседі және Банктің шағын кредиттік комитеті мақұлдаған сома қарыз алушының міндеттемелерін орындауы нәтижесінде шегінбелі және/немесе бітімгершілік келісім шеңберінде берешекті өтеу есебіне нақты түскен; 2) қарыз алушы – жеке тұлға қайтыс болған, кепілгерлер жоқ, кепіл ретінде кредит қаражаттарына сатып алынған жылжымайтын мүлік берілген, мұрагерлер кәмелетке толмаған балалар және/немесе зейнеткерлер болып табылады, берешектің бір бөлігі сақтандыру төлемдері/зейнетақы жинақтары/депозиттік шоттардағы қалдықтар есебінен өтелген.

Берешекті толық есептен шығару келесі жағдайларда жүзеге асырылуы мүмкін: 1) Қарыз алушымен келісім бойынша міндеттемені орындаудың орнына басқа нысанды ұсыну (ақша төлеу, мүлікті беру және т.б.); 2) қарсы біртекті талапты есепке жатқызу арқылы; 3) тараптардың бастапқы міндеттемені басқа міндеттемені ауыстыру туралы келісімі бойынша, онда өзге нысан немесе орындау тәсілі көзделеді; 4) Банктің ШҚК шешімімен Қарыз алушыға қарызды кешіру кезінде; 5) мемлекеттік органның актісі шығарылған кезде, соның салдарынан Қарыз алушының міндеттемелерді орындауы толық немесе ішінара мүмкін болмай қалғанда; 6) қарыз алушы-азамат қайтыс болған жағдайда, борышкердің мұрагерлеріне немесе мұраның сенімгерлік басқарушысына талап қою бойынша барлық мүмкін шаралар қабылданған жағдайда; 7) заңды тұлға таратылғанда немесе банкрот болғанда; 8) Банктің келісімімен борышты сату кезінде (талап ету құқығын беру); 9) барлық сот сатылары Қарыз алушыдан берешекті өндіріп алудан бас тартқан кезде:

- a) берешекті өндіріп алу туралы сот шешімін орындау мүмкін болмаған жағдайда, өндіріп алу бағытталуы мүмкін мүліктің болмауына байланысты немесе Қарыз алушының Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұруға кетуіне байланысты;
- b) кредит берілгенін растайтын құжаттардың түпнұсқалары (қарызды аудару туралы төлем тапсырмасы, шығыс кассалық ордер, кредиттік шарт) болмауына байланысты берешекті өндіріп алудың мүмкін еместігі және құқық белгілейтін құжаттардың түпнұсқаларының жоғалуына қатысты қызметтік тексеру жүргізілгеннен кейін Қарыз алушының берешекті өтеуден бас тартуы.

10 Клиенттерге, берілген несиелер (жалғасы)

Клиенттерге берілген несиелер сапасы

Заңды тұлғалар – қарыз алушылар бөлінісінде кредиттік тәуекел деңгейі Банктің өзі айқындайтын ішкі кредиттік рейтингтер негізінде, қарыз алушының қаржылық есептілігі мен қызметін жүргізілген талдау негізінде есептелетін қаржылық жағдайын мониторингтеу нәтижелеріне сүйене отырып, ішкі әдістемеге сәйкес бағаланады. Банктің кредиттік портфелінде ұсынылған рейтингтік топтар, сондай-ақ олардың сипаттамалары төмендегі кестеде келтірілген:

| Ішкі кредиттік рейтинг тобының санаттары | Анықтама |
|--|--|
| «А» | Кредиттік тәуекел деңгейі төмен және міндеттемелерді орындау қабілеті жоғары қаржы активтері. |
| «BBB» | Кредиттік тәуекелдің орташа деңгейі және міндеттемелерді орындауға жеткілікті қабілеті бар қаржы активтері. |
| «BB» | Кредиттік тәуекел деңгейі жоғары және қолайсыз жағдайларға осалдығы бар қаржы активтері. |
| «B» | Кредиттік тәуекел деңгейі жоғары және міндеттемелерді орындау қабілеті шектеулі қаржы активтері. |
| «CCC»/«C» | Кредиттік тәуекел деңгейі өте жоғары, дефолттың жоғары ықтималдығымен немесе дефолт жағдайымен сипатталатын қаржы активтері. |

Төмендегі кестелерде осы талдауда кредиттік тәуекелді бағалаудың репрезентативтілігі мен салыстырмалылығын қамтамасыз ету мақсатында белгілі бір уақыт деңгейінде жинақталған дефолт ықтималдығын көрсететін кумулятивтік дефолт ықтималдығы (CPD) пайдаланылды

Бұдан әрі кестеде 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы ұйымдарына берілген кредиттердің сапасы туралы ақпарат берілген:

| Мың қазақстандық теңгемен | 1-саты (12 айдағы ККШ) | PD - Орташа өлшенген 12М | 2-саты (кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюынан туындайтын бүкіл мерзім үшін ККШ) | PD - Орташа өлшенген lifetime | Жиыны |
|--|------------------------------|-----------------------------|--|-------------------------------------|-------------------|
| Қаржы ұйымдарын (соның ішінде банктерді) несиелендіру | | | | | |
| «А» | 90,689,489 | 1.33% | - | - | 90,689,489 |
| «BBB» | 83,864 | 1.58% | 4,405,804 | 0.38% | 4,489,668 |
| «BB» | 308,270 | 12.13% | - | - | 308,270 |
| Жалпы баланстық құны | 91,081,623 | | 4,405,804 | | 95,487,427 |
| Кредиттік шығындарға бағалау резерві | (3,983) | | - | | (3,983) |
| Баланстық құны | 91,077,640 | | 4,405,804 | | 95,483,444 |

10 Клиенттерге, берілген несиелер (жалғасы)

Бұдан әрі кестеде 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы ұйымдарына берілген кредиттердің сапасы туралы ақпарат берілген:

| <i>Мың қазақстандық теңгемен</i> | 1-саты (12 айдағы ККШ) | PD - Орташа өлшенген 12М | Жиыны |
|--|-----------------------------------|-------------------------------------|-------------------|
| Қаржы ұйымдарын (соның ішінде банктерді) несиелендіру | | | |
| «А» | 40,805,345 | 1.78% | 40,805,345 |
| «BBB» | 12,213,718 | 1.75% | 12,213,718 |
| «BB» | 341,983 | 13.06% | 341,983 |
| Жалпы баланстық құны | 53,361,046 | | 53,361,046 |
| Кредиттік шығындарға бағалау резерві | (406) | | (406) |
| Баланстық құны | 53,360,640 | | 53,360,640 |

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы ұйымдарын несиелендіру сегментінің кредиттік портфелі 2024 жылғы 31 желтоқсандағы деректермен салыстырғанда елеулі өсім көрсетті, 53,360,640 мың теңгеден 95,483,444 мың теңгеге дейін ұлғайды, бұл қаржы ұйымдарына берілген қарыздар көлемінің артуымен байланысты. Портфель құрылымы 1-сатыда жоғары шоғырланумен сипатталады, оның үлесі 2025 жылғы 31 желтоқсанда 95%-ды құрады (2024 жылғы 31 желтоқсан: 100%), бұл аталған сегмент бойынша кредиттік сапаның тұрақты сақталғанын және кредиттік тәуекел деңгейінің төмен екенін көрсетеді. Ішкі рейтингтер бойынша бөлініс «А» тобы рейтингтері бар контрагенттердің басымдығын көрсетеді, олардың үлесі 2025 жылғы 31 желтоқсанда сегмент бөлінісіндегі кредиттік портфельдің 95%-ын құрады (2024 жылғы 31 желтоқсан: 76%). Кредиттік шығындар бойынша бағалау резервінің көлемі контрагенттердің кредиттік тәуекел деңгейін ескере отырып қалыптастырылады және портфель құрылымы мен оның рейтингтік бөлінісіне сәйкес келеді. Сонымен қатар, осы сегмент бойынша кепілдік қамтамасыз ету негізінен шетелдік банк берген кепілдіктер түрінде ұсынылған; рейтингі Standard & Poor's рейтингтік агенттігінің Қазақстан Республикасының егемендік рейтингінен төмен емес немесе басқа рейтингтік агенттіктердің ұқсас деңгейдегі рейтингі бар заңды тұлға; сондай-ақ қолданылмаған кредиттік желілер бөлігін ескере отырып, қарыз алушылардың кредиттік бөрішесін 119%-дан астам деңгейде және қолданылатын дисконттау коэффициенттерімен жабатын.

Келесі кестеде 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ШОБ-қа берілген несиелердің сапасы туралы ақпарат ұсынылған:

| <i>Мың қазақстандық теңгемен</i> | 1-саты (12 айдағы ККШ) | PD - Орташа өлшенген 12М | 2-саты (кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюынан туындай- тын бүкіл мерзім үшін ККШ) | PD - Орташа өлшенген lifetime | 3-саты (кредиттік- құнсыз- данған активтер бойынша бүкіл мерзім үшін ККШ) | PD | Жиыны |
|--------------------------------------|-----------------------------------|---|--|--|--|-----------|-------------------|
| ШОБ несиелендіру | | | | | | | |
| «BBB» | 6,585,235 | 2.25% | 57,114 | 7.75% | - | - | 6,642,349 |
| «BB» | 3,435,627 | 11.50% | 473,639 | 23.22% | 361,718 | 100% | 4,270,984 |
| «B» | 40,042 | 12.13% | - | - | 419,491 | 100% | 459,533 |
| «ССС»/«С» | - | - | 101,686 | 39.24% | 1,125,407 | 100% | 1,227,093 |
| Жалпы баланстық құны | 10,060,904 | | 632,439 | | 1,906,616 | | 12,599,959 |
| Кредиттік шығындарға бағалау резерві | (2,142) | | - | | (276,884) | | (279,026) |
| Баланстық құны | 10,058,762 | | 632,439 | | 1,629,732 | | 12,320,933 |

10 Клиенттерге, берілген несиелер (жалғасы)

Келесі кестеде 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ШОБ-қа берілген несиелердің сапасы туралы ақпарат ұсынылған:

| <i>Мың қазақстандық теңгемен</i> | 1-саты (12 айдағы ККШ) | PD - Орташа өлшенген 12М | 2-саты (кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюынан туындай- тын бүкіл мерзім үшін ККШ) | PD - Орташа өлшенген lifetime | 3-саты (кредиттік- құнсыз- данған активтер бойынша бүкіл мерзім үшін ККШ) | PD | Жиыны |
|---|------------------------------|-----------------------------------|---|--|---|------|-------------------|
| ШОБ несиелендіру | | | | | | | |
| «BBB» | 5,168,403 | 3.26% | 85,328 | 10.63% | - | - | 5,253,731 |
| «BB» | 4,862,974 | 12.41% | 244,873 | 17.12% | 113,857 | 100% | 5,221,704 |
| «B» | 160,814 | 20.82% | 230,889 | 25.40% | 374,140 | 100% | 765,843 |
| «ССС»/«С» | - | - | 151,868 | 47.34% | 984,271 | 100% | 1,136,139 |
| Жалпы баланстық құны | 10,192,191 | | 712,958 | | 1,472,268 | | 12,377,417 |
| Кредиттік шығындарға бағалау резерві | (3,026) | | - | | (241,015) | | (244,041) |
| Баланстық құны | 10,189,165 | | 712,958 | | 1,231,253 | | 12,133,376 |

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ШОБ сегментінің кредиттік портфелі 2024 жылғы 31 желтоқсандағы деректермен салыстырғанда 1.76%-ға қалыпты өсім көрсетті, бұл «BBB» рейтингтік тобына жататын қарыз алушыларды кредиттеу көлемінің ұлғаюымен байланысты.

Портфель құрылымы негізінен 1-сатыда шоғырланған күйінде қалып отыр, оның үлесі 2025 жылғы 31 желтоқсанда 80%-ды құрады (2024 жылғы 31 желтоқсан: 82%), бұл ШОБ сегменті бөлінісінде кредиттік портфельдің тұрақты кредиттік сапа деңгейінің сақталғанын көрсетеді. Сегмент бөлінісінде 1-саты бойынша дефолт ықтималдығының (PD) орташа өлшенген көрсеткіштері 2024 жылғы 31 желтоқсандағы деректермен салыстырғанда кредиттік портфельде ұсынылған барлық рейтингтік топтар бойынша («BBB» 1.01%-ға, «BB» 0.91%-ға, «B» 8.69%-ға) төмендегенін көрсетеді, бұл қарыз алушылардың кредиттік сапасының жақсарғанын және кредиттік тәуекелдің төмендегенін білдіреді.

2-сатыда дефолт ықтималдығының (PD) орташа өлшенген көрсеткіштері сегмент бөлінісінде 2024 жылғы 31 желтоқсандағы деректермен салыстырғанда «BBB» (2.89%-ға) және «ССС»/«С» (8.10%-ға) рейтингтік топтары бойынша төмендегенін көрсетеді, бұл да қарыз алушылардың кредиттік сапасының жақсарғанын және кредиттік тәуекелдің төмендегенін білдіреді. Сонымен қатар, 2024 жылғы 31 желтоқсандағы деректермен салыстырғанда 3-сатыға жіктелген қаржылық активтердің көлемі 3.24%-ға артқаны байқалады, бұл құнсыздану белгілері бар жекелеген қарыз алушылардың бар екенін көрсетеді және портфельдің осы бөлігінде кредиттік тәуекелдің өскенін білдіреді. Кредиттік шығындар бойынша бағалау резервінің көлемі кредиттік портфельдің қамтамасыз етілу деңгейін ескере отырып қалыптастырылған. ШОБ сегментінің кредиттері кепіл мүлікпен қамтамасыз етілген, ол пайдаланылмаған кредиттік желілер бөлігін және қолданылатын дисконттау коэффициенттерін ескере отырып, қарыз алушылардың кредиттік берешегін 184%-дан астам деңгейде жабады. Сондай-ақ Банк қамтамасыз етуді (жылжымайтын мүлікті) бағалауда консервативті тәсілді қолданатынын атап өткен жөн: кредиттік тәуекелді басқару мақсатында жылжымайтын мүлік үшін 0.5-0.6 деңгейіндегі өтімділік коэффициенттері пайдаланылады, ал бағалау резервін есептеу кезінде реттеуші талаптарына сәйкес 0.7 деңгейіндегі неғұрлым жоғары жабу коэффициенті қолданылады, бұл, соның ішінде, күтілетін кредиттік шығындар деңгейін түсіндіреді.

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ
Қаржылық есептілікке ескертпелер

10 Клиенттерге, берілген несиелер (жалғасы)

Келесі кестеде 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бөлшек несиелердің сапасы туралы ақпарат ұсынылған:

| <i>Мың Қазақстандық теңгемен</i> | 1-саты (12 айдағы ККШ) | PD - Орташа өлшенген 12М | 2-саты (кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюынан туындай- тын бүкіл мерзім үшін ККШ) | PD - Орташа өлшенген lifetime | 3-саты (кредиттік- құнсыз- данған активтер бойынша бүкіл мерзім үшін ККШ) | PD | Жиыны |
|--|------------------------------|-----------------------------------|---|--|---|------|-------------------|
| LGD бойынша мерзімі өтпеген бөлшек несиелер портфелі | | | | | | | |
| 0% - 10% | 11,585,631 | 4.23% | 2,055,184 | 79.21% | 359,030 | 100% | 13,999,845 |
| 11% - 20% | 1,042,663 | 1.67% | 68,428 | 94.13% | - | - | 1,111,091 |
| 21% - 30% | 5,467 | 3.62% | - | - | - | - | 5,467 |
| 31% - 40% | 32,510 | 1.92% | - | - | - | - | 32,510 |
| 41% және одан астам | 86,770 | 1.98% | - | - | 22,727 | 100% | 109,497 |
| Мерзімі өтпеген бөлшек несиелердің жалпы баланстық құны | 12,753,041 | | 2,123,612 | | 381,757 | | 15,258,410 |
| Кредиттік шығындарға бағалау резерві | (7,806) | | (9,794) | | (25,094) | | (42,694) |
| Мерзімі өтпеген бөлшек несиелердің баланстық құны | 12,745,235 | | 2,113,818 | | 356,663 | | 15,215,716 |
| Мерзімі өткен күндер бойынша мерзімі өткен бөлшек несиелер портфелі | | | | | | | |
| 1-30 күн | 161,249 | 2.61% | 97,056 | 90.88% | 238,951 | 100% | 497,256 |
| 31-60 күн | - | - | 16,881 | 95.09% | - | - | 16,881 |
| 61-90 күн | - | - | 28,908 | 52.86% | 15,107 | 100% | 44,015 |
| 90 күннен астам | - | - | - | - | 44,925 | 100% | 44,925 |
| Мерзімі өткен бөлшек несиелердің жалпы баланстық құны | 161,249 | | 142,845 | | 298,983 | | 603,077 |
| Кредиттік шығындарға бағалау резерві | (62) | | (751) | | (51,488) | | (52,301) |
| Мерзімі өткен бөлшек несиелердің баланстық құны | 161,187 | | 142,094 | | 247,495 | | 550,776 |
| Кредиттік шығындарға бағалау резервінің жиыны | (7,868) | | (10,545) | | (76,582) | | (94,995) |
| Бөлшек несиелердің баланстық құны | 12,906,422 | | 2,255,912 | | 604,158 | | 15,766,492 |

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ
Қаржылық есептілікке ескертпелер

10 Клиенттерге, берілген несиелер (жалғасы)

Келесі кестеде 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бөлшек несиелердің сапасы туралы ақпарат ұсынылған:

| <i>Мың қазақстандық теңгемен</i> | 1-саты (12 айдағы ККШ) | PD - Орташа өлшенген 12М | 2-саты (кредиттік тәуекелдің өлеулі ұлғаюынан туындай- тын бүкіл мерзім үшін ККШ) | PD - Орташа өлшенген lifetime | 3-саты (кредиттік- құнсыз- данған активтер бойынша бүкіл мерзім үшін ККШ) | PD | Жиыны |
|--|---------------------------------------|---|--|--|--|-----------|-------------------|
| LGD бойынша мерзімі өтпеген бөлшек несиелер портфелі | | | | | | | |
| 0% - 10% | 9,781,954 | 3.86% | 1,492,936 | 81.63% | 349,868 | 100% | 11,624,758 |
| 11% - 20% | 604,667 | 2.57% | 101,702 | 72.00% | - | - | 706,369 |
| 41% және одан астам | 12,006 | 0.99% | - | - | - | - | 12,006 |
| Мерзімі өтпеген бөлшек несиелердің жалпы баланстық құны | 10,398,627 | | 1,594,638 | | 349,868 | | 12,343,133 |
| Кредиттік шығындарға бағалау резерві | (6,170) | | (7,763) | | (413) | | (14,346) |
| Мерзімі өтпеген бөлшек несиелердің баланстық құны | 10,392,457 | | 1,586,875 | | 349,455 | | 12,328,787 |
| Мерзімі өткен күндер бойынша мерзімі өткен бөлшек несиелер портфелі | | | | | | | |
| 1-30 күн | 82,452 | 4.50% | - | - | - | - | 82,452 |
| 31-60 күн | - | - | 15,140 | 78.23% | - | - | 15,140 |
| 90 күннен астам | - | - | - | - | 75,863 | 100% | 75,863 |
| Мерзімі өткен бөлшек несиелердің жалпы баланстық құны | 82,452 | | 15,140 | | 75,863 | | 173,455 |
| Кредиттік шығындарға бағалау резерві | (59) | | (52) | | (45,861) | | (45,972) |
| Мерзімі өткен бөлшек несиелердің баланстық құны | 82,393 | | 15,088 | | 30,002 | | 127,483 |
| Кредиттік шығындарға бағалау резервінің жиыны | (6,229) | | (7,815) | | (46,274) | | (60,318) |
| Бөлшек несиелердің баланстық құны | 10,474,850 | | 1,601,963 | | 379,457 | | 12,456,270 |

10 Клиенттерге, берілген несиелер (жалғасы)

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің мерзімі өтпеген бөлшек портфелі жоғары деңгейдегі қамтамасыз етілуімен сипатталады, бұл дефолт кезіндегі шығын үлесі (LGD) санаттары бойынша бөліністе көрініс табады. Портфельдің негізгі бөлігі шығындардың ең төмен деңгейі бар санатта (LGD 0-10%) шоғырланған, оған сегмент бойынша кредиттік портфель берешегінің 92%-ы тиесілі (2024 жылғы 31 желтоқсан: 94%), бұл қамтамасыз етудің жоғары сапасын және күтілетін кредиттік шығындардың төмен деңгейін көрсетеді.

Құнсыздану кезеңдері бойынша портфель құрылымы 1-кезеңдегі активтердің басымдығын көрсетеді, олардың үлесі 2025 жылғы 31 желтоқсанда 84%-ды құрады (2024 жылғы 31 желтоқсан: 84%), бұл ретте 2-сатыда активтердің көлемі шектеулі, олардың үлесі 2025 жылғы 31 желтоқсанда 14%-ды құрады (2024 жылғы 31 желтоқсан: 13%). 3-сатыға жіктелген активтер елеусіз мөлшерде ұсынылған және қарыз алушы дефолты жағдайындағы шығын үлесінің салыстырмалы түрде төмен деңгейімен (LGD 0-10%) сипатталады, олардың үлесі 2025 жылғы 31 желтоқсанда 3-кезеңнің 94%-ын құрады (2024 жылғы 31 желтоқсан: 100%), бұл ретте дефолт ықтималдығының (PD) ең жоғары мәні 100% деңгейінде. Сондай-ақ Банк қамтамасыз етуді (жылжымайтын мүлікті) бағалауда консервативті тәсілді қолданатынын атап өткен жөн: кредиттік тәуекелді басқару мақсатында жылжымайтын мүлік үшін 0.5-0.6 деңгейіндегі өтімділік коэффициенттері пайдаланылады, ал бағалау резервін есептеу кезінде реттеушінің талаптарына сәйкес 0.7 деңгейіндегі неғұрлым жоғары жабу коэффициенті қолданылады, бұл, соның ішінде, күтілетін кредиттік шығындар деңгейін түсіндіреді.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің мерзімі өткен бөлшек портфелі қысқа мерзімді кешіктіру сегментінде (1-30 күн) шоғырланумен сипатталады, оның үлесі 2025 жылғы 31 желтоқсанда 82%-ды құрады (2024 жылғы 31 желтоқсан: 48%), бұл төлем тәртібінің бұзылуы негізінен уақытша сипатқа ие екенін көрсетеді. Ұзағырақ мерзімге кешіктірілген берешек шектеулі көлемде ұсынылған, олардың үлесі 2025 жылғы 31 желтоқсанда 18%-ды құрады (2024 жылғы 31 желтоқсан: 52%). Кредиттік тәуекел кезеңдері бойынша бөлініс кешіктіру мерзімдеріне сәйкес келеді.

2-сатыға жатқызылған Банктің мерзімі өткен бөлшек портфелі бойынша дефолт ықтималдығының (PD) жоғары мәндері құралдың бүкіл өмір сүру мерзімі ішінде жинақталған дефолт ықтималдығын көрсететін lifetime PD (CPD) көрсеткішін қолданумен байланысты және қысқа мерзімді деңгейде кредиттік тәуекелдің салыстырмалы түрде жоғары деңгейін білдірмейді. Мерзімі өткен берешек санаттары бойынша дефолт ықтималдығының (PD) орташа өлшенген көрсеткіштері кешіктіру күндерінің санының артуымен қатаң өсетін тәуелділікті көрсетпейді. Бұл динамика дефолт ықтималдығының кредиттеу мерзімін, қарыз алушылардың скорингтік сипаттамаларын, құнсыздану белгілерін, өтеу кестелерін және мерзімі өткен берешектің болуын қоса алғанда, кредиттік тәуекелдің жиынтық факторларын ескере отырып айқындалуымен түсіндіріледі.

Кредиттік шығындар бойынша бағалау резервінің көлемі кредиттік портфельдің қамтамасыз етілу деңгейін ескере отырып қалыптастырылған. Мерзімі өткен бөлшек сегменттің кредиттері көпіл мүлікпен қамтамасыз етілген, ол қолданылатын дисконттау коэффициенттерін ескере отырып, қарыз алушылардың кредиттік берешегін 131%-дан астам деңгейде жабады. Сондай-ақ Банк қамтамасыз етуді (жылжымайтын мүлікті) бағалауда консервативті тәсілді қолданатынын атап өткен жөн: кредиттік тәуекелді басқару мақсатында жылжымайтын мүлік үшін 0.5-0.6 деңгейіндегі өтімділік коэффициенттері пайдаланылады, ал бағалау резервін есептеу кезінде реттеушінің талаптарына сәйкес 0.7 деңгейіндегі неғұрлым жоғары жабу коэффициенті қолданылады, бұл, соның ішінде, күтілетін кредиттік шығындар деңгейін түсіндіреді.

10 Клиенттерге, берілген несиелер (жалғасы)

Клиенттерге берілген кредиттер бойынша күтілетін кредиттік шығындарға арналған жинақталған резервтердің қозғалысы төмендегідей ұсынылған:

| Мың қазақстандық теңгемен | Кредиттік шығындарға бағалау резерві | | | Жалпы баланстық құны | | |
|---|--------------------------------------|----------|----------------|----------------------|------------------|-------------------|
| | 1-саты | 2-саты | Жиыны | 1-саты | 2-саты | Жиыны |
| Қаржы ұйымдарын, соның ішінде банктерді несиелендіру | | | | | | |
| 2025 ж. 1 қаңтар | (406) | - | (406) | 53,361,046 | - | 53,361,046 |
| <i>Кезең ішіндегі кредиттік шығындар үшін бағалау резервіне аударымдарға әсер ететін өзгерістер:</i> | | | | | | |
| Аударым: | | | | | | |
| - барлық мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындарға (1-сатыдан 2-сатыға) | - | - | - | (4,715,662) | 4,715,662 | - |
| Жаңадан құрылған | (1,132) | - | (1,132) | 82,622,033 | - | 82,622,033 |
| Жаңадан құрылған, 2-сатыға өткен | - | - | - | - | 1,581,441 | 1,581,441 |
| Кезең ішінде тануды тоқтату | - | - | - | (40,185,794) | (1,891,299) | (42,077,093) |
| Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау моделінің болжамдарындағы өзгерістер | (2,445) | - | (2,445) | - | - | - |
| Кезең ішіндегі кредиттік шығындар үшін бағалау резервіне аударымдарға әсер ететін өзгерістер жиыны | (3,577) | - | (3,577) | 37,720,577 | 4,405,804 | 42,126,381 |
| 2025 ж. 31 желтоқсан | (3,983) | - | (3,983) | 91,081,623 | 4,405,804 | 95,487,427 |

| Мың қазақстандық теңгемен | Кредиттік шығындарға бағалау резерві | | | Жалпы баланстық құны | | |
|---|--------------------------------------|----------|--------------|----------------------|----------|-------------------|
| | 1-саты | 2-саты | 1-саты | 2-саты | 1-саты | 2-саты |
| Қаржы ұйымдарын, соның ішінде банктерді несиелендіру | | | | | | |
| 2024 ж. 1 қаңтар | (5,124) | - | (5,124) | 29,258,659 | - | 29,258,659 |
| <i>Кезең ішіндегі кредиттік шығындар үшін бағалау резервіне аударымдарға әсер ететін өзгерістер:</i> | | | | | | |
| Жаңадан құрылған немесе сатып алынған | - | - | - | 49,387,369 | - | 49,387,369 |
| Кезең ішінде тануды тоқтату | 761 | - | 761 | (25,284,982) | - | (25,284,982) |
| Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау моделінің болжамдарындағы өзгерістер | 3,957 | - | 3,957 | - | - | - |
| Кезең ішіндегі кредиттік шығындар үшін бағалау резервіне аударымдарға әсер ететін өзгерістер жиыны | 4,718 | - | 4,718 | 24,102,387 | - | 24,102,387 |
| 2024 ж. 31 желтоқсан | (406) | - | (406) | 53,361,046 | - | 53,361,046 |

Қаржы ұйымдарына берілген қарыздар бойынша қалыптастырылған провизиялардың төмен деңгейі S&P/Fitch/Moody's шкалалары бойынша кемінде «А» деңгейінен төмен емес халықаралық кредиттік рейтингтері бар шетелдік қаржы ұйымдары ұсынған кепілдіктер түріндегі қамтамасыз етудің болуымен байланысты. Көрсетілген кепілдіктердің мөлшері тиісті қарыздардың ағымдағы жалпы баланстық құнынан асып түседі.

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ
Қаржылық есептілікке ескертпелер

10 Клиенттерге, берілген несиелер (жалғасы)

| | Кредиттік шығындарға бағалау резерві | | | Жалпы баланстық құны | | | | |
|---|--------------------------------------|----------|------------------|----------------------|-------------------|-----------------|------------------|-------------------|
| | 1-саты | 2-саты | 3-саты | Жиыны | 1-саты | 2-саты | 3-саты | Жиыны |
| ШОБ несиелендіру | | | | | | | | |
| 2025 ж. 1 қаңтар | (3,026) | | (241,015) | (244,041) | 10,192,191 | 712,958 | 1,472,268 | 12,377,417 |
| <i>Кезең ішіндегі кредиттік шығындар үшін бағалау резервіне аударымдарға өсер ететін өзгерістер:</i> | | | | | | | | |
| Аударым: | | | | | | | | |
| - бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындарға (1-сатыдан 2-сатыға) | - | - | - | - | (112,181) | 112,181 | - | - |
| - бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындарға (3-сатыдан 2-сатыға) | - | - | - | - | - | 46,500 | (46,500) | - |
| - құнсызданған активтер (1-сатыдан 2-сатыға және 3-сатыға) | 2,166 | - | (12,877) | (10,711) | (603,456) | (132,413) | 735,869 | - |
| - 12 айлық күтілетін кредиттік шығындар (2-сатыдан және 3-сатыдан 1-сатыға) | - | - | - | - | 85,820 | (85,820) | - | - |
| Жаңадан құрылған немесе сатып алынған | (1,868) | - | - | (1,868) | 3,673,394 | - | - | 3,673,394 |
| Жаңадан құрылған, 2-сатыға өткен | - | - | - | - | - | 366,135 | - | 366,135 |
| Жаңадан құрылған, 3-сатыға өткен | - | - | (11,927) | (11,927) | - | - | 231,600 | 231,600 |
| Кезең ішінде тануды тоқтату | - | - | 308,393 | 308,393 | (3,174,864) | (387,102) | (486,621) | (4,048,587) |
| Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау моделінің болжамдарындағы өзгерістер | 586 | - | (319,458) | (318,872) | - | - | - | - |
| Кезең ішіндегі кредиттік шығындар үшін бағалау резервіне аударымдарға өсер ететін өзгерістер жиыны | 884 | - | (35,869) | (34,985) | (131,287) | (80,519) | 434,348 | 222,542 |
| 2025 ж. 31 желтоқсан | (2,142) | - | (276,884) | (279,026) | 10,060,904 | 632,439 | 1,906,616 | 12,599,959 |

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ
Қаржылық есептілікке ескертпелер

10 Клиенттерге, берілген несиелер (жалғасы)

| | Кредиттік шығындарға бағалау резерві | | | Жалпы баланстық құны | | | | |
|---|--------------------------------------|----------|------------------|----------------------|-------------------|----------------|------------------|-------------------|
| | 1-саты | 2-саты | 3-саты | Жиыны | 1-саты | 2-саты | 3-саты | Жиыны |
| Мың қазақстандық теңгемен | | | | | | | | |
| ШОБ несиелендіру 2024 ж. 1 қаңтар | (4,410) | | (276,124) | (280,534) | 7,108,617 | 295,635 | 1,935,722 | 9,339,974 |
| Кезең ішіндегі кредиттік шығындар үшін бағалау резервіне аударымдарға әсер ететін өзгерістер: | | | | | | | | |
| Аударым: | | | | | | | | |
| - бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындарға (1-сатыдан 2-сатыға) | 365 | - | - | 365 | (437,540) | 437,540 | - | - |
| - бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындарға (3-сатыдан 2-сатыға) | - | - | - | - | - | 83,895 | (83,895) | - |
| - құнсызданған активтер (1-сатыдан 2-сатыға және 3-сатыға) | 40 | - | (6,229) | (6,189) | (194,853) | - | 194,853 | - |
| - 12 айлық күтілетін кредиттік шығындар (2-сатыдан және 3-сатыдан 1-сатыға) | - | - | - | - | 358,414 | (5,146) | (353,268) | - |
| Жаңадан құрылған немесе сатып алынған | (2,989) | - | - | (2,989) | 6,143,412 | - | - | 6,143,412 |
| Жаңадан құрылған, 2-сатыға өткен | - | - | - | - | - | 308,590 | - | 308,590 |
| Жаңадан құрылған, 3-сатыға өткен | 2,365 | - | (1,252) | (1,252) | - | - | 275,075 | 275,075 |
| Кезең ішінде тануды тоқтату | | | 49,216 | 51,581 | (2,785,859) | (407,556) | (496,219) | (3,689,634) |
| Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау моделінің болжамдарындағы өзгерістер | 1,603 | - | (6,626) | (5,023) | - | - | - | - |
| Кезең ішіндегі кредиттік шығындар үшін бағалау резервіне аударымдарға әсер ететін өзгерістер жиыны | 1,384 | - | 35,109 | 36,493 | 3,083,574 | 417,323 | (463,454) | 3,037,443 |
| Кезең ішіндегі кредиттік шығындар үшін бағалау резервіне аударымдарға әсер етпейтін өзгерістер: | | | | | | | | |
| Есептен шығарулар | - | - | - | - | - | - | - | - |
| 2024 ж. 31 желтоқсан | (3,026) | | (241,015) | (244,041) | 10,192,191 | 712,958 | 1,472,268 | 12,377,417 |

10 Клиенттерге, берілген несиелер (жалғасы)

| | Кредиттік шығындарға бағалау резерві | | | | | | | |
|---|--------------------------------------|-----------------|-----------------|-----------------|-------------------|------------------|----------------|-------------------|
| | 1-саты | 2-саты | 3-саты | Жиыны | 1-саты | 2-саты | 3-саты | Жиыны |
| Мын қазақстандық теңгемен | | | | | | | | |
| Бөлшек несиелендіру | | | | | | | | |
| 2025 ж. 1 қаңтар | (6,229) | (7,815) | (46,274) | (60,318) | 10,481,079 | 1,609,778 | 425,731 | 12,516,588 |
| <i>Кезең ішіндегі кредиттік шығындар үшін бағалау резервіне аударымдарға өсер ететін өзгерістер:</i> | | | | | | | | |
| Аударым: | | | | | | | | |
| - бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындарға (1-сатыдан 2-сатыға) | 327 | (4,233) | - | (3,906) | (1,058,157) | 1,058,157 | - | - |
| - бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындарға (3-сатыдан 2-сатыға) | - | (380) | 413 | 33 | - | 104,191 | (104,191) | - |
| - құнсызданған активтер (1-сатыдан 2-сатыға және 3-сатыға) | 139 | 189 | (52,000) | (51,672) | (302,851) | (74,332) | 377,183 | - |
| - 12 айлық күтілетін кредиттік шығындар (2-сатыдан және 3-сатыдан 1-сатыға) | (317) | 1,170 | - | 853 | 314,885 | (215,864) | (99,021) | - |
| Жаңадан құрылған немесе сатып алынған | (1,347) | (102) | (1,855) | (1,347) | 5,819,932 | 40,908 | 174,216 | 5,819,932 |
| Жаңадан құрылған, 2-сатыға өткен | | | | (102) | | | | 40,908 |
| Жаңадан құрылған, 3-сатыға өткен | | | | (1,855) | | | | 174,216 |
| Кезең ішінде тануды тоқтату | 679 | 1,021 | - | 1,700 | (2,340,598) | (256,381) | (93,178) | (2,690,157) |
| Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау моделінің болжамдарындағы өзгерістер | (1,120) | (395) | 23,134 | 21,619 | - | - | - | - |
| Кезең ішіндегі кредиттік шығындар үшін бағалау резервіне аударымдарға өсер ететін өзгерістер жиыны | (1,639) | (2,730) | (30,308) | (34,677) | 2,433,211 | 656,679 | 255,009 | 3,344,899 |
| 2025 ж. 31 желтоқсан | (7,868) | (10,545) | (76,582) | (94,995) | 12,914,290 | 2,266,457 | 680,740 | 15,861,487 |

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ
Қаржылық есептілікке ескертпелер

10 Клиенттерге, берілген несиелер (жалғасы)

| Мың қазақстандық теңгемен | Кредиттік шығындарға бағалау резерві | | | Жалпы баланстық құны | | | | |
|---|--------------------------------------|----------------|-----------------|----------------------|-------------------|------------------|----------------|-------------------|
| | 1-саты | 2-саты | 3-саты | Жиыны | 1-саты | 2-саты | 3-саты | Жиыны |
| Бөлшек несиелендіру | | | | | | | | |
| 2024 ж. 1 қаңтар | (2,222) | (2,158) | (1,126) | (5,506) | 8,763,867 | 801,159 | 242,622 | 9,807,648 |
| <i>Кезең ішіндегі кредиттік шығындар үшін бағалау резервіне аударымдарға әсер ететін өзгерістер:</i> | | | | | | | | |
| Аударым: | | | | | | | | |
| - бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындарға (1-сатыдан 2-сатыға) | 198 | (4,178) | - | (3,980) | (1,032,897) | 1,032,897 | - | - |
| - бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындарға (3-сатыдан 2-сатыға) | - | (1,095) | 259 | (836) | - | 165,186 | (165,186) | - |
| - құнсызданған активтер (1-сатыдан 2-сатыға және 3-сатыға) | 7 | 826 | - | 833 | (76,187) | (294,683) | 370,870 | - |
| - 12 айлық күтілетін кредиттік шығындар (2-сатыдан және 3-сатыдан 1-сатыға) | (155) | 306 | 237 | 388 | 184,066 | (164,577) | (19,489) | - |
| Жаңадан құрылған немесе сатып алынған | (1,184) | (359) | (45,343) | (45,343) | 4,629,010 | 111,027 | 58,360 | 4,629,010 |
| Жаңадан құрылған, 2-сатыға өткен | | | 32 | 293 | (1,986,780) | (41,231) | (61,446) | 111,027 |
| Жаңадан құрылған, 3-сатыға өткен | 261 | | | | | | | 58,360 |
| Кезең ішінде тануды тоқтату | | | | | | | | (2,089,457) |
| Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау моделінің болжамдарындағы өзгерістер | (3,134) | (1,157) | (333) | (4,624) | - | - | - | - |
| Кезең ішіндегі кредиттік шығындар үшін бағалау резервіне аударымдарға әсер ететін өзгерістер жиыны | (4,007) | (5,657) | (45,148) | (54,812) | 1,717,212 | 808,619 | 183,109 | 2,708,940 |
| 2024 ж. 31 желтоқсан | (6,229) | (7,815) | (46,274) | (60,318) | 10,481,079 | 1,609,778 | 425,731 | 12,516,588 |

10 Клиенттерге, берілген несиелер (жалғасы)

Күтілетін кредиттік шығындарды бағалаулар

Берілген несиелер бойынша күтілетін кредиттік шығындарды есептеу болжамды ақша ағындарына макроэкономикалық параметрлердің өзгеруінің ықтимал бағалау әсерін, ұжымдық қарыздардың көшуін және кепілдік қамтамасыз ету деңгейін ескереді.

Кредиттік шығындар деңгейін өлшеу кезінде Банк өртүрлі экономикалық факторлардың болашақтағы қозғалысына және олардың бір-біріне қалай әсер ететініне қатысты жорамалдарға негізделген негізделген болжамдық ақпаратты пайдаланады.

Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау үшін қолданылатын негізгі бастапқы деректер мыналарды қамтиды:

- Дефолт ықтималдығы (PD) кредиттік шығындар деңгейін өлшеудегі негізгі бастапқы көрсеткіш болып табылады. Дефолт ықтималдығы — бұл белгілі бір уақыт деңгейіндегі бағалау, оның есептелуі тарихи деректерді, жорамалдарды және болашақ жағдайларға қатысты күтулерді қамтиды.

Корпоративтік, шағын және орта бизнеске берілген жеке қарыздар бойынша дефолт ықтималдығы қарыз алушының сандық және сапалық сипаттамалары негізінде ішкі рейтингтік модель арқылы бағаланады. Ұжымдық негізде бағаланатын берілген кредиттер бойынша дефолт ықтималдығын есептеу тарихи деректер негізінде көші-қон матрицаларын қолдану арқылы жүзеге асырылады.

- Дефолт жағдайындағы шығындар (LGD) дефолт болған кезде туындайтын шығындардың бағасын білдіреді. Ол шарт бойынша тиесілі ақша ағындары мен кредитор алуды күткен ақша ағындарының арасындағы айырмаға негізделеді, бұл ретте қамтамасыз етуден түсетін ақша ағындары ескеріледі.

Дефолт жағдайындағы шығындарды (LGD) ұжымдық негізде бағаланатын берілген кредиттер бойынша есептеу кепілдік қамтамасыз етуді іске асыру кезіндегі міндеттемелердің қайтарымдылығын бағалау негізінде, кепілді іске асыру мерзімдеріне сәйкес келетін дисконттау мерзімдерін қолдану арқылы жүзеге асырылады.

- Дефолт тәуекеліне ұшырайтын кредиттік талаптың шамасы (EAD) болашақтағы дефолт күніне тәуекелдің бағасын білдіреді және есепті күннен кейінгі тәуекелдің күтілетін өзгерістерін, оның ішінде негізгі борыш пен пайыздарды өтеуді, сондай-ақ мақұлданған кредиттік қаражаттарды күтілетін игеруді ескереді. Банктің осы көрсеткішті модельдеуге деген тәсілі өтеу мерзімі ішінде өтелмеген сомаға қатысты күтілетін өзгерістерді ескереді, олар ағымдағы шарттық талаптармен рұқсат етіледі, мысалы, амортизация бейіндері, мерзімінен бұрын өтеу немесе артық төлемдер, кредиттік міндеттемелер бойынша пайдаланылмаған сомаларды игерудегі өзгерістер және дефолтқа дейін тәуекелдерді төмендету үшін қабылданған шаралар. Дефолт тәуекеліне ұшырайтын кредиттік талаптарды бағалау үшін Банк тиісті портфельдердің сипаттамаларын көрсететін модельдерді қолданады.

Қаржылық есептілікте берілген кредиттер бойынша ККШ арналған резервтер қолданыстағы экономикалық және саяси жағдайлар негізінде айқындалды. Банк Қазақстан Республикасында қандай өзгерістер болатынын және бұл өзгерістердің болашақ кезеңдерде қаржылық активтер бойынша ККШ резервтерінің жеткіліктілігіне қандай әсер ететінін болжай алмайды.

10 Клиенттерге берілген несиелер (жалғасы)

Қамтамасыз етуді және кредит қабілеттілігін арттырудың басқа құралдарын талдау

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын құнсызданған қаржылық активтерге байланысты кредиттік тәуекелдің төмендеу дәрежесі қамтамасыз ету және кредит сапасын арттырудың басқа тетіктері арқылы бағаланады және келесілер бойынша қамтамасыз ету құнын жеке ашып көрсету арқылы ұсынылады: (i) кепілдік қамтамасыз етуі және кредит сапасын арттырудың өзге тетіктері активтің баланстық құнына тең немесе одан асатын активтер («артық қамтамасыз етілген активтер») және (ii) кепілдік қамтамасыз етуі және кредит сапасын арттырудың өзге тетіктері активтің баланстық құнынан төмен болатын активтер («жеткіліксіз қамтамасыз етілген активтер»). Төмендегі кестеде қамтамасыз етудің құнсызданған активтерге әсері көрсетілген.

| | Артық қамтамасыз етілген активтер | | | |
|--|-----------------------------------|---------------------|----------------------------|---------------------|
| | 2025 ж. | | 2024 ж. | |
| | Активтердің баланстық құны | Қамтамасыз ету құны | Активтердің баланстық құны | Қамтамасыз ету құны |
| <i>Мың қазақстандық теңгемен</i> | | | | |
| Құнсызданған активтер: | | | | |
| <i>Заңды тұлғаларға амортизацияланған құны бойынша бағаланатын кредиттер</i> | | | | |
| Қаржы ұйымдарын несиелендіру | - | - | - | - |
| ШОБ несиелендіру | 1,629,732 | 5,359,227 | 1,231,253 | 4,861,743 |
| <i>Жеке тұлғаларға амортизацияланған құны бойынша бағаланатын кредиттер</i> | | | | |
| Бөлшек несиелендіру | 604,158 | 2,132,716 | 379,457 | 1,385,569 |

Құнсызданған қарыздар бойынша қамтамасыз ету құны кепілдік қамтамасыз етудің нарықтық құны (тұрғын және коммерциялық жылжымайтын мүлік), сондай-ақ мемлекеттік ұйымдардың кепілдіктері ретінде айқындалады.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жеткіліксіз қамтамасыз етілген активтер жоқ.

Төменде 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша клиенттерге берілген қарыздар бойынша қамтамасыз етуге талдау келтірілген:

| | Қаржы ұйымдарын несиелендіру | ШОБ несиелендіру | Бөлшек несиелендіру | Жиыны |
|---|------------------------------|-------------------|---------------------|--------------------|
| <i>Мың қазақстандық теңгемен</i> | | | | |
| Банктердің кепілдіктері | | | | |
| - А-бастап А+ дейін кредиттік рейтингімен | 94,498,231 | 497,568 | - | 94,995,799 |
| Өзге кепілдіктер | - | 55,732 | - | 55,732 |
| Тұрғын жылжымайтын мүлік | 729,797 | 3,683,769 | 14,057,087 | 18,470,653 |
| Коммерциялық жылжымайтын мүлік | 255,416 | 8,083,864 | 1,462,105 | 9,801,385 |
| Ақша депозиттері | - | - | 247,300 | 247,300 |
| Жиыны | 95,483,444 | 12,320,933 | 15,766,492 | 123,570,869 |

* өзге кепілдіктер – мемлекеттік ұйымдардың кепілдіктері

10 Клиенттерге берілген несиелер (жалғасы)

Төменде 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша клиенттерге берілген қарыздар бойынша қамтамасыз етуге талдау келтірілген:

| <i>Мың қазақстандық теңгемен</i> | Қаржы ұйымдарын несиелен- діру | ШОБ несиелен- діру | Бөлшек несиелен- діру | Жиыны |
|----------------------------------|---|--------------------------|-----------------------------|-------------------|
| Банктердің кепілдігі | 52,488,050 | 479,158 | - | 52,967,208 |
| Өзге кепілдіктер | - | 133,550 | - | 133,550 |
| Тұрғын жылжымайтын мүлік | 633,042 | 3,504,987 | 11,353,574 | 15,491,603 |
| Коммерциялық жылжымайтын мүлік | 239,548 | 8,015,681 | 1,099,914 | 9,355,143 |
| Ақша депозиттері | - | - | 2,782 | 2,782 |
| Жиыны | 53,360,640 | 12,133,376 | 12,456,270 | 77,950,286 |

* өзге кепілдіктер – мемлекеттік ұйымдардың кепілдіктері

Клиенттерге берілген несиелер кепілді қамтамасыз ету түрлері бойынша қамтамасыз ету түрінің сапасы мен ең жоғары құнына қарай бөлінеді.

Бөлшек клиенттерге берілген несиелер

Бөлшек клиенттерге берілген несиелер негізінен тұрғын үймен қамтамасыз етіледі. Банк саясатына сәйкес, несие сомасы мен несие берілген күнгі кепіл құны арасындағы қатынас ең көбі 60% болуы керек.

Экономика салалары мен географиялық аймақтар бойынша кредиттік портфельді талдау

Несиелер негізінен Қазақстан Республикасының аумағында экономиканың мынадай салаларында қызмет жүргізетін клиенттерге берілді:

| <i>Мың қазақстандық теңгемен</i> | 2025 ж. 31 желтоқсан | 2024 ж. 31 желтоқсан |
|--|-------------------------|-------------------------|
| Қаржы және сақтандыру қызметі | 95,483,444 | 53,360,640 |
| - микроқаржы ұйымдары | 91,077,640 | 4,405,804 |
| - банктер | 4,405,804 | - |
| Бөлшек клиенттерге берілген несиелер | 15,766,492 | 12,456,270 |
| Жылжымайтын мүлікпен операциялар | 5,373,220 | 3,924,632 |
| Көтерме және бөлшек сауда | 1,240,908 | 1,456,796 |
| Білім | 1,237,246 | 1,627,754 |
| Өңдеу өнеркәсібі | 1,220,829 | 1,270,316 |
| Тұру және тамақтану қызметтері | 814,424 | 1,120,041 |
| Қызметтердің басқа түрлерін ұсыну | 506,134 | 613,922 |
| Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет | 504,250 | 54,280 |
| Құрылыс | 396,873 | 634,319 |
| Көлік және қоймалау | 248,922 | 407,192 |
| Өнер, ойын-сауық және демалыс | 237,260 | 287,173 |
| Ауыл шаруашылығы | 221,974 | 343,508 |
| Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет | 217,853 | 249,852 |
| Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер | 101,040 | 143,591 |
| Клиенттерге берілген несиелер жиыны | 123,570,869 | 77,950,286 |

Клиенттерге берген несиелердің шоғырлануы

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банкте несиелер бойынша қалдықтары Банктің капиталының 10%-ынан асатын екі қарыз алушы бар (2024 жылғы 31 желтоқсан: үш қарыз алушы). Көрсетілген қарыз алушылардың несиелері бойынша қалдықтардың жиынтық көлемі 2025 жылғы 31 желтоқсанда 90,686,525 мың теңгені құрайды (2024 жылғы 31 желтоқсан: 52,801,304 мың теңге).

10 Клиенттерге берілген несиелер (жалғасы)

Клиенттерге берілген несиелердің сезімталдығын талдау

2025 жылы Банк күйзеліс-сценарий параметрлерін өзгеріссіз сақтады, ол базалық мәндерге қатысты салыстырмалы түрде дефолт ықтималдығын (PD) +/- 10%-ға және дефолт жағдайындағы шығын үлесін (LGD) +/- 20%-ға арттыру және төмендету арқылы қаржылық активтердің кредиттік сапасының нашарлауын көздейді. Сезімталдық талдау есептеудің өзге параметрлері өзгеріссіз болған жағдайда барлық қаржылық активтер бойынша дефолт ықтималдығының (PD) және дефолт жағдайындағы шығын үлесінің (LGD) базалық мәндеріне мультипликативті шок қолдану арқылы жүргізілді. Бұл ретте 3-сатыға жатқызылған қаржылық активтер үшін дефолт ықтималдығы (PD) «100%» деңгейінде қабылданды және осы талдау шеңберінде өзгертілмеді.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша дефолт ықтималдығын 10%-ға арттыру күтілетін кредиттік шығындарға арналған бағалау резервінің жиынтық сомасының 4,849 мың теңгеге ұлғаюына өкелетін еді (2024 жылғы 31 желтоқсан: 4,857 мың теңгеге ұлғаю). Дефолт ықтималдығын 10%-ға салыстырмалы түрде төмендету күтілетін кредиттік шығындарға арналған бағалау резервінің жиынтық сомасының 4,904 мың теңгеге азаюына өкелетін еді (2024 жылғы 31 желтоқсан: 4,899 мың теңгеге азаю).

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша дефолт жағдайындағы шығын үлесін (LGD) 20%-ға арттыру күтілетін кредиттік шығындарға арналған бағалау резервінің жиынтық сомасының 5,662 мың теңгеге ұлғаюына өкелетін еді (2024 жылғы 31 желтоқсан: 3,708 мың теңгеге ұлғаю). Дефолт жағдайындағы шығын үлесін 20%-ға салыстырмалы түрде төмендету күтілетін кредиттік шығындарға арналған бағалау резервінің жиынтық сомасының 10,815 мың теңгеге азаюына өкелетін еді (2024 жылғы 31 желтоқсан: 10,567 мың теңгеге азаю).

11 Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар

| <i>Мың қазақстандық теңгемен</i> | 2025 ж. 31 желтоқсан | 2024 ж. 31 желтоқсан |
|---|-------------------------|-------------------------|
| <i>Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық вексельдері</i> | | |
| - ВВВ-кредиттік рейтингімен | 43,101,531 | 53,142,463 |
| <i>АҚШ Қазынашылық департаментінің бағалы қағаздары</i> | | |
| - АА+кредиттік рейтингімен | 7,553,692 | - |
| Күтілетін кредиттік шығындар үшін резерв | (4,586) | (19,035) |
| Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар жиыны | 50,650,637 | 53,123,428 |

Банктің бизнес-моделіне сәйкес басшылықта осы бағалы қағаздарды өтеу мерзіміне дейін ұстап тұру ниеті мен мүмкіндігі бар. Ұқсас шарттары бар ұқсас борыштық бағалы қағаздарға ресми жарияланған баға құнын белгілеуіне жергілікті қор биржасында қолжетімді.

Күтілетін кредиттік шығындарды есептеу кезінде Банк тек есепті күнге контрагенттің/эмитенттің кредиттік сапасының ағымдағы бағалауларына ғана емес, сондай-ақ болашақта контрагенттің (эмитенттің) қызмет ету ортасындағы қолайсыз макроэкономикалық факторлардың әсерінен қаржылық жағдайының нашарлау мүмкіндігін де ескереді. Атап айтқанда, қазынашылық операциялар бойынша провизиялар деңгейіне халықаралық рейтингтік агенттіктер берген рейтинг болжамы (оң, тұрақты, теріс) әсер етеді, ол дефолт ықтималдығына (PD) ықпал етеді.

Қазынашылық операциялар бойынша дефолт ықтималдығы халықаралық рейтингтік агенттіктердің (S&P, Fitch Ratings, Moody's) дефолттарды зерттеу деректеріне (Default Study) сәйкес айқындалады, онда дефолт ықтималдықтарының мәндері бар кестелік деректер жарияланады. Дефолт ықтималдықтары өзекті жағдайда ұсталып, дефолттар статистикасы жаңартылған сайын кезең-кезеңімен жаңартылып отырады.

Қазынашылық операциялар бойынша дефолт жағдайындағы шығын деңгейі (LGD) халықаралық рейтингтік агенттіктердің (S&P, Fitch Ratings, Moody's) дефолттарды зерттеу деректеріне (Default Study) сәйкес айқындалады және қаржылық актив бойынша қарыз түріне байланысты болады: аға қамтамасыз етілген/қамтамасыз етілмеген, субординацияланған, егемендік. Сондай-ақ LGD актив бойынша қамтамасыз ету көзделген жағдайда, сондай-ақ қаржылық актив бойынша құнсыздану белгілері (2-саты немесе 3-саты) болған жағдайда түзетілуі мүмкін.

11 Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар (жалғасы)

Мемлекеттік және корпоративтік борыштық құралдардың кредиттік құнсыздануын бағалау кезінде Банк облигациялар кірістілігі, кредиттік рейтингтер және қарыз алушының қаржыландыру тарту қабілеті сияқты факторларды ескереді.

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша күтілетін кредиттік шығындарды бағалау мақсатында амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар 1-сатыға енгізілген.

12 Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері

| <i>Мың қазақстандық теңгемен</i> | 2025 ж. 31 желтоқсан | 2024 ж. 31 желтоқсан |
|--|---------------------------------|---------------------------------|
| Ағымдағы шоттар және талап еткенге дейінгі депозиттер | | |
| - Жеке клиенттер | 2,665,947 | 3,549,012 |
| - Корпоративтік клиенттер | 14,148,381 | 19,964,439 |
| Ағымдағы шоттар және талап еткенге дейінгі депозиттер жиыны | 16,814,328 | 23,513,451 |
| Мерзімді депозиттер | | |
| - Жеке клиенттер | 6,148,627 | 5,139,724 |
| - Корпоративтік клиенттер | 573,774,327 | 537,732,511 |
| Мерзімді депозиттер жиыны | 579,922,954 | 542,872,235 |
| Клиенттердің ағымдары шоттары мен депозиттерінің жиыны | 596,737,282 | 566,385,686 |

Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері жеке тұлғалар мен корпоративтік клиенттер алдындағы туынды емес қаржылық міндеттемелерді білдіреді және амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі

Бұғатталған сомалар

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Банктің клиенттерінің депозиттері тиісінше 5,621,121 мың теңге және 147,628 мың теңге сомасында клиенттерге берілген несиелер бойынша міндеттемелерді және Банк ұсынған баланстан тыс кредиттік құралдарды орындауды қамтамасыз ету ретінде қызмет етеді анком.

Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттерінің шоғырлануы

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Банкте шоттары мен депозиттері Банктің капиталының 10%-ынан асатын төрт-төрттен клиент бар. Қалдықтардың жиынтық көлемі тиісінше 2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанына 540,924,008 мың теңгені және 520,180,778 мың теңгені құрады.

13 Алынған қарыздар

| <i>Мың қазақстандық теңгемен</i> | 2025 ж. 31 желтоқсан | 2024 ж. 31 желтоқсан |
|--|---------------------------------|---------------------------------|
| Еуропалық қайта құру және даму банкінен қарыздар | 13,116,938 | 14,058,073 |
| Алынған қарыздар жиыны | 13,116,938 | 14,058,073 |

2020 жылы Банк Еуропалық қайта құру және даму банкімен (ЕҚКДБ) 2 қарыз шартын жасасты:

- 2020 жылғы 13 ақпандағы № 50791 қарыз шарты шағын және орта бизнесті қолдауға 4,186,500,000 теңге сомасына, 2,018,100,000 теңге мөлшеріндегі бірінші транш өтеу мерзімі 2025 жылғы 29 қыркүйекке дейін (өтелген) 2020 жылы алынды, 2,168,400,000 теңге мөлшеріндегі екінші транш өтеу мерзімі 2027 жылғы 29 сәуірге дейін 2022 жылы алынды;
- 2020 жылғы 13 ақпандағы № 50792 қарыз шарты «Бизнестегі әйелдер» жобасын дамытуға 2,093,250,000 теңге сомасына, 1,009,050,000 теңге мөлшеріндегі бірінші транш өтеу мерзімі 2025 жылғы 29 қыркүйекке дейін (өтелген) 2020 жылы алынды, 1,084,200,000 теңге мөлшеріндегі екінші транш өтеу мерзімі 2027 жылғы 29 сәуірге дейін 2022 жылы алынды.

13 Алынған қарыздар (жалғасы)

2021 жылы Банк Еуропалық қайта құру және даму банкімен 1 қарыз шартын жасасты:

- 2021 жылғы 10 желтоқсандағы № 52817 қарыз шарты жасыл экономиканы қаржыландыру бағдарламасы GEF (Green Economy Financing Facility) шеңберінде 2,330,000,000 теңге сомасына, өтеу мерзімі 2027 жылғы 24 маусымға дейін. Барлық сома 2022 жыл ішінде алынды.

2024 жылы Банк Еуропалық қайта құру және даму банкімен 3 қарыз шартын жасасты:

- 2023 жылғы 12 желтоқсандағы № 54306 қарыз шарты «Бизнестегі жастар» бағдарламасы бойынша. 1,804,000,000 теңге мөлшеріндегі бірінші транш өтеу мерзімі 2028 жылғы 20 наурызға дейін 2024 жылы алынды.
- 2024 жылғы 17 сәуірдегі № 54986 қарыз шарты шағын және орта бизнесті қолдауға 5,912,100,000 теңге сомасына. 2,850,600,000 теңге мөлшеріндегі бірінші транш өтеу мерзімі 2028 жылғы 18 шілдеге дейін 2024 жылы алынды, 3,061,500,000 теңге мөлшеріндегі екінші транш өтеу мерзімі 2029 жылғы 15 мамырға дейін 2025 жылы алынды.
- 2024 жылғы 21 қазандағы № 55639 қарыз шарты жасыл экономиканы қаржыландыру бағдарламасы GEF (Green Economy Financing Facility) бойынша. 4,985,900,000 теңге мөлшеріндегі бірінші транш өтеу мерзімі 2027 жылғы 26 қарашаға дейін 2024 жылы алынды.

Қарыз бойынша пайыздық сыйақы құбылмалы мөлшерлеме бойынша есептеледі және шарт талаптарына сәйкес тоқсан сайын төленеді. Есепті кезеңнің соңына № 50791, 50792 қарыз шарттары бойынша сыйақы мөлшерлемесі 15.95%-ды, № 52817 қарыз шарты бойынша 15.45%-ды, № 54306 қарыз шарты бойынша 19.23%-ды, № 55639 қарыз шарты бойынша 17.86%-ды, № 54986 қарыз шартының бірінші траншы бойынша 17.78%-ды, № 54986 қарыз шартының екінші траншы бойынша 17.84%-ды құрады.

2025 және 2024 жылдар ішінде Банк ағымдағы өтімділікті қолдау мақсатында Бас банктен тиісінше 32,037,200 мың теңге және 36,102,727 мың теңге мөлшерінде қысқа мерзімді қарыздар тартты. Әрбір есепті кезеңнің соңында қарыздар өтелді.

Банк жоғарыда көрсетілген ақша қаражатын тарту шарттарының талаптарын орындау бойынша белгілі бір қаржылық міндеттемелерді сақтауға міндетті. Аталған міндеттемелер қаржылық нәтижелер көрсеткіштері үшін пайдаланылатын келісілген коэффициенттерді қамтиды. Банк 2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша осы міндеттемелердің ешқайсысын бұзған жоқ.

Қаржылық қызметке байланысты міндеттемелердің қозғалысы

Төмендегі кестеде қаржылық қызмет нәтижесінде міндеттемелердегі өзгерістер ұсынылған, оған ақша ағындарымен негізделген өзгерістер де, сондай-ақ ақша ағындарымен байланысты емес өзгерістер де кіреді. Қаржылық қызметке байланысты міндеттемелер бұл ақша ағындары ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепте қаржылық қызметтен түсетін ақша ағындары ретінде жіктелген немесе болашақтағы ақша ағындары қаржылық қызметтен түсетін ақша ағындары ретінде жіктелетін міндеттемелер.

| <i>Мың қазақстандық теңгемен</i> | 2025 ж. | 2024 ж. |
|----------------------------------|-------------------|-------------------|
| Жыл басындағы қалдық | 14,058,073 | 7,023,267 |
| Қарыздарды өтеу | (36,184,690) | (39,117,473) |
| Қарыздарды алу | 35,098,700 | 45,743,227 |
| Өзге өзгерістер | 144,855 | 409,052 |
| 31 желтоқсандағы қалдық | 13,116,938 | 14,058,073 |

- * Өзге өзгерістерге қаржылық қызметтен туындайтын ақша қаражаттарының қозғалысына байланысты емес өзгерістер, қарыз қаражаттары бойынша дисконт сомалары және олардың кейінгі амортизациясы, бағамдық айырма, сондай-ақ есептелген сыйақының өзгерістері кіреді.

14 Акционерлік капитал

Шығарылған және қосымша төленген капитал

Банктің шығаруға рұқсат етілген, шығарылған және айналыстағы акционерлік капиталы 1,002,872 жай акциядан тұрады (2024 жылы: 1,002,872 жай акция). Барлық акциялардың номиналдық құны 10,000 теңгені құрайды.

Қараапйым акциялардың иелері дивидендтер жарияланған сайын оларды алуға құқылы, сондай-ақ Банктің жылдық және жалпы акционерлер жиналыстарында әрбір акция бойынша бір дауысқа ие.

Акцияға пайда

Бір акцияға базалық пайданы есептеу үшін пайдаланылған пайда көрсеткіштері мен жай акциялардың орташа өлшенген саны төменде келтірілген.

| <i>Мың қазақстандық теңгемен</i> | 2025 ж. 31 желтоқсан | 2024 ж. 31 желтоқсан |
|---|---------------------------------|---------------------------------|
| Банк акционерлеріне тиесілі жыл ішіндегі таза пайда | 20,632,156 | 35,707,248 |
| Бір акцияға базалық пайданы анықтау мақсатында жай акциялардың орташа өлшенген саны | 1,002,872 | 1,002,872 |
| Акцияға базалық және бытыраңқы пайданың жиыны | 20.57 | 35.60 |

2024 және 2025 жылдары Банктің жай акцияларымен операциялар жүргізілген жоқ.

Банктің жай акциялары ашық нарықта айналыста жоқ, алайда Банк ХҚЕС (IAS) 33 «Бір акцияға пайда» талаптарына сәйкес есептелген бір акцияға шаққандағы таза пайда мөлшері туралы ақпаратты өз еркімен ашу туралы шешім қабылдады.

Дивидендтер

Банктің дивидендтерді жариялау және төлеу қабілеті Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалады.

Жай акциялар бойынша дивидендтер олар есептелген кезең үшін бөлінбеген пайданың бөлінуі ретінде көрсетіледі. 2025 және 2024 жылдарға арналған қаржылық есептілік шығарылған сәтте дивидендтер жарияланған жоқ.

15 Тәуекелдерді басқару

Тәуекелдерді басқару банктік қызметтің негізінде жатыр және Банктің операциялық қызметінің маңызды элементі болып табылады. Нарықтық тәуекел, кредиттік тәуекел және өтімділік тәуекелі Банк өз қызметін жүзеге асыру барысында тап болатын негізгі тәуекелдер болып табылады.

Тәуекелдерді басқару саясаты және рәсімдері

Банктің тәуекелдерді басқару саясаты Банк ұшырайтын тәуекелдерді айқындауға, талдауға және басқаруға, тәуекелдер лимиттерін және тиісті бақылауларды белгілеуге, сондай-ақ тәуекелдер деңгейін және олардың белгіленген лимиттерге сәйкестігін тұрақты бағалауға бағытталған. Тәуекелдерді басқару саясаты мен рәсімдері нарықтық жағдайдың өзгерістерін, ұсынылатын банктік өнімдер мен қызметтерді және пайда болып жатқан озық тәжірибені көрсету мақсатында тұрақты негізде қайта қаралады.

Банктің Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару бойынша бақылау жүйесінің тиісінше жұмыс істеуіне, негізгі тәуекелдерді басқаруға және тәуекелдерді басқару саясаты мен рәсімдерін, сондай-ақ ірі мәмілелерді мақұлдауға жауапты.

Банк Басқармасы тәуекелдерді төмендету жөніндегі шараларды мониторингтеу және енгізу үшін жауапты, сондай-ақ Банктің белгіленген тәуекелдер шегінде қызметті жүзеге асыруын қадағалайды. Банк Басқармасы тәуекелдерді жалпы басқаруға және қолданыстағы заңнама талаптарының сақталуын бақылауға, сондай-ақ қаржылық және қаржылық емес тәуекелдерді анықтау, бағалау, басқару және олар бойынша есептілік жасауға қатысты жалпы қағидаттар мен әдістердің қолданылуын бақылауға жауапты.

15 Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Кредиттік және нарықтық тәуекелдер, сондай-ақ өтімділік тәуекелі Кредиттік комитет пен Активтер мен пассивтерді басқару комитеті (АПБК) тарапынан тұтастай портфель деңгейінде де, жекелеген мәмілелер деңгейінде де басқарылады және бақыланады.

Тәуекелдердің сыртқы да, ішкі де факторлары ұйым шеңберінде айқындалады және басқарылады. Тәуекел факторларының толық тізбесін анықтауға және тәуекелдерді төмендету бойынша қолданыстағы рәсімдердің жеткіліктілік деңгейін айқындауға ерекше назар аударылады.

Кредиттік және нарықтық тәуекелдерді стандартты талдаудан бөлек, Банк Басқармасы жекелеген бағыттар бойынша сараптамалық бағалауды алу мақсатында, қаржылық және қаржылық емес тәуекелдерді мониторингтеуді операциялық бөлімшелермен тұрақты кездесулер өткізу арқылы жүзеге асырады.

Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел — бұл нарықтық бағалардың өзгеруі салдарынан қаржылық құралдың әділ құнының немесе болашақтағы ақша ағындарының өзгеру тәуекелі. Нарықтық тәуекел валюталық тәуекелден, сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелінен, сондай-ақ басқа да бағалық тәуекелдерден тұрады. Нарықтық тәуекел нарықтағы жалпы және ерекше өзгерістердің және нарықтық бағалардың құбылмалылық деңгейінің өзгеруінің әсеріне ұшырайтын пайыздық, валюталық және үлестік қаржылық құралдарға қатысты ашық позициялар бойынша туындайды.

Нарықтық тәуекелді басқарудың міндеті нарықтық тәуекелге ұшырау деңгейінің қабылданатын параметрлер шегінен шықпауын басқару және бақылау, сонымен бірге қабылданған тәуекел үшін алынатын табыстылықты оңтайландыру болып табылады. Төраға басқаратын АПБК нарықтық тәуекел мен өтімділік тәуекелін басқару үшін жауапты. АПБК Тәуекел-менеджмент бөлімі ұсынымдарының негізінде нарықтық тәуекел мен өтімділік тәуекелі бойынша лимиттерді бекітеді.

Банк нарықтық тәуекелді жекелеген қаржылық құралдар бойынша портфель мөлшеріне қатысты ашық позициялар бойынша лимиттерді, сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру мерзімдерін, валюталық позицияны, шығындар лимиттерін белгілеу және олардың сақталуын тұрақты мониторингтеу арқылы басқарады, оның нәтижелері Басқармада қаралады және бекітіледі.

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі — бұл нарықтық сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруі салдарынан қаржылық құралдың әділ құнының немесе болашақтағы ақша ағындарының өзгеру тәуекелі. Банк басым нарықтық сыйақы мөлшерлемелерінің ауытқуларының оның қаржылық жағдайына және ақша ағындарына әсеріне ұшырайды. Мұндай ауытқулар пайыздық маржа деңгейін арттыруы мүмкін, алайда оны төмендетуі де мүмкін немесе сыйақы мөлшерлемелері күтпеген өзгерген жағдайда шығындардың туындауына әкелуі мүмкін.

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі негізінен сыйақы мөлшерлемелерінің өзгерістерін мониторингтеу арқылы басқарылады.

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ
2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі қаржылық есептілікке ескертпелер

15 Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарау мерзімдерін талдау

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі негізінен сыйақы мөлшерлемелерінің өзгерістерін мониторингтеу арқылы басқарылады. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі пайыздық қаржылық құралдар бойынша сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарау мерзімдеріне қатысты қысқаша ақпаратты келесідей ұсынуға болады:

| Мың қазақстандық теңгемен | 1 айдан кем | 1 айдан 3 айдан 12 айға дейін | 3 айдан 12 айға дейін | 1 жылдан 5 жылға дейін | 5 жылдан артық | Пайызсыз | Жиыны |
|---|----------------------|-------------------------------------|--------------------------|---------------------------|-------------------|----------------|----------------------|
| АКТИВТЕР | | | | | | | |
| Ақша қаражаттары және олардың баламалары | 532,780,361 | - | - | - | - | - | 532,780,361 |
| Басқа банктердегі қаражаттар | - | 4,788,140 | - | - | - | 184,946 | 4,973,086 |
| Клиенттерге, соның ішінде банктерге берілген несиелер | 5,068,788 | 8,756,596 | 62,473,623 | 37,924,664 | 9,347,198 | - | 123,570,869 |
| Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар | 25,142,278 | 12,295,845 | 9,696,359 | 3,516,156 | - | - | 50,650,638 |
| Өзге қаржылық активтер | 25,077 | - | - | - | - | - | 25,077 |
| Активтер жиыны | 563,016,504 | 21,052,441 | 76,958,122 | 41,440,820 | 9,347,198 | 184,946 | 712,000,031 |
| МІНДЕТТЕМЕЛЕР | | | | | | | |
| Банктердегі шоттар мен депозиттер | (880,564) | - | - | - | - | - | (880,564) |
| Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері | (568,019,132) | (12,887,090) | (15,697,134) | (133,925) | - | - | (596,737,281) |
| Алынған қарыздар | (3,899,234) | (4,273,330) | (4,944,374) | - | - | - | (13,116,938) |
| Өзге қаржылық міндеттемелер | (753,432) | - | - | - | - | - | (753,432) |
| Міндеттемелер жиыны | (573,552,362) | (17,160,420) | (20,641,508) | (133,925) | - | - | (611,488,215) |
| 2025 жылғы 31 желтоқсандағы пайыздық мөлшерлемелер бойынша таза алшақтық | (10,535,859) | 3,892,021 | 56,316,614 | 41,306,895 | 9,347,198 | 184,196 | 100,511,816 |

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ
Қаржылық есептілікке ескертпелер

15 Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі пайыздық қаржылық құралдар бойынша сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарау мерзімдеріне қатысты қысқаша ақпаратты келесідей ұсынуға болады:

| Мың қазақстандық теңгемен | 1 айдан кем | 3 айдан | 1 айдан | 3 айдан | 1 жылдан | 5 жылдан | Жиыны |
|---|----------------------|---------------------|---------------------|---------------------|-------------------|------------------|----------------------|
| | | 1 айдан | 12 айға дейін | 3 айдан | 1 жылдан | артық | Пайызсыз |
| | | 3 айға дейін | 12 айға дейін | 3 айдан | 1 жылдан | артық | |
| АКТИВТЕР | | | | | | | |
| Ақша қаражаттары және олардың баламалары | 529,876,309 | - | - | - | - | - | - |
| Басқа банктердегі қаражаттар | - | - | - | - | - | - | 529,876,309 |
| Клиенттерге, соның ішінде банктерге берілген несиелер | 1,626,008 | 2,666,226 | 39,850,102 | 39,850,102 | 24,409,655 | 9,398,295 | 184,913 |
| Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар | 3,395,417 | 4,970,173 | 13,363,461 | 13,363,461 | 31,394,377 | - | - |
| Өзге қаржылық активтер | 486,529 | - | - | - | - | - | - |
| Активтер жиыны | 535,384,263 | 7,636,399 | 53,213,563 | 53,213,563 | 55,804,032 | 9,398,295 | 184,913 |
| МІНДЕТТЕМЕЛЕР | | | | | | | |
| Банктердегі шоттар мен депозиттер | (506,316) | - | - | - | - | - | - |
| Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері | (542,801,923) | (9,508,559) | (13,936,736) | (13,936,736) | (138,468) | - | - |
| Алынған қарыздар | (5,079,708) | (2,404,379) | (6,573,986) | (6,573,986) | - | - | - |
| Өзге қаржылық міндеттемелер | (304,247) | - | - | - | - | - | - |
| Міндеттемелер жиыны | (548,692,194) | (11,912,938) | (20,510,722) | (20,510,722) | (138,468) | - | (581,254,322) |
| 2024 жылғы 31 желтоқсандағы пайыздық мөлшерлемелер бойынша таза алшақтық | (13,307,931) | (4,276,539) | 32,702,841 | 32,702,841 | 55,665,564 | 9,398,295 | 184,913 |
| | | | | | | | 80,367,143 |

15 Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Орташа тиімді сыйақы мөлшерлемелері

Келесі кесте 2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша пайыздық активтер мен міндеттемелер бойынша орташа тиімді сыйақы мөлшерлемелерін көрсетеді:

| Мың қазақстандық теңгемен | Орташа тиімді сыйақы мөлшерлемесі, % | | | |
|--|--------------------------------------|-------------|---------|-------------|
| | 2025 ж. | | 2024 ж. | |
| | Теңге | АҚШ Доллары | Теңге | АҚШ Доллары |
| Пайыздық активтер | | | | |
| Ақша қаражаттары және олардың баламалары | 17.14 | 1.94 | 15.23 | 3.05 |
| Басқа банктердегі қаражаттар | 19.66 | - | - | - |
| Клиенттерге берілген несиелер | 18.91 | 6.31 | 17.74 | 6.22 |
| Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар | 12.45 | 3.54 | 12.02 | - |
| Пайыздық міндеттемелер | | | | |
| Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері | | | | |
| - Мерзімді депозиттер | 14.79 | 0.95 | 11.16 | 0.50 |
| Алынған қарыздар | 14.57 | - | 13.62 | - |

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруіне сезімталдықты талдау

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруі тәуекелін басқару, сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарау мерзімдерін талдауға негізделі отырып, қаржылық активтер мен міндеттемелердің сезімталдығын мониторингтеумен толықтырылады. Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруіне (сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарау тәуекелі) Банктің таза пайдасының немесе зиянының және капиталының (салықтарды шегергеннен кейін) сезімталдығын талдау, кірістілік қисықтарының 100 базистік тармаққа жоғарылау немесе төмендеу жағына параллель ығысуының жеңілдетілген сценарийі және 2024 және 2025 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қолданыстағы пайыздық активтер мен міндеттемелер бойынша қайта қаралған позициялар негізінде жасалған, ол келесідей ұсынылуы мүмкін:

| | 2025 ж. | | 2024 ж. | |
|---|--------------------|---------|--------------------|---------|
| | Пайда немесе шығын | Капитал | Пайда немесе шығын | Капитал |
| Мөлшерлемелердің төмендеу бағытына 100 базистік тармаққа параллель ығысу | (114,122) | | (32,429) | - |
| Мөлшерлемелердің жоғарылау бағытына 100 базистік тармаққа параллель ығысу | 114,122 | | 32,429 | - |

Валюталық тәуекел

Банктің бірнеше шетел валютасында көрсетілген активтері мен міндеттемелері бар.

Валюталық тәуекел – бұл валютаның айырбас бағамдарының өзгеруі салдарынан қаржылық құралдың әділ құнының немесе болашақтағы ақша ағындарының өзгеруі тәуекелі. Банк өзінің валюталық тәуекелге ұшырауын хеджирлейтініне қарамастан, мұндай операциялар ХҚЕС талаптарына сәйкес хеджирлеу қатынастарының анықтамасына сәйкес келмейді. Банк нарықтық тәуекел, соның ішінде валюталық тәуекел бойынша тәбет-тәуекелдің лимиттер/шектеулер/деңгейлері жүйесін қалыптастырады, бұл бекітілген тәбет-тәуекел деңгейі шегінде ағымдағы тәбет-тәуекел деңгейін қолдауды қамтамасыз етеді. Валюталық тәуекелді лимиттеу валюталық операцияларды жүргізу кезінде валюта бағамдарының қолайсыз өзгеруіне байланысты шығындар көлемін шектеу үшін қолданылады (шетел валюталарын сатып алу-сату, шетел валюталарында позициялар ашу бойынша лимиттерді белгілеу арқылы). Валюта бағамдарының өзгеруіне және валюталық позиция мөлшеріне мониторинг жүргізіледі; негізгі шетел валюталарында өтімділік сақталады; контрагенттерден банкке ашылған FOREX лимиттерінің жеткілікті деңгейі қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ хеджирлеу активтер мен міндеттемелерді бірдей валюталарда теңестіру арқылы жүзеге асырылады (яғни тарту және орналастыру бір валютада жүргізіледі).

15 Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша валюталар бөлінісінде қаржы активтері мен міндеттемелердің құрылымы келесідей ұсынылуы мүмкін:

| <i>Мың қазақстандық теңгемен</i> | Теңге | АҚШ Доллары | Еуро | Ресейлік рубль | Өзге | Барлығы |
|--|----------------------|---------------------|--------------------|-------------------|--------------|----------------------|
| АКТИВТЕР | | | | | | |
| Ақша қаражаттары және олардың баламалары | 499,852,512 | 31,561,446 | 1,337,965 | 23,243 | 5,195 | 532,780,361 |
| Басқа банктердегі қаражаттар | 4,973,086 | - | - | - | - | 4,973,086 |
| Клиенттерге берілген несиелер | 123,242,656 | 328,213 | - | - | - | 123,570,869 |
| Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар | 43,097,479 | 7,553,158 | - | - | - | 50,650,637 |
| Өзге қаржылық активтер | 25,077 | - | - | - | - | 25,077 |
| Қаржы активтерінің жиыны | 671,190,810 | 39,442,817 | 1,337,965 | 23,243 | 5,195 | 712,000,030 |
| МІНДЕТТЕМЕЛЕР | | | | | | |
| Банктердің шоттары мен депозиттері | (68,199) | (808,522) | (3,843) | - | - | (880,564) |
| Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері | (556,235,945) | (39,153,515) | (1,324,400) | (23,422) | - | (596,737,282) |
| Алынған қарыздар | (13,116,938) | - | - | - | - | (13,116,938) |
| Өзге қаржылық міндеттемелер | (639,809) | (113,524) | (99) | - | - | (753,432) |
| Қаржылық міндеттемелер жиыны | (570,060,891) | (40,075,561) | (1,328,342) | (23,422) | - | (611,488,216) |
| ТАЗА ПОЗИЦИЯ | 101,129,919 | (632,744) | 9,623 | (179) | 5,195 | 100,511,814 |

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша валюталар бөлінісінде қаржы активтері мен міндеттемелердің құрылымы келесідей ұсынылуы мүмкін:

| <i>Мың қазақстандық теңгемен</i> | Теңге | АҚШ Доллары | Еуро | Ресейлік рубль | Өзге | Барлығы |
|--|----------------------|---------------------|------------------|-------------------|--------------|----------------------|
| АКТИВТЕР | | | | | | |
| Ақша қаражаттары және олардың баламалары | 494,892,794 | 34,423,336 | 540,975 | 17,719 | 1,485 | 529,876,309 |
| Басқа банктердегі қаражаттар | 184,913 | - | - | - | - | 184,913 |
| Клиенттерге берілген несиелер | 77,536,043 | 414,243 | - | - | - | 77,950,286 |
| Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар | 53,123,428 | - | - | - | - | 53,123,428 |
| Өзге қаржылық активтер | 466,873 | 19,856 | - | - | - | 486,529 |
| Қаржы активтерінің жиыны | 626,204,051 | 34,857,235 | 540,975 | 17,719 | 1,485 | 661,621,465 |
| МІНДЕТТЕМЕЛЕР | | | | | | |
| Банктердің шоттары мен депозиттері | (48,010) | (452,350) | (5,956) | - | - | (506,316) |
| Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері | (532,308,905) | (33,526,434) | (532,285) | (18,062) | - | (566,385,686) |
| Алынған қарыздар | (14,058,073) | - | - | - | - | (14,058,073) |
| Өзге қаржылық міндеттемелер | (188,973) | (115,183) | (91) | - | - | (304,247) |
| Қаржы активтерінің жиыны | (546,603,961) | (34,093,967) | (538,332) | (18,062) | - | (581,254,322) |
| ТАЗА ПОЗИЦИЯ | 79,600,090 | 763,268 | 2,643 | (343) | 1,485 | 80,367,143 |

Қаржы активтерінің құны негізінде есептелетін салық салынғанға дейінгі пайдаға және капиталға әсер валюта бағамының құбылмалылығын талдау арқылы анықталады. 2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, Банктің басшылығының пікірінше, валюта бағамының ықтимал қозғалысы 15% болып табылады.

15 Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Төменде көрсетілгендей, 2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша көрсетілген валюталарға қатысты теңге бағамының төмендеуі капитал мен пайда немесе зиянды төменде көрсетілген сомаларға арттырған (төмендеткен) болар еді. Аталған талдамалық ақпарат салық сомасын шегергеннен кейін ұсынылған және есепті кезеңнің соңына Банк негізді түрде мүмкін деп қарастырған валютаның айырбас бағамдарының ауытқуларына негізделген. Талдау барлық өзге айнымалылар, атап айтқанда сыйақы мөлшерлемелері өзгеріссіз қалады деген болжамға сүйене отырып жүргізілді.

| | 2025 ж. | | 2024 ж. | |
|--|--------------------|----------|--------------------|---------|
| | Пайда немесе шығын | Капитал | Пайда немесе шығын | Капитал |
| Теңгеге қатысты АҚШ доллары бағамының 15% өсімі | (75,929) | (75,929) | 91,592 | 91,592 |
| Теңгеге қатысты еуро бағамының 15% өсімі | 1,155 | 1,155 | 317 | 317 |
| Теңгеге қатысты ресейлік рубль бағамының 15% өсімі | (21) | (21) | (41) | (41) |

Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел — бұл қарыз алушының немесе Банктің контрагентінің міндеттемелерді орындамауы нәтижесінде туындайтын қаржылық шығындар тәуекелі. Банк кредиттік тәуекелді (танылған қаржылық активтер және танылмаған шарттық міндеттемелер бойынша) бекітілген саясаттар мен рәсімдерді қолдану арқылы басқарады, оған кредиттік тәуекел шоғырлануы лимиттерін белгілеу және сақтау талаптары, сондай-ақ кредиттік тәуекелді белсенді мониторингтеу функцияларын жүзеге асыратын Кредиттік комитетті құру кіреді. Кредиттік саясат Директорлар кеңесімен қаралады және бекітіледі.

Кредиттік саясат келесіні белгілейді:

- кредиттік өтінімдерді қарау және мақұлдау рәсімдері;
- қарыз алушылардың (корпоративтік клиенттер мен жеке тұлғалардың) кредитке қабілеттілігін бағалау әдіснамасы;
- контрагенттердің кредитке қабілеттілігін бағалау әдіснамасы;
- ұсынылатын қамтамасыз етуді бағалау әдіснамасы;
- кредиттік құжаттамаға қойылатын талаптар;
- кредиттер мен кредиттік тәуекелді қамтитын өзге де өнімдер бойынша тұрақты мониторинг жүргізу рәсімдері.

Корпоративтік клиенттердің кредит алу туралы өтінімдері кредиттеу бөлімшесінің клиенттермен жұмыс жөніндегі тиісті менеджерлері тарапынан жасалады, содан кейін заңды тұлғаларға берілген кредиттер портфелі үшін жауапты кредиттік талдау бөлімшесіне қарауға беріледі. Аталған бөлімшенің талдаушыларының есептері қарыз алушының бизнесі мен қаржылық жағдайының құрылымдық талдауына негізделеді. Одан кейін өтінімдер мен есептер тәуекел-менеджмент бөлімшесінде тәуелсіз тексеруден өтеді, онда екінші қорытынды беріледі; бұл ретте кредиттік саясат талаптарының тиісінше орындалуы тексеріледі. Кредиттік комитет кредиттеу бөлімшесі, кредиттік талдау бөлімшесі, кешенді қауіпсіздік бөлімшесі, кепілдерді бағалау бөлімшесі, Заң департаменті және тәуекел-менеджмент бөлімшесі ұсынған құжаттар негізінде кредит алу туралы өтінімдерді мақұлдайды.

Банк жекелеген кредиттердің жай-күйіне тұрақты мониторинг жүргізеді және өз қарыз алушыларының төлемге қабілеттілігін жүйелі түрде қайта бағалайды. Қайта бағалау рәсімдері қарыз алушының соңғы есепті күндегі қаржылық есептілігін талдауға немесе қарыз алушының өзі ұсынған не Банк басқа тәсілмен алған өзге ақпаратқа негізделеді. Бұл ретте әрбір кредитті беру туралы шешім барлық қажетті рәсімдер жүргізілгеннен кейін Кредиттік комитетпен қабылданады, бұл өз кезегінде келіп түсетін өтінімдер саны аз болған жағдайда бүкіл кредиттік процесті бақылауға мүмкіндік береді.

Жекелеген қарыз алушыларды талдаудан бөлек, тәуекел-менеджмент бөлімшесі кредиттердің шоғырлануы мен нарықтық тәуекелдерге қатысты тұтастай кредиттік портфельді бағалауды жүргізеді.

Кредиттік тәуекелдің ең жоғары деңгейі, әдетте, қаржылық жағдай туралы есепте қаржылық активтердің баланстық құнында және танылмаған шарттық міндеттемелер сомасында көрсетіледі. Активтер мен міндеттемелерді өзара есепке алу мүмкіндігі елеуетті кредиттік тәуекелді төмендетуде елеулі мәнге ие емес.

15 Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Тұтастай алғанда банк секторы ұйымдары қаржылық активтер мен шартты міндеттемелерге қатысты туындайтын кредиттік тәуекелге ұшырайды. Банктің кредиттік тәуекелі Қазақстан Республикасында шоғырланған. Кредиттік тәуекел деңгейі Банктің бекітілген тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес кредиттер мен кредит қабілеттілігі бойынша лимиттердің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында тұрақты мониторингке ұшырайды.

Есепті күнге қаржылық активтерге қатысты кредиттік тәуекелге ұшыраудың ең жоғары деңгейі келесідей ұсынылуы мүмкін:

| <i>Мың қазақстандық теңгемен</i> | 2025 ж. 31 желтоқсан | 2024 ж. 31 желтоқсан |
|---|---------------------------------|---------------------------------|
| АКТИВТЕР | | |
| Ақша қаражаттары және олардың баламалары | 532,780,361 | 529,876,309 |
| Басқа банктердегі қаражаттар | 4,973,086 | 184,913 |
| Клиенттерге берілген несиелер | 123,570,869 | 77,950,286 |
| Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар | 50,650,637 | 53,123,428 |
| Өзге қаржылық активтер | 25,077 | 486,529 |
| Кредиттік желілер | 12,817,622 | 5,354,034 |
| Берілген кепілдіктер | 114,734 | 102,460 |
| Кредиттік тәуекелге ұшыраудың ең жоғары деңгейінің барлығы | 724,932,386 | 667,077,959 |

Клиенттерге берілген кредиттер бойынша қамтамасыз етуді талдау және кредиттік тәуекелдің шоғырлануы 13-ескертпеде ұсынылған.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің реттеуші орган әдіснамасына сәйкес есептелген меншікті капиталының 10%-ынан асатын кредиттік тәуекелге ұшырауы бар бір қарыз алушысы бар. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мұндай қарыз алушылар болған жоқ.

Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтер

Кредиттік шығындарды ерте тану мақсатында, барлық қаржы активтері мен шарттық міндеттемелер бойынша 12 айлық кредиттік шығындарды қалыптастыру және бүкіл мерзімге күтілетін кредиттік шығындарды тану қажеттілігіне байланысты Банк портфельді сатыларға бөледі:

- 1-саты: бастапқы тану күніне кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюы байқалмайтын қаржы активтері, шарттық міндеттемелер. Сатып алынған немесе құрылған кредиттік құнсызданған қаржы активтері мен шарттық міндеттемелерді қоспағанда, бастапқы тану күніне барлық қаржы активтері мен шарттық міндеттемелер 1-сатыға жатқызылады.
- 2-саты: кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюы орын алған қаржы активтері мен шарттық міндеттемелер.
- 3-саты: құнсыздану орын алған қаржы активтері мен шарттық міндеттемелер.

Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау бағалау резерві арқылы жүзеге асырылады, оның шамасы мынаған тең:

- келесі 12 ай ішінде күтілетін кредиттік шығындар шамасына, яғни қаржылық құралдың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде кредиттік шығындардың есепті күннен кейінгі 12 ай ішінде туындауы мүмкін құрал бойынша міндеттемелерді орындамау жағдайларының салдарынан күтілетін бөлігін білдіретін бөлігіне («1-саты»);
- қаржылық құралдың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде құрал бойынша міндеттемелерді орындамаудың барлық мүмкін болатын жағдайлары салдарынан туындайтын бүкіл мерзімге күтілетін кредиттік шығындар шамасына («2-саты» және «3-саты»).

15 Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Қаржылық құрал бойынша кредиттік тәуекел оның бастапқы танылған сәтінен бастап едәуір ұлғайған жағдайда, қаржылық құралдың бүкіл қолданылу мерзімі бойынша ККШ толық мөлшерінде бағалау резервін құру талап етіледі. Барлық өзге жағдайларда ККШ бойынша резервтер 12 ай шегінде ККШ шамасына тең мөлшерде қалыптастырылады.

- Пайдаланылмаған кредиттік желілерге қатысты ККШ кредиттік желі бойынша қаражатты іріктеу жағдайында Банкке тиесілі шарттық ақша ағындары мен осындай іріктеу жағдайында Банк алуды күтетін ақша ағындарының арасындағы айырманың келтірілген құнын білдіреді.
- Қаржылық кепілдік шарттарына қатысты ККШ кепілдендірілген борыштық құрал ұстаушысына өтеу үшін қажетті күтілетін төлемдердің келтірілген құны ретінде, қарыз алушыдан, кепілдік ұстаушысынан немесе өзге тараптардан Банк алуды күтетін сомалардың келтірілген құнын шегергендегі мөлшерде айқындалады.

ККШ бағалау жекелеген қарыздарға немесе тәуекел сипаттамалары ұқсас несиелер портфельдеріне қатысты жүзеге асырылады. ККШ бойынша бағалау резервін есептеу (жеке немесе топтық негізде) актив бойынша күтілетін ақша ағындарының келтірілген құны негізінде бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені (бұдан әрі – ТПМ) пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Дефолтты айқындау

Дефолттағы қаржылық активтер ең жоғары кредиттік тәуекелге ие және олар бойынша бастапқы белгіленген мерзімдерде өтелу ықтималдығы жоқ, қайта құрылымдау жүргізу талап етіледі немесе мұндай қайта құрылымдаудың болашағы болмаған жағдайда шығынды толық немесе ішінара көлемде тану қажет.

Дефолтты тану туралы шешім Банктің Кредиттік комитетінің қарауынан кейін қабылданады. Әдетте, бұл шешім орын алған немесе жоғары ықтималдықпен күтілетін оқиғалардың нәтижесінде қабылданады.

Ұжымдық негізде бағаланатын несиелер бойынша құнсызданудың сандық факторы 90 күннен астам мерзімі өткен берешек мерзімі болып табылады, ал жеке негізде бағаланатын несиелер үшін - 60 күннен астам мерзімі өткен кешіктіру.

Қаржылық активтердің құнсыздануының сапалық факторларына қаржылық актив берілген сәттен бастап кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюымен байланысты берешектің бір бөлігін және/немесе бүкіл сомасын есептен шығару, қаржылық активтерді елеулі дисконтпен (15% және одан жоғары) сату, қаржылық жағдайдың нашарлауына байланысты несиені қайта құрылымдау, ішкі кредиттік рейтингтің төмендеуі, несиені мақсатсыз пайдалану, контрагентті банкрот деп тану туралы талап қою, сондай-ақ бағалы қағаз бойынша белсенді нарықтың жоғалуы, қамтамасыз ету құнының төмендеуі немесе басқа да бақыланатын деректер жатады.

Кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюы

Банк құнсыздануға қатысты талаптарға жататын барлық қаржылық активтер бойынша бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюына мониторинг жүргізеді. Кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюы анықталған жағдайда Банк бағалау резервінің мөлшерін тек келесі 12 ай ішінде емес, бүкіл кредиттеу мерзімі ішінде күтілетін кредиттік шығындар негізінде есептейді.

Банк активтер портфелі бойынша кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғайған-ұлғаймағанын анықтау үшін өртүрлі критерийлерді қолданады. Критерийлер ретінде дефолт ықтималдығындағы сандық өзгерістер де, сондай-ақ сапалық көрсеткіштер де пайдаланылады.

15 Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюының сандық факторы төменде келтірілген бір немесе бірнеше жағдайлардың туындауы болып табылады:

- a) негізгі қарыз және (немесе) сыйақы бойынша 30 (отыз) күнтізбелік күннен астам мерзімге кешіктірілген берешектің болуы, оның ішінде тұрақтандыру кезеңінде болу;
- б) есепті күнге қаржылық активтің қолданылу мерзімі ішінде дефолт ықтималдығы (PD) оның бастапқы тану кезіндегі мәнінен (бірақ ХҚЕС 9 енгізілген күннен ерте емес) Банктің расталған статистикалық деректері негізінде айқындалған мөлшерде, ал статистика болмаған жағдайда – кемінде 200 (екі жүз) пайызға артық болуы. Кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюын бағалау үшін 12 (он екі) ай ішінде дефолт ықтималдығы 5 (бес) пайыздан асатын кредиттер ескеріледі. Әдістеменің немесе ішкі рейтингтік модельдің елеулі өзгеруі жағдайларын қоспағанда. Әдістеме немесе ішкі рейтингтік модель елеулі өзгерген жағдайда кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюын бағалау үшін 12 (он екі) ай ішінде дефолт ықтималдығы 10 (он) пайыздан асатын қарыздар ескеріледі;

Банк статистика болмаған жағдайда, егер он екі айлық дефолт ықтималдығының абсолюттік мәні 20 (жиырма) пайыздан асса, Банктің расталған статистикасы негізінде айқындалатын дефолт ықтималдығының шекті абсолюттік мәні белгілейді;

- в) кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюы қаржылық активтің күтілетін қолданылу мерзімі ішінде дефолттың туындау тәуекелінің өзгеруі ретінде бағаланады, бұл ретте төменде келтірілген ережелерге сәйкес есептелген қаржылық актив бойынша дефолт тәуекелі бастапқы тану күніндегі дефолт тәуекелімен салыстырылады:

Бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюының сапалық факторлары төменде келтірілген бір немесе бірнеше жағдайлардың туындауы болып табылады:

- a) қарыз алушының операциялық қызмет нәтижелерінің нақты немесе күтілетін елеулі теріс өзгеруі (өндіріс/өткізу көлемдерінің төмендеуі, кірістердің азаюы, меншікті айналым капиталының жеткіліксіздігі, өндірістегі бұзушылықтар және лицензиядан айырылу мүмкіндігі, дебиторлық берешекті төлеу мерзімдерінің ұзаруы);
- б) қарыз алушыға (бірлескен қарыз алушыға) материалдық зиян келтірген немесе оның өзге коммерциялық қызметті жалғастыруына мүмкіндік бермейтін факторлардың болуы;
- с) қарыз алушы қызметінің нормативтік-құқықтық, экономикалық немесе технологиялық шарттарының нақты немесе күтілетін қолайсыз өзгеруі, бұл қарыз алушының борыштық міндеттемелерін орындау қабілетінің елеулі өзгеруіне әкеледі;
- д) Банктің ішкі рейтингтік моделіне сәйкес контрагенттің ішкі кредиттік рейтингі «ССС» және одан төмен болуы;
- е) контрагенттің/қаржылық активтің сыртқы кредиттік рейтингі «ССС» және одан төмен болуы;
- ф) соңғы 12 (он екі) ай ішінде қаржылық активті (қарыздарды қоспағанда) бір немесе одан көп рет қайта құрылымдау.

Қаржылық құрал бойынша кредиттік тәуекел бастапқы танылған сәттен бастап елеулі түрде ұлғайған болып есептелмейді, егер есепті күнге қаржылық құралдың кредиттік тәуекелі төмен екендігі анықталған болса. Банк бұл жеңілдетуді мемлекеттік сегментке қатысты барлық талаптар үшін және рейтингі BBB- / Baa3 (инвестициялық деңгей) немесе одан жоғары банктерге қатысты барлық талаптар үшін қолданады. Осылайша, мұндай қаржылық құралдар мен контрагенттер үшін кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюына тексеру жүргізу талап етілмейді.

Банк кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюын айқындау үшін пайдаланылатын критерийлердің тиімді екендігіне көз жеткізу мақсатында мониторинг рәсімдерін енгізді, бұл кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюы дефолт орын алғанға дейін немесе актив бойынша 30 күн мерзімнен асқан кешіктіру туындағанға дейін анықталатынын білдіреді.

Болжамды ақпаратты ұсыну

Банк кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюын бағалау кезінде, сондай-ақ күтілетін кредиттік шығындарды бағалау кезінде артық шығындарсыз немесе күш-жігерсіз қолжетімді болжамдық ақпаратты пайдаланады.

Болжамдық элементтерді енгізу Банктің күтулерін көрсетеді. Банк сценарийлерді қарастырады, олардың саны іске асу ықтималдығын, осы сценарийдің маңыздылығын, мән-жайлардың өзгеруін және макроэкономикалық ортаны бағалауға байланысты болады.

Сценарийлерді пайдаланудың мақсаты макроэкономикалық факторлардың күтілетін кредиттік шығындарға сызықтық емес әсерін модельдеу болып табылады.

15 Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Аталған түзетуді дефолт ықтималдығының параметрлеріне енгізу үшін тарихи дефолт деңгейінің мінез-құлқын таңдалған макроэкономикалық айнымалылармен түсіндіретін регрессиялық модель қолданылады. Мұндай функция (егер осы портфель үшін статистикалық тұрғыдан қолдануға жарамды болса) дефолт ықтималдығын түзету үшін пайдаланылады, бұл оны неғұрлым дәл және белгілі бір дәрежеде болашақ мәндерге бағдарланған етеді.

Макроэкономикалық функцияны модельдеудің мақсаты күтілетін кредиттік шығындарды бағалауға болжамдық ақпаратты (дефолт ықтималдығы параметрі арқылы), оның ішінде макроэкономикалық айнымалылардың әсерін, сондай-ақ экономикалық циклді енгізу болып табылады.

Банктің Кредиттік комитеті Банктің дефолттары туралы деректерді, сондай-ақ қаржылық активтер мен Банктің шартты міндеттемелері бойынша дефолт ықтималдығына макроэкономикалық факторлардың әсерін модельдеу үшін кредиттік тәуекел деңгейі туралы баламалы ақпарат көздерін пайдалану туралы шешім қабылдайды.

Тәуекел деңгейіне статистикалық әсердің маңыздылығын есептеу үшін келесі макроэкономикалық параметрлер (айнымалылар) ескеріледі.:

- Жалпы ішкі өнім
- Жұмыссыздық деңгейі
- Тұтынудың өсуі
- Номиналды пайыздық мөлшерлеме (нақты мөлшерлеме және инфляция)
- Үй шаруашылықтарының қорытынды тұтынуы
- Тұтынудың өсуі
- Ағымдағы төлем балансының сальдосы

Банк критерийлерді (статистиканы) талдау негізінде макроэкономикалық факторлардың Банктің қаржылық активтері мен шартты міндеттемелері бойынша дефолт ықтималдығына әсерін модельдеу үшін айнымалыларды енгізу туралы шешім қабылдайды.

Статистикалық критерийлер негізінде бағалау және түпкілікті шешім қабылдау үшін статистикалық тұрғыдан рұқсат етілетін модельдер жиынтығы таңдалады. Барлық рұқсат етілетін модельдер статистикалық нәтижелердің экономикалық және іскерлік негіздемелермен сәйкестігі тұрғысынан тексеріледі.

Жүргізілген модельдеу нәтижелері бойынша Банктің Кредиттік комитеті қаржылық активтер мен Банктің шартты міндеттемелері бойынша дефолт ықтималдығын бағалау кезінде макроэкономикалық факторды қолдану туралы шешім қабылдайды..

Көптік сызықтық регрессия бойынша статистикалық көрсеткіштер.

| № | Ауыспалылар атауы | P-value | Coefficients (B) | R Square | Adjusted R Square | Standard Error | Significance F |
|---|--|---------|------------------|----------|-------------------|----------------|----------------|
| 1 | Жұмыссыздық деңгейі | 0,4567 | -2,3802 | | | | |
| 2 | Базалық мөлшерлеме | 0,2545 | -0,9580 | | | | |
| 3 | Ағымдағы төлем | | | | | | |
| 4 | балансының сальдосы | 0,9948 | -0,0001 | 0.1276 | -0.0904 | 0.4905 | 0.7387 |
| 5 | Тұтынудың өсуі | 0,9174 | -0,3481 | | | | |
| 6 | Үй шаруашылықтарының қорытынды тұтынуы | 0,4986 | 3,6256 | | | | |
| | Жалпы ішкі өнім | 0,6708 | 0,0609 | | | | |

2025 жылғы 31 желтоқсандағы және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жүргізілген талдау нәтижелері бойынша кредиттік тәуекел параметрлері (Қазақстан үшін кредиттік-дефолттық своптар (CDS) мөлшерлемелері) мен әрбір макроэкономикалық параметр бойынша көптік және бірөлшемді сызықтық регрессия арасындағы әлсіз тәуелділік анықталды. Макроэкономикалық факторлардың кредиттік тәуекел параметрлеріне расталған әсерінің болмауына байланысты оларды PD есептеуіне енгізу жүргізілмейді.

15 Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі - бұл Банктің өз міндеттемелерін орындау үшін ақша қаражаттарын тартуда қиындықтарға тап болуы тәуекелі. Өтімділік тәуекелі активтер мен міндеттемелердің өтеу мерзімдерінің сәйкес келмеуі нәтижесінде туындайды. Активтер мен міндеттемелердің өтеу мерзімдері мен пайыздық мөлшерлемелері бойынша сәйкестік және/немесе бақыланатын сәйкессіздік өтімділік тәуекелін басқарудың негізгі элементі болып табылады. Жүргізілетін операциялардың әртүрлілігі мен оларға байланысты белгісіздікке байланысты активтер мен міндеттемелердің өтеу мерзімдерінің толық сәйкес келуі қаржы институттары үшін әдеттегі тәжірибе болып табылмайды, бұл операциялардың табыстылығын арттыруға мүмкіндік береді, алайда шығындардың туындау тәуекелін арттырады.

Банк міндеттемелерді өтеу мерзімі келген кезде оларды орындау үшін қажетті ақша қаражаттарының тұрақты болуын қамтамасыз ету мақсатында өтімділіктің қажетті деңгейін қолдайды. Өтімділікті басқару саясаты Директорлар кеңесінде қаралады және бекітіледі. Банк қаржыландыру көздерінің әртараптандырылған және тұрақты құрылымын белсенді түрде қолдауға ұмтылады, оған халықаралық қаржы ұйымдарының ұзақ мерзімді кредиттері, басқа банктердің қысқа мерзімді кредиттері, негізгі корпоративтік клиенттер мен жеке тұлғалардың депозиттері, сондай-ақ жоғары өтімді активтердің әртараптандырылған портфелі кіреді, бұл Банктің өтімділікке қатысты күтпеген талаптарға жедел және күрт ауытқуларсыз жауап беру қабілетін қамтамасыз етеді.

Өтімділік тәуекелін басқаруға қатысты корпоративтік тәуекелдерді басқару саясатының бөлімі келесіден тұрады:

- негізгі валюталар бөлінісінде ақша ағындарын болжау және осы ақша ағындарымен байланысты қажетті өтімді активтер деңгейін есептеу;
- қаржыландыру көздерінің әртараптандырылған құрылымын қолдау;
- қарыз қаражаттарының шоғырлануы мен құрылымын басқару;
- қарыз қаражаттары есебінен қаржыландыруды тарту жоспарларын өзірлеу;
- кассалық өтімділік алшақтығы туындаған жағдайда қорғаныс шарасы ретінде еркін іске асырылатын жоғары өтімді активтер портфелін қолдау;
- өтімділікті және белгіленген қаржыландыру деңгейін қолдау бойынша резервтік жоспарларды өзірлеу;
- өтімділік көрсеткіштерінің заңнамамен белгіленген нормативтерге сәйкестігін бақылауды жүзеге асыру.

Қазынашылық бөлімшелерден олардың қаржылық активтері мен міндеттемелерінің өтімділік құрылымы және болашақта жоспарланған қызметтен күтілетін ақша ағындарын болжау туралы ақпарат алады.

Осыдан кейін Қазынашылық Банктің жалпы өтімділігінің қажетті деңгейін қамтамасыз ету үшін негізінен саудаға арналған қысқа мерзімді өтімді бағалы қағаздардан, банктерде орналастырылған депозиттерден және өзге де банкаралық өнімдерден тұратын қысқа мерзімді өтімді активтердің тиісті портфелін қалыптастырады.

Қазынашылық күн сайын өтімділік позициясына мониторинг жүргізеді және қалыпты, сондай-ақ қолайсыз нарық жағдайларының әртүрлі ықтимал сценарийлерін ескере отырып, тұрақты негізде «күйзеліс-тесттер» жүргізеді. Қалыпты нарықтық жағдайларда өтімділік жағдайы туралы есептер жоғары басшылыққа апта сайын ұсынылады. Өтімділікті басқару саясатына қатысты шешімдер АПБК-де қабылданады және Қазынашылықпен орындалады.

Төменде келтірілген кестелер қаржылық активтер, қаржылық міндеттемелер және кредиттік сипаттағы шартты міндеттемелер бойынша шарттарда белгіленген өтеу мерзімдерінің ең ерте күні бойынша дисконтталмаған ақша ағындарын көрсетеді. Осы кестелерде көрсетілген ақша ағындарының түсімдері мен шығыстарының жиынтық сомалары қаржылық активтер, міндеттемелер немесе кредиттік сипаттағы шартты міндеттемелер бойынша шарттық дисконтталмаған ақша ағындарын білдіреді. Шығарылған қаржылық кепілдік шарттарына қатысты кепілдіктің ең жоғары сомасы кепілдікті пайдалану мүмкін болатын ең ерте кезеңге жатқызылады.

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ
Қаржылық есептілікке ескертпелер

15 Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық міндеттемелерді өтеу мерзімдері бойынша талдау келесідей ұсынылуы мүмкін:

| Мың қазақстандық теңгемен | Талап етілгенге дейін және 1 айдан кем | | 1 айдан 3 айға дейін | | 3 айдан 6 айға дейін | | 6 айдан 12 айға дейін | | 1 жылдан артық | | Ақша қаражаттары ағындарының шығуының сомалық шамасы | Баланстық құны |
|--|--|-------------------|----------------------|----------------------|-----------------------|------------------|-----------------------|--------------------|--------------------|--------------------|--|--------------------|
| | 1 айдан кем | 3 айға дейін | 1 айдан 3 айға дейін | 3 айдан 6 айға дейін | 6 айдан 12 айға дейін | 1 жылдан артық | 1 жылдан артық | 1 жылдан артық | | | | |
| Туынды емес қаржылық міндеттемелер | | | | | | | | | | | | |
| Банктердің шоттары мен депозиттері | 880,564 | - | - | - | - | - | - | - | - | - | 880,564 | 880,564 |
| Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері | 79,049,824 | 12,923,586 | 12,923,586 | 335,569,955 | 199,431,476 | 899,271 | 899,271 | 627,874,112 | 596,737,282 | 627,874,112 | 596,737,282 | 596,737,282 |
| Алынған қарыздар | 3,321,850 | 561,262 | 561,262 | 2,784,632 | 3,695,889 | 5,820,354 | 5,820,354 | 16,183,987 | 13,116,938 | 16,183,987 | 13,116,938 | 13,116,938 |
| Өзге қаржылық міндеттемелер | 403 | 767 | 767 | 1,182 | 2,391 | (1,827) | (1,827) | 2,915 | 2,915 | 2,915 | 2,915 | 2,915 |
| Міндеттемелердің барлығы | 83,252,641 | 13,485,615 | 13,485,615 | 338,355,769 | 203,129,756 | 6,717,798 | 6,717,798 | 644,941,578 | 610,737,699 | 644,941,578 | 610,737,699 | 610,737,699 |
| Несиелік мәндегі шарттық міндеттемелер | | | | | | | | | | | | |
| | 12,932,356 | - | - | - | - | - | - | 12,932,356 | 12,932,356 | 12,932,356 | 12,932,356 | 12,932,356 |
| Туынды емес қаржылық міндеттемелердің барлығы | 96,184,997 | 13,485,615 | 13,485,615 | 338,355,769 | 203,129,756 | 6,717,798 | 6,717,798 | 657,873,934 | 623,670,055 | 657,873,934 | 623,670,055 | 623,670,055 |

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ
Қаржылық есептілікке ескертпелер

15 Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық міндеттемелерді өтеу мерзімдері бойынша талдау келесідей ұсынылуы мүмкін:

| Мың қазақстандық теңгемен | Талап етілгенге дейін және 1 айдан кем | | 1 айдан 3 айға дейін | | 3 айдан 6 айға дейін | | 6 айдан 12 айға дейін | | 1 жылдан артық | | Ақша қаражаттары ағындарының шығуының сомалық шамасы | Баланстық құны |
|--|--|----------------------|----------------------|-----------------------|----------------------|--------------------|-----------------------|---|----------------|---|--|----------------|
| | Талап етілгенге дейін және 1 айдан кем | 1 айдан 3 айға дейін | 3 айдан 6 айға дейін | 6 айдан 12 айға дейін | 1 жылдан артық | 1 жылдан артық | | | | | | |
| Туынды емес қаржылық міндеттемелер | | | | | | | | | | | | |
| Банктердің шоттары мен депозиттері | 506,316 | - | - | - | - | - | - | - | - | - | 506,316 | 506,316 |
| Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері | 33,809,851 | 9,523,328 | 504,867,714 | 38,993,202 | 149,704 | 587,343,799 | 566,385,686 | | | | | |
| Алынған қарыздар | 1,247,753 | 780,746 | 2,247,071 | 3,214,907 | 9,060,279 | 16,550,756 | 14,058,073 | | | | | |
| Өзге қаржылық міндеттемелер | 1,074,576 | 756 | 1,165 | 2,195 | - | 1,078,692 | 1,078,692 | | | | | |
| Міндеттемелердің барлығы | 36,638,496 | 10,304,830 | 507,115,950 | 42,210,304 | 9,209,983 | 605,479,563 | 582,028,767 | | | | | |
| Кредиттік мәндегі шарттық міндеттемелер | 5,456,494 | - | - | - | - | 5,456,494 | 5,456,494 | | | | | |
| Туынды емес қаржылық міндеттемелердің барлығы | 42,094,990 | 10,304,830 | 507,115,950 | 42,210,304 | 9,209,983 | 610,936,057 | 587,485,261 | | | | | |

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салымшылар өздерінің мерзімді депозиттерін кез келген уақытта банктен қайтарып алуға құқылы, бұл ретте көп жағдайда олар есептелген пайыздық табысты алу құқығынан айырылады. Аталған депозиттер шарттарда белгіленген өтеу мерзімдері негізінде ұсынылған.

Банктің басшылығы бұл шоттарды мерзімінен бұрын алу мүмкіндігі бар екендігіне және салымдардың елеулі бөлігі талап етілгенге дейінгі шоттар болып табылатынына қарамастан, ұзақ мерзімді және тұрақты қаржыландыру көзі ретінде қарастырады. Бұған Банктің клиенттерді ұзақ мерзімді ынтымақтастыққа ынталандыратын қызмет көрсетудің барынша қолайлы және тартымды шарттарын құруға бағытталған стратегиясын іске асыруы дәлел болып табылады.

Басшылық белгілі бір қаржылық активтер мен міндеттемелер бойынша ақша ағындарының қозғалысы шарттарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін деп күтеді, себебі не басшылық ақша ағындарының қозғалысын басқаруға үкілетті, не өткен тәжірибе осы қаржылық активтер мен міндеттемелер бойынша ақша ағындарының қозғалыс мерзімдері шарттарда белгіленген мерзімдерден өзгеше болуы мүмкін екенін көрсетеді.

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ
Қаржылық есептілікке ескертпелер

15 Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Кестеде 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есепте танылған сомалардың өтеу мерзімдері бойынша талдауы ұсынылған:

| Мың қазақстандық теңгемен | Талап етілгенге дейін және 1 айдан кем | | | | | 1 жылдан 5 жылға дейін | | 5 жылдан артық | | Өтеу мерзімінсіз | Мерзімі өткен | Барлығы |
|--|--|---------------------|-------------------------------|-----------------------|------------------------|------------------------|------------------|------------------|----------|------------------|----------------|----------------------|
| | 1 айдан кем | 3 айға дейін | 1 айдан 3 айдан 12 айға дейін | 3 айдан 12 айға дейін | 1 жылдан 5 жылға дейін | 5 жылдан артық | 5 жылдан артық | 5 жылдан артық | | | | |
| Туынды емес активтер | | | | | | | | | | | | |
| Ақша қаражаттары және олардың баламалары | 532,780,361 | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | 532,780,361 |
| Басқа банктердегі қаражаттар | - | 184,946 | 4,788,140 | 4,788,140 | - | - | - | - | - | - | - | 4,973,086 |
| Клиенттерге берілген несиелер | 4,715,919 | 8,756,596 | 62,473,623 | 62,473,623 | 37,924,664 | 9,347,198 | 9,347,198 | 9,347,198 | - | - | 352,869 | 123,570,869 |
| Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар | 25,142,278 | 12,295,845 | 9,696,359 | 9,696,359 | 3,516,156 | - | - | - | - | - | - | 50,650,638 |
| Өзге қаржылық активтер | - | - | 25,077 | 25,077 | - | - | - | - | - | - | - | 25,077 |
| АКТИВТЕР ЖИЫНЫ | 562,638,558 | 21,237,387 | 76,983,199 | 76,983,199 | 41,440,820 | 9,347,198 | 9,347,198 | 9,347,198 | - | - | 352,869 | 712,000,031 |
| Туынды емес қаржылық міндеттемелер | | | | | | | | | | | | |
| Банктердің шоттары мен депозиттері | (880,564) | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | (880,564) |
| Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері | (84,789,748) | (12,887,090) | (498,926,519) | (498,926,519) | (133,925) | - | - | - | - | - | - | (596,737,282) |
| Алынған қарыздар | (625,654) | (358,046) | (4,972,036) | (4,972,036) | (7,161,202) | - | - | - | - | - | - | (13,116,938) |
| Өзге қаржылық міндеттемелер | (753,432) | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | (753,432) |
| МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ | (87,049,398) | (13,245,136) | (503,898,555) | (503,898,555) | (7,295,127) | - | - | - | - | - | - | (611,488,216) |
| Таза позиция | 475,589,160 | 7,992,251 | (426,915,356) | (426,915,356) | 34,145,693 | 9,347,198 | 9,347,198 | 9,347,198 | - | - | 352,869 | 100,511,815 |

«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ
Қаржылық есептілікке ескертпелер

15 Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Кестеде 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есепте танылған сомалардың өтеу мерзімдері бойынша талдау ұсынылған:

| Мың қазақстандық теңгемен | Талап етілгенге дейін және 1 айдан кем | | | | | 1 жылдан 5 жылға дейін | 5 жылдан артық мерзімінсіз | Өтеу мерзімі өткен | Барлығы |
|--|--|--------------------|-----------------------|-----------------------|------------------------|------------------------|----------------------------|--------------------|----------------------|
| | 1 айдан кем | 3 айға дейін | 1 айдан 12 айға дейін | 3 айдан 12 айға дейін | 1 жылдан 5 жылға дейін | | | | |
| Туынды емес активтер | | | | | | | | | |
| Ақша қаражаттары және олардың баламалары | 529,876,309 | - | - | - | - | - | - | - | 529,876,309 |
| Басқа банктердегі қаражаттар | - | 184,913 | - | - | - | - | - | - | 184,913 |
| Клиенттерге берілген несиелер | 1,325,153 | 2,666,226 | 39,850,102 | 39,850,102 | 24,409,655 | 9,398,295 | - | 300,855 | 77,950,286 |
| Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар | 3,395,417 | 4,970,173 | 13,363,461 | 13,363,461 | 31,394,377 | - | - | - | 53,123,428 |
| Өзге қаржылық активтер | - | - | 486,529 | 486,529 | - | - | - | - | 486,529 |
| АКТИВТЕР ЖИЫНЫ | 534,596,879 | 7,821,312 | 53,700,092 | 53,700,092 | 55,804,032 | 9,398,295 | - | 300,855 | 661,621,465 |
| Туынды емес қаржылық міндеттемелер | | | | | | | | | |
| Банктердің шоттары мен депозиттері | (506,316) | - | - | - | - | - | - | - | (506,316) |
| Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері | (33,815,302) | (9,508,559) | (522,923,357) | (522,923,357) | (138,468) | - | - | - | (566,385,686) |
| Алынған қарыздар | (285,972) | (371,627) | (3,501,214) | (3,501,214) | (9,899,260) | - | - | - | (14,058,073) |
| Өзге қаржылық міндеттемелер | (300,131) | (756) | (3,360) | (3,360) | - | - | - | - | (304,247) |
| МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ | (34,907,721) | (9,880,942) | (526,427,931) | (526,427,931) | (10,037,728) | - | - | - | (581,254,322) |
| Таза позиция | 499,689,158 | (2,059,630) | (472,727,839) | (472,727,839) | 45,766,304 | 9,398,295 | - | 300,855 | 80,367,143 |

16 Капиталды басқару

Банктің капиталды басқаруының келесі мақсаттары бар: (i) ҚРҰБ белгілеген, капиталға қойылатын талаптарды сақтау; (ii) Банктің қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету; және (iii) капитал жеткіліктілігі коэффициентін қамтамасыз ету үшін қажетті деңгейде капитал базасын қолдау. Банктің капиталды басқарудағы негізгі мақсаты Банктің капиталға қатысты сыртқы талаптарды сақтауын қамтамасыз ету және қызметті жүзеге асыру мен акционерлік құнды барынша арттыру үшін қажетті жоғары кредиттік рейтинг пен капитал жеткіліктілігі нормативтерін қолдау болып табылады.

Уәкілетті орган белгілеген капитал жеткіліктілігі коэффициенті. 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚРҰБ Банктен ҚРҰБ бекіткен қағидаларға сәйкес активтердің және шартты әрі ықтимал талаптар мен міндеттемелердің, сондай-ақ операциялық тәуекелдің 8% мөлшерінде k1, 9% мөлшерінде k1-2 және 10.5% мөлшерінде k2 капитал жеткіліктілігі коэффициенттерін ұстап тұруды талап етеді.

Капитал жеткіліктілігі коэффициенттерін есептеулер ҚРҰБ бекіткен қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады:

- k1 негізгі капитал жеткіліктілігі коэффициенті негізгі капиталдың тәуекелді және операциялық тәуекелді ескере отырып өлшенген активтер мен шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер сомасына қатынасына тең;
- k1-2 бірінші деңгейдегі капитал жеткіліктілігі коэффициенті бірінші деңгейдегі капиталдың тәуекелді және операциялық тәуекелді ескере отырып өлшенген активтер мен шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер сомасына қатынасына тең;
- k2 меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті меншікті капиталдың тәуекелді және операциялық тәуекелді ескере отырып өлшенген активтер мен шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер сомасына қатынасына тең.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің капитал жеткіліктілігі коэффициенті нормативтік минимумнан жоғары болды.

Банктің негізгі басқарушы персоналына ұсынылған ақпарат негізінде, 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банк басқарған меншікті капитал көлемі 101,862,254 мың теңгені құрады (2024 жыл: 81,230,098 мың теңге). Нормативтік капитал: бірінші деңгейдегі капитал және жиынтық капитал – 101,504,865 мың теңге (2024 жыл: 80,910,429 мың теңге), Банк 2025 және 2024 жылдар ішінде сыртқы органдар белгілеген капиталға қойылатын барлық талаптарды орындады.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банк барлық пруденциялық талаптарды орындады.

17 Шарттық міндеттемелер

Кредиттік мәндегі шарттық міндеттемелер

Банк өз клиенттерінің үшінші тұлғалар алдындағы міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету мақсатында банктік кепілдіктер береді және аккредитивтер ашады. Аталған келісімдер міндеттемелер лимиттерін белгілейді және, әдетте, бес жылға дейінгі қолданылу мерзіміне ие.

Банк қаржылық кепілдіктер мен кредиттік шартты міндеттемелерді ұсыну кезінде клиенттерге кредиттер беру кезіндегідей тәуекелдерді басқару саясаты мен рәсімдерін қолданады.

17 Шарттық міндеттемелер (жалғасы)

Төмендегі кестеде 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кредиттік желілер туралы ақпарат берілген:

| Мың қазақстандық теңгемен | 1-саты (12 айдағы ККШ) | PD - Average 12M | 2-саты (кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюынан бүкіл мерзім ішіндегі ККШ) | PD - lifetime | 3-саты (кредиттік- құнсыздан- ған активтер бойынша бүкіл мерзімі ішіндегі ККШ) | PD | Жиыны |
|---|------------------------------|------------------------|--|------------------|---|------|-------------------|
| Кредиттік желілер | | | | | | | |
| «А» | 5,926,600 | 1.35% | - | - | - | - | 5,926,600 |
| «BBB» | 760,589 | 3.57% | 4,854,245 | 3.08% | - | - | 5,614,834 |
| «BB» | 1,102,032 | 10.99% | 61,421 | 18.17% | 42,131 | 100% | 1,205,584 |
| «B» | 45,000 | 21.57% | - | - | - | - | 45,000 |
| «CCC»/«C» | - | - | - | - | 28,160 | 100% | 28,160 |
| Жалпы баланстық құны | 7,834,221 | | 4,915,666 | | 70,291 | | 12,820,178 |
| Кредиттік шығындарға бағалау резерві | (2,556) | | - | | - | | (2,556) |
| Баланстық құны | 7,831,665 | | 4,915,666 | | 70,291 | | 12,817,622 |

Төмендегі кестеде 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кредиттік желілер туралы ақпарат берілген:

| Мың қазақстандық теңгемен | 1-саты (12 айдағы ККШ) | PD - Average 12M | 2-саты (кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюынан бүкіл мерзім ішіндегі ККШ) | PD - lifetime | 3-саты (кредиттік- құнсыздан- ған активтер бойынша бүкіл мерзімі ішіндегі ККШ) | PD | Жиыны |
|---|------------------------------|------------------------|--|------------------|---|------|------------------|
| Кредиттік желілер | | | | | | | |
| «А» | 1,200,500 | 2.19% | - | - | - | - | 1,200,500 |
| «BBB» | 2,227,072 | 4.34% | 10,209 | 10.92% | - | - | 2,237,281 |
| «BB» | 1,279,836 | 16.90% | 52,558 | 22.61% | 10,848 | 100% | 1,343,242 |
| «B» | - | - | 27,376 | 26.65% | 1,295 | 100% | 28,671 |
| «CCC»/«C» | - | - | 472,599 | 39.29% | 71,878 | 100% | 544,477 |
| Жалпы баланстық құны | 4,707,408 | | 562,742 | | 84,021 | | 5,354,171 |
| Кредиттік шығындарға бағалау резерві | (137) | | - | | - | | (137) |
| Баланстық құны | 4,707,271 | | 562,742 | | 84,021 | | 5,354,034 |

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кредиттік желілер көлемі 2024 жылғы 31 желтоқсандағы деректермен салыстырғанда едәуір өскенін көрсетті, бұл қарыз алушыларды кредиттеу көлемдерінің кеңеюімен байланысты. Портфель құрылымы 1-сатыда жоғары шоғырланумен сипатталады, 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 61%-дан астам (2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша – 88%). Айта кету керек, активтердің бір бөлігі кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаю белгілерінің болуына байланысты 2-сатыға жіктелді, оның ішінде жекелеген контрагенттердің пруденциялық нормативтерді бұзу фактілері бар, бұл активтердің кезеңдер арасында қайта бөлінуіне әсер етіп, соның ішінде 1-сатыдағы активтер үлесінің төмендеуіне алып келді. Осы талдауда кредиттік тәуекелді бағалаудың репрезентативтілігі мен салыстырмалылығын қамтамасыз ету мақсатында белгілі бір уақыт көкжиегінде жинақталған дефолт ықтималдығын көрсететін кумулятивтік дефолт ықтималдығы (CPD) пайдаланылды. 1-сатыда дефолт ықтималдығының (PD) орташа өлшенген көрсеткіштері кредиттік желілер бөлінісінде 2024 жылғы 31 желтоқсандағы деректермен салыстырғанда рейтингтік топтар бойынша төмендеуді көрсетеді — «А» бойынша 0.84%-ға, «BBB» бойынша 0.77%-ға, «BB» бойынша 5.91%-ға, бұл кредиттік сапаның жақсарғанын және кредиттік тәуекелдің төмендегенін көрсетеді.

17 Шарттық міндеттемелер (жалғасы)

2-сатыдағы дефолт ықтималдығының (PD) орташа өлшенген көрсеткіштері кредиттік желілер бөлінісінде де 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдаймен салыстырғанда «BBB» (7.84%-ға), «BB» (4.44%-ға), «ССС»/«С» (2.48%-ға) рейтингтік топтары бойынша төмендеуді көрсетеді, бұл кредиттік сапаның жақсарғанын және кредиттік тәуекелдің төмендегенін көрсетеді. Кредиттік шығындар бойынша бағалау резервінің көлемі кредиттік портфельдің қамтамасыз етілу деңгейін ескере отырып қалыптастырылады. Кредиттік желілер жылжымайтын мүлік сияқты кепілмен және екінші деңгейдегі банк берген кепілдіктермен; Standard & Poor's рейтингтік агенттігінің Қазақстан Республикасының егемендік рейтингінен төмен емес рейтингі бар заңды тұлғамен немесе өзге рейтингтік агенттіктердің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингі бар тұлғамен; сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектісімен қамтамасыз етілген, олар қарыз алушылардың кредиттік берешегін кредиттік желілердің пайдаланылмаған бөлігін және қолданылатын дисконттау коэффициенттерін ескере отырып 119%-дан астам деңгейде жабады.

Төмендегі кестеде 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық кепілдіктер туралы ақпарат ұсынылған:

| <i>Мың қазақстандық теңгемен</i> | 1-саты (12 айдағы ККШ) | PD - Average 12M | Жиыны |
|--------------------------------------|-----------------------------------|-------------------------|----------------|
| Қаржылық кепілдіктер | | | |
| «BBB» | 10,429 | 10.24% | 10,429 |
| «BB» | 103,660 | 10.24% | 103,660 |
| «B» | 645 | 10.24% | 645 |
| Жалпы баланстық құны | 114,734 | | 114,734 |
| Кредиттік шығындарға бағалау резерві | - | | - |
| Баланстық құны | 114,734 | | 114,734 |

Төмендегі кестеде 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық кепілдіктер туралы ақпарат ұсынылған:

| <i>Мың қазақстандық теңгемен</i> | 1-саты (12 айдағы ККШ) | PD - Average 12M | Жиыны |
|--------------------------------------|-----------------------------------|-------------------------|----------------|
| Қаржылық кепілдіктер | | | |
| «BB» | 102,460 | 19.64% | 102,460 |
| Жалпы баланстық құны | 102,460 | | 102,460 |
| Кредиттік шығындарға бағалау резерві | - | | - |
| Баланстық құны | 102,460 | | 102,460 |

Берілген кепілдіктер бойынша жылжымайтын мүлік және ақшалай қаражат түріндегі кепілдік қамтамасыз ету көзделген, олар қолданылатын дисконттау коэффициенттерін ескере отырып контрагенттердің кредиттік берешегін 115%-дан астам мөлшерде жабады.

Аяқталмаған сот талқылаулары

Басшылықта Банкке қарсы бағытталуы мүмкін қандай да бір елеулі нақты немесе аяқталмаған сот талқылаулары, сондай-ақ әлеуетті талап-арыздар туралы ақпарат жоқ.

17 Несиелік мәндегі шарттық міндеттемелер (жалғасы)

Салық міндеттемелері

Қазақстанның салық жүйесі салыстырмалы түрде жаңа бола отырып, заңнамалық нормалардың, ресми түсіндірмелердің және сот шешімдерінің жиі өзгеруімен сипатталады, олар көбінесе нақты тұжырымдалмаған және бір-біріне қайшы келеді, бұл әртүрлі салық органдары тарапынан, соның ішінде ХҚЕС-ке сәйкес қаржылық есептілікте кірістерді, шығыстарды және өзге баптарды есепке алу тәртібіне қатысты пікірлерді қоса алғанда, оларды әртүрлі түсіндіруге мүмкіндік береді. Салықтарды дұрыс есептеуге қатысты тексерулер мен тергеп-тексерулер әртүрлі деңгейдегі реттеуші органдар тарапынан жүргізіледі, олар ірі айыппұлдар салуға және пайыздар өндіріп алуға құқылы. Есепті кезеңдегі салықтардың дұрыс есептелуі кейінгі бес күнтізбелік жыл ішінде тексерілуі мүмкін, алайда белгілі бір жағдайларда бұл мерзім ұлғайтылуы мүмкін.

Аталған мән-жайлар Қазақстандағы салықтық тәуекелдердің басқа елдерге қарағанда әлдеқайда жоғары болуына әкелуі мүмкін. Басшылықтың пікірінше, салықтық міндеттемелер осы қаржылық есептілікте басшылықтың қолданыстағы салық заңнамасын, нормативтік құжаттарға ресми түсіндірмелерді және сот органдарының шешімдерін түсіндіруіне сүйене отырып толық көлемде көрсетілген. Алайда, салық заңнамасын әртүрлі реттеуші органдардың түсіндірулері Банктің басшылығының пікірінен өзгеше болуы мүмкін екенін ескере отырып, реттеуші органдар тарапынан мәжбүрлеу шаралары қолданылған жағдайда олардың Банктің қаржылық есептілігіне әсері елеулі болуы мүмкін.

18 Байланысты тараптар арасындағы операциялар

Бақылау қатынастары

Банктің бас компаниясы «Shinhan Bank» АҚ (Сеул, Корея Республикасы) болып табылады. Банктің бас компаниясы сыртқы пайдаланушыларға қолжетімді қаржылық есептілікті дайындайды.

Банктің соңғы бас компаниясы Shinhan Financial Group Co. Ltd болып табылады, ол Банктің қызметін өз қалауы бойынша және өз мүдделерінде бағыттауға құқылы.

Директорлар кеңесінің және Басқарманың мүшелерімен операциялар

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар ішінде «Персоналға арналған шығындар» бабына енгізілген сыйақының жалпы мөлшері келесідей ұсынылуы мүмкін:

| Мың қазақстандық теңгемен | 2025 ж. | 2025 ж. | 2024 ж. | 2024 ж. |
|---------------------------|---|-------------------------|---|-------------------------|
| | арналған сыйақы сомасы, салықтар мен аударымдарды ескере отырып | салықтар мен аударымдар | арналған сыйақы сомасы, салықтар мен аударымдарды ескере отырып | салықтар мен аударымдар |
| Директорлар кеңесі | 23,555 | 2,634 | 14,228 | 1,352 |
| Басқарма | 447,501 | 49,194 | 287,880 | 31,129 |
| | 471,056 | 52,128 | 302,108 | 32,481 |

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерімен операциялар бойынша шоттардағы қалдықтар және орташа сыйақы мөлшерлемелері мыналарды құрады:

| Мың қазақстандық теңгемен | 2025 ж. | Орташа сыйақы | 2024 ж. | Орташа сыйақы |
|--|--------------|-----------------|--------------|-----------------|
| | 31 желтоқсан | мөлшерлемесі, % | 31 желтоқсан | мөлшерлемесі, % |
| Қаржылық жағдай туралы есеп | | | | |
| Клиенттерге берілген несиелер | 14,076 | 7 | - | - |
| Өзге активтер | 2,415 | - | 19,787 | - |
| Ағымдағы шоттар | (9,114) | - | (4,213) | - |
| Депозиттер | (15,750) | 1.13 | (6,381) | 4.94 |
| Еңбек ақы төлеу бойынша өзге міндеттемелер | (43,341) | - | (37,074) | - |

18 Байланысты тараптар арасындағы операциялар (жалғасы)

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерімен операциялар бойынша пайда немесе шығын құрамына енгізілген сомалар келесідей ұсынылуы мүмкін:

| <i>Мың қазақстандық теңгемен</i> | 2025 ж. | 2024 ж. |
|---|---------|---------|
| Пайда немесе шығын және өзге жиынтық табыс туралы есеп | | |
| Шетел валютасымен операциялардан түскен табыс | 963 | 695 |
| Пайыздық табыстар | 821 | - |
| Комиссиялық табыстар | 343 | 227 |
| Пайыздық шығыстар | (545) | (675) |
| Өзге жалпы шаруашылық және өкімшілік шығыстар | (1,353) | (1,957) |

Өзге байланысты тараптармен операциялар

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша шоттар бойынша қалдықтар және тиісті орташа сыйақы мөлшерлемелері, сондай-ақ көрсетілген күндерде аяқталған жыл үшін өзге байланысты тараптармен операциялар бойынша тиісті пайда немесе шығын келесіні құрады:

| <i>Мың қазақстандық теңгемен</i> | Бас банк | | Соңғы Бас кәсіпорынның бақылауында және елеулі ықпалында болатын компаниялар | | Өзге байланысты тараптар** | |
|---|-------------------------|---|--|-------|----------------------------|------|
| | 2025 ж. 31 желтоқсан | % | 2025 ж. 31 желтоқсан | % | 2025 ж. 31 желтоқсан | % |
| Қаржылық жағдай туралы есеп | | | | | | |
| АКТИВТЕР | | | | | | |
| Ақша қаражаттары және олардың баламалары | | | | | | |
| - еуромен | - | - | 1,056,324 | - | - | - |
| - өзге валютада | - | - | 5,195 | - | - | - |
| Клиенттерге берілген несиелер | | | | | | |
| - теңгемен | - | - | 45,579,734 | 17.56 | 111,337 | 7.5 |
| Өзге активтер | | | | | | |
| - теңгемен | 59,669 | - | - | - | 447 | - |
| МІНДЕТТЕМЕЛЕР | | | | | | |
| Банктердің шоттары мен депозиттері | | | | | | |
| - теңгемен | 68,199 | - | - | - | - | - |
| - АҚШ долларымен | 808,522 | - | - | - | - | - |
| - еуромен | 3,843 | - | - | - | - | - |
| Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері | | | | | | |
| - теңгемен | - | - | 181,967 | 5.98 | 7,531 | 4.97 |
| - АҚШ долларымен | - | - | - | - | 3,847 | 0.01 |
| Өзге міндеттемелер | | | | | | |
| - теңгемен | - | - | 41 | - | 12 | - |
| - АҚШ долларымен | 96,321 | - | 46,916 | - | - | - |
| Қаржылық жағдай туралы есепте танылмаған баптар | | | | | | |
| Алынған кепілдіктер* | | | | | | |
| - теңгемен | - | - | 3,850,000 | - | 23,000 | - |
| - АҚШ долларымен | 13,902,075 | - | - | - | - | - |

18 Байланысты тараптар арасындағы операциялар (жалғасы)

| Мың қазақстандық теңгемен | 2025 ж. 31 желтоқсан | | |
|---|----------------------|--|----------------------------|
| | Бас банк | Соңғы Бас кәсіпорынның бақылауында және елеулі ықпалында болатын компаниялар | Өзге байланысты тараптар** |
| Пайда немесе шығын және өзге жиынтық табыс туралы есеп | | | |
| Пайыздық табыстар | - | 5,073,666 | 10,011 |
| Пайыздық шығыстар | (19,802) | (16,051) | (1,433) |
| Комиссиялық табыстар | 2,006 | 7,825 | 87 |
| Комиссиялық шығыстар | (116,767) | (2,569) | - |
| Шетел валютасымен операциялардан түскен (шығыс)/табыс | 132 | 6,435 | 12 |
| Өзге жалпы шаруашылық және әкімшілік шығыстар | (177,030) | - | (318) |

* 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша алынған кепілдіктерге корпоративтік клиенттерге берілген қарыздар бойынша бас банк ұсынған АҚШ долларындағы кепілдіктер кіреді. Кепілдіктердің қолданылу мерзімі 2026 жылғы 5 қазан, 2026 жылғы 30 желтоқсан, 2027 жылғы 30 маусым. Соңғы бас компанияның бақылауында және елеулі ықпалында болатын компаниялардан алынған кепілдіктер Банктің корпоративтік клиенттеріне берілген қарыздар бойынша теңгемен кепілдіктерді қамтиды. Кепілдіктердің қолданылу мерзімі 2026 жылғы 27 сәуір және 2026 жылғы 25 қыркүйек. Өзге байланысты тараптардан алынған кепілдіктерге Банктің басшы қызметкерінің отбасы мүшесі ұсынған, Банктің басшы қызметкеріне берілген қарыз бойынша теңгемен кепілдік кіреді. Кепілдік пайызсыз болып табылады, кепілдіктің қолданылу мерзімі 2038 жылғы 02 ақпан.

** Өзге байланысты тараптарға Банктің басшы қызметкерлерімен және олардың отбасы мүшелерімен есеп айырысулар, сондай-ақ Банкпен ерекше қатынастармен байланысты өзге де жеке тұлғалар кіреді.

| Мың қазақстандық теңгемен | Бас банк | | Соңғы Бас кәсіпорынның бақылауында және елеулі ықпалында болатын компаниялар | | Өзге байланысты тараптар** | |
|---|--------------|---|--|------|----------------------------|------|
| | 2024 ж. | % | 2024 ж. | % | 2024 ж. | % |
| | 31 желтоқсан | | 31 желтоқсан | | 31 желтоқсан | |
| Қаржылық жағдай туралы есеп | | | | | | |
| АКТИВТЕР | | | | | | |
| Ақша қаражаттары және олардың баламалары | | | | | | |
| - еуромен | - | - | 35,539 | - | - | - |
| - өзге валютада | - | - | 1,485 | - | - | - |
| Клиенттерге берілген несиелер | | | | | | |
| - теңгемен | - | - | 24,821,439 | 15.3 | 110,250 | 7.46 |
| Өзге активтер | | | | | | |
| - теңгемен | 36,049 | - | - | - | - | - |
| МІНДЕТТЕМЕЛЕР | | | | | | |
| Банктердің шоттары мен депозиттері | | | | | | |
| - теңгемен | 48,010 | - | - | - | - | - |
| - АҚШ долларымен | 452,351 | - | - | - | - | - |
| - еуромен | 5,956 | - | - | - | - | - |
| Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері | | | | | | |
| - теңгемен | - | - | 291,053 | 5.99 | 28,518 | 7.13 |
| - АҚШ долларымен | - | - | - | - | 2,409 | 0.02 |
| Өзге міндеттемелер | | | | | | |
| - теңгемен | 421 | - | 46 | - | 13 | - |
| - АҚШ долларымен | 107,855 | - | - | - | - | - |
| Қаржылық жағдай туралы есепте танылмаған баптар | | | | | | |
| Алынған кепілдіктер* | | | | | | |
| - теңгемен | - | - | 3,850,000 | - | - | - |
| - АҚШ долларымен | 14,960,384 | - | - | - | - | - |
| Кредиттік желілер | - | - | - | - | - | - |

18 Байланысты тараптар арасындағы операциялар (жалғасы)

| Мың қазақстандық теңгемен | 2024 ж. 31 желтоқсан | | |
|---|----------------------|--|----------------------------|
| | Бас банк | Соңғы Бас кәсіпорынның бақылауында және елеулі ықпалында болатын компаниялар | Өзге байланысты тараптар** |
| Пайда немесе шығын және өзге жиынтық табыс туралы есеп | | | |
| Пайыздық табыстар | - | 2,835,685 | 10,414 |
| Пайыздық шығыстар | (36,736) | (15,288) | (1,132) |
| Комиссиялық табыстар | 2,153 | 8,633 | 297 |
| Комиссиялық шығыстар | (66,765) | (2,039) | - |
| Шетел валютасымен операциялардан түскен (шығыс)/табыс | (22) | 5,459 | 696 |
| Өзге жалпы шаруашылық және өкімшілік шығыстар | (113,520) | - | (2,138) |

* 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша алынған кепілдіктерге корпоративтік клиенттерге берілген қарыздар бойынша бас банк ұсынған АҚШ долларындағы кепілдіктер кіреді. Кепілдіктердің қолданылу мерзімі 2026 жылғы 26 мамыр, 2026 жылғы 5 қазан, 2026 жылғы 30 желтоқсан, 2027 жылғы 30 маусым. Соңғы бас компанияның бақылауында және елеулі ықпалында болатын компаниялардан алынған кепілдіктер Банктің корпоративтік клиенттеріне берілген қарыздар бойынша теңгемен кепілдіктерді қамтиды. Кепілдіктердің қолданылу мерзімі 2026 жылғы 27 сәуір және 2026 жылғы 25 қыркүйек.

** Өзге байланысты тараптарға Банктің басшы қызметкерлерімен және олардың отбасы мүшелерімен есеп айырысулар, сондай-ақ Банкпен ерекше қатынастармен байланысты өзге де жеке тұлғалар кіреді.

19 Қаржы активтері мен міндеттемелер: әділ құны және есептік жіктеу

Әділ құнды бағалау бағалау күніне нарық қатысушылары арасында ұйымдастырылған нарықта жүзеге асырылатын операция жағдайында активті сату кезінде алынатын немесе міндеттемені беру кезінде төленетін бағаны айқындауға бағытталған. Дегенмен, белгісіздік пен субъективті пайымдаулардың қолданылуын ескере отырып, әділ құн активтерді жедел сату немесе міндеттемелерді беру шеңберінде іске асырылатын құн ретінде түсіндірілмеуі тиіс.

Белсенді нарықта айналыста болатын қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің әділ құны нарықтық баға белгілеуге немесе дилерлік бағаларға негізделеді. Банк Банктің барлық өзге қаржылық құралдарының әділ құнын бағалаудың басқа әдістерін пайдалану арқылы айқындайды.

Бағалау әдістеріне таза келтірілген құнды бағалау модельдері және ақша ағындарын дисконттау, нарықтық белгіленген бағалары белгілі ұқсас құралдармен салыстыру жатады. Бағалау үшін қолданылатын пайымдаулар мен деректер тәуекелсіз және базалық пайыздық мөлшерлемелерді, дисконттау мөлшерлемелерін бағалау үшін қолданылатын өзге де түзетулерді, валюта бағамдарын, сондай-ақ бағалардың күтілетін ауытқуларын және оларды салыстыруды қамтиды. Бағалау әдістері есепті күндегі жағдай бойынша қаржылық құралдың құнын көрсететін, тәуелсіз нарық қатысушылары айқындайтын әділ құнды анықтауға бағытталған.

Әділ құнын бағалаудың иерархиясы

Банк көрсетілген бағалауларды қалыптастыру кезінде пайдаланылатын деректердің маңыздылығын ескеретін әділ құнды бағалаудың мынадай иерархиясын пайдалана отырып, әділ құнды бағалайды.

- 1-деңгей: бірдей қаржылық құралдарға қатысты белсенді нарықтағы (түзетілмеген) баға белгілеулер.
- 2-деңгей: 1-деңгейге жататын баға белгілеуден өзгеше, тікелей қолжетімді (яғни баға белгілеу) немесе жанама түрде қолжетімді (яғни баға белгілеумен туындайтын деректер) деректер. Бұл санатқа бағалауы келесілерді пайдалану арқылы жүргізілетін құралдар кіреді: ұқсас құралдар үшін белсенді нарықтардағы нарықтық баға белгілеулер белсенді деп саналмайтын нарықтардағы ұқсас құралдар үшін нарықтық баға белгілеулер немесе барлық пайдаланылатын деректері тікелей немесе жанама түрде бақыланатын бастапқы деректерге негізделетін өзге бағалау әдістері.
- 3-деңгей: қолжетімді емес деректер. Бұл санатқа бағалауы бақыланатын бастапқы деректерге негізделмеген ақпаратты пайдалану арқылы жүргізілетін құралдар кіреді, мұндай бақыланбайтын деректер құралды бағалауға елеулі әсер етеді. Бұл санатқа ұқсас құралдар үшін баға белгілеу негізінде бағаланатын, бірақ құралдар арасындағы айырмашылықты көрсету үшін елеулі бақыланбайтын түзетулерді немесе пайымдауларды қолдануды талап ететін құралдар да кіреді.

19 Қаржы активтері мен міндеттемелер: әділ құны және есептік жіктеу (жалғасы)

Банкте әділ құнды бағалауға қатысты бақылау жүйесі бар. Аталған жүйе фронт-кеңсе басшылығынан тәуелсіз және Банктің Директорлар кеңесіне есеп беретін тәуекел-менеджмент бөлімшесін қамтиды, ол сауда және инвестициялық операциялардың нәтижелерін, сондай-ақ барлық елеулі әділ құн бағалауларын тәуелсіз тексеру үшін жауапты. Арнайы бақылау тетіктеріне мыналар кіреді:

- бақыланатын баға белгілеулерді тексеру;
- бағалау модельдері бойынша қайта есептеу;
- тәуекел-менеджмент бөлімшесінің қатысуымен жаңа модельдерді және модельдерге енгізілетін өзгерістерді тексеру және мақұлдау үдерісі;
- бақыланатын нарықтық мәмілелерге қатысты модельді тоқсан сайын тексеру және бэк-тестілеу;
- бағалаулардағы елеулі күнделікті өзгерістерді талдау және зерделеу;
- алдыңғы аймен салыстырғанда 3-деңгейге жатқызылатын құралдардың әділ құнын бағалаудағы елеулі бақыланбайтын деректерді, бағалау түзетулерін және елеулі өзгерістерді Басқарма тарапынан тексеру.

Келесі кестелерде әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржылық құралдардың әділ құнына талдау 2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша әділ құн иерархиясының деңгейлері бөлінісінде келтірілген:

| <i>Мың қазақстандық теңгемен</i> | 2-деңгей | 3-деңгей | Әділ құны | Баланстық құны |
|---|----------------------|--------------------|----------------------|-----------------------|
| 2025 ж. | | | | |
| Қаржы активтері | | | | |
| Ақша қаражаттары және олардың баламалары, кассадағы қолма-қол ақшаны қоспағанда | 532,400,890 | - | 532,400,890 | 532,400,890 |
| Басқа банктердегі қаражаттар | - | 4,973,086 | 4,973,086 | 4,973,086 |
| Клиенттерге берілген несиелер | | | | |
| - қаржы ұйымдарына берілген | - | 95,443,934 | 95,443,934 | 95,483,444 |
| - шағын және орта бизнеске берілген | - | 12,260,495 | 12,260,495 | 12,320,933 |
| - жеке клиенттерге берілген | - | 15,091,473 | 15,091,473 | 15,766,492 |
| Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар | - | 48,719,526 | 48,719,526 | 50,650,637 |
| Өзге қаржылық активтер | 25,077 | - | 25,077 | 25,077 |
| | 532,425,967 | 176,488,514 | 708,914,481 | 711,620,559 |
| Қаржылық міндеттемелер | | | | |
| Банктердің шоттары мен депозиттері | (880,564) | - | (880,564) | (880,564) |
| Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері | (596,737,282) | - | (596,737,282) | (596,737,282) |
| Алынған қарыздар | (13,116,938) | - | (13,116,938) | (13,116,938) |
| Өзге қаржылық міндеттемелер | (753,432) | - | (753,432) | (753,432) |
| | (611,488,216) | - | (611,488,216) | (611,488,216) |

19 Қаржы активтері мен міндеттемелер: әділ құны және есептік жіктеу (жалғасы)

| <i>Мың қазақстандық теңгемен</i> | 2-деңгей | 3-деңгей | Әділ құны | Баланстық құны |
|---|----------------------|--------------------|----------------------|-----------------------|
| 2024 ж. | | | | |
| Қаржы активтері | | | | |
| Ақша қаражаттары және олардың баламалары, кассадағы қолма-қол ақшаны қоспағанда | 529,401,504 | - | 529,401,504 | 529,401,504 |
| Басқа банктердегі қаражаттар | - | 184,913 | 184,913 | 184,913 |
| Клиенттерге берілген несиелер: | | | | |
| - қаржы ұйымдарына берілген | - | 53,169,997 | 53,169,997 | 53,360,640 |
| - шағын және орта бизнеске берілген | - | 12,521,401 | 12,521,401 | 12,133,376 |
| - жеке клиенттерге берілген | - | 12,275,354 | 12,275,354 | 12,456,270 |
| Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар | - | 51,426,493 | 51,426,493 | 53,123,428 |
| Өзге қаржылық активтер | 486,529 | - | 486,529 | 486,529 |
| | 529,888,033 | 129,578,158 | 659,466,191 | 661,146,660 |
| Қаржылық міндеттемелер | | | | |
| Банктердің шоттары мен депозиттері | (506,316) | - | (506,316) | (506,316) |
| Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері | (566,385,686) | - | (566,385,686) | (566,385,686) |
| Алынған қарыздар | (14,058,073) | - | (14,058,073) | (14,058,073) |
| Өзге қаржылық міндеттемелер | (304,247) | - | (304,247) | (304,247) |
| | (581,254,322) | - | (581,254,322) | (581,254,322) |

1-деңгей: Кассадағы қолма-қол ақша 2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 379,471 мың теңгені және тиісінше 474,805 мың теңгені құрады.

Басшылық теңгемен корпоративтік және жеке клиенттерге берілген қарыздардың әділ құнын бағалау кезінде болашақ ақша ағындарын дисконттау үшін тиісінше 17.34% және 18.07% (2024 жылы: 16.01% және 17.64%) мөлшеріндегі дисконттау мөлшерлемелерін пайдаланды. АҚШ долларымен корпоративтік клиенттерге берілген қарыздардың әділ құнын бағалау кезінде болашақ ақша ағындарын дисконттау үшін 6.44% (2024 жылы: 6.13%) мөлшерлеме қолданылды.

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша клиенттерге берілген кредиттердің әділ құны олардың баланстық құнынан айтарлықтай айырмашылығы жоқ, себебі кредиттік портфельдің 76%-ын (2024 ж.: 78%) есепті кезең ішінде берілген қарыздар құрады. Банктің басшылығының пікірінше, тиісті құралдар бойынша қолданылған пайыздық мөлшерлемелер бағалау күніндегі ағымдағы нарықтық жағдайларды көрсетеді.

Банк алған қарыздардың баланстық құны есепті күнге олардың әділ құнының орынды жуықтауы болып табылады, өйткені мұндай қарыздар бойынша пайыздық мөлшерлемелер өзгермелі және ағымдағы нарықтық жағдайларға сәйкес тұрақты түрде қайта қаралады.

Амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын бағалы қағаздардың әділ құны есепті күнге Банктің иелігіндегі бағалы қағаздар санына көбейтілген, ашық қолжетімді нарықтық көздерден алынған қаржылық құралдардың құнын белгілеу бағалары негізінде айқындалады.

Қалған барлық қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер бойынша әділ құны олардың қысқа мерзімді сипатына байланысты шамамен баланстық құнына тең.

20 Есептік күннен кейінгі оқиғалар

Банкте қаржылық есептілікті бекіту күніне дейін орын алған, қаржылық есептілікке ескертпелерде түзетуді немесе ашып көрсетуді талап ететін өзге оқиғалар болған жоқ.

